Информатика және робот техникадан сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс деп мұғалімнің оқушылармен сабақтан басқа уақытта жүргізілетін жұмыстардың жүйесін айтамыз. Информатика және робот техникадан сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды екі түрге бөлуге болады: 1. Бағдарламадағы материалдарды толық түсінбеген оқушылармен жүргізілетін жұмыстар; 2. Информатика және робот техника бойынша шығармашылық-зерттеушілік және өнертапқыштық қабілеттері жоғары информатика және робот техника пәніне асқан қызығушылықпен қарайтын оқушылармен жүргізілетін жұмыстар. Бірінші бағыт әр түрлі себептермен білім деңгейі, біліктілігі төмендеген оқушылармен жүргізіледі. Мұндай жұмыстар білім деңгейлері бірдей болатын оқушыларды 10-15-тен топтастыра бөліп алып, сабақтан тыс уақытта қосымша дәріс беру арқылы жүргізіледі. Қалыс қалған оқушылармен дайындық, мүмкіндігінше жүйелі түрде (аптасына бір немесе екі рет) әр оқушыға нақты көмек ретінде болуы керек. Қайталау жасалғаннан соң, оқушылардың білім деңгейі дәрежесіне толық көз жеткізу үшін қорытынды бақылау жүргізіліп, әр тақырып бойынша баға қойылуы қажет. Пән мұғалімі әр тақырып бойынша оқушылардың қалыс қалу себептерін анықтап, жиі жіберетін қателіктерге талдау жасауы керек. Ал, екінші бағыт: а) оқушылардың информатика және робот техникаға қызығушылығы мен жасампаздығын арттыру; ә) бағдарламада қамтылған сұрақтарды тереңірек және кеңірек оқыту; б) оқушылардың информатика және робот техникаға қабілеттерін, іздену дағдыларын арттыру; в) информатика және робот техникалық ойлауын тереңдету; г) ғылыми-көпшілік әдебиеттерді өз бетімен пайдалана білуге үйрету; д) информатика және робот техниканы ғылым мен техникада, өмірде пайдалана білу т.б. мақсаттарға жетуін көздейді. Екінші бағыт бойынша сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың төмендегідей түрлерін атауға болады: 1) информатика және робот техникалық үйірме; 2) информатика және робот техникалық викториналар, конкурстар; 3) информатика және робот техникалық олимпиадалар; 4) информатика және робот техникалық кеш; 5) информатика және робот техникалық экскурсия; 6) информатика және робот техникалық әдебиеттер оқу; 7) информатика және робот техникалық рефераттар мен шығармалар жазу; 8) информатика және робот техникалық қабырға газеті.

Информатика және робот техникалық үйірме, әдетте оқу үлгерімі жақсы оқушыларды қамтиды. Нашар оқитын оқушылар қатысқысы келсе, оларға да үйірме есігі ашық болуы керек. Үйірмеге қатысатын оқушылар саны 10-15 болғаны қолайлы. Үйірменің алғашқы отырысында, оның төрағасы сайланып, үйірме мүшелерінің құқықтары мен міндеттері келісілуі керек. Үйірменің жарты жылдық немесе жылдық жоспары жасалынып, әрбір мүшесіне тапсырмалар бекітілуі керек. Үйірме отырысын ыңғайына қарай аптасына 1 сағаттан 1 рет немесе 1 айда 2 рет өткізуге болады. Үйірме отырыстары еркін пікір алмасу жағдайында, белсенді пікірталас түрінде өткізілгені өте тиімді. Үйірме сағатының тақырыптары (34 сағатты құрайды) сан алуан болып, әр түрлі сұрақтарды қамтуға болады. Біз мысал ретінде информатика және робот техниканы үйренуге арналған үйірме жұмысының бағдарламасын келтірдік:

	Жұмыстың мазмұны	**Орындалу мерзімі**	**Баяндамашылар**
	2	3	4

	Информатика және робот техника ғылымы мен мамандығы туралы әңгіме. Үйірме жұмысының жоспарын бекіту. Үйірме төрағасын тағайындау.	07.09.2024	Айқожаева Райхан
	Әлемдік дәрежедегі информатика және робот техника ғылымдарының даму бағыты. Жасанды интеллект негіздерін қолдану.	12.10.2024	Академик-ғалым, профессор, Нобель медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы
	...	15.11.2024	Айқожаева Райхан
	Үйірме жұмысын қорытындылау.	21.05.2025	Айқожаева Райхан

Үйірме жұмысының жетекшісі “информатика және робот техника” пәндерінің мұғалімі Айқожаева Райхан. Оқушыларға оқыған әдебиеттері бойынша баяндама, реферат жазу, кестелер, үлгілер жасауға үйрету, керекті әдебиеттерді таңдай білуге үйрету мұғалім қызметінің басты құралдары. Мектеп оқушыларын жиі жарияланатын “Информатика және робот техника үйірмесінің кітапханасы”, “Информатика және робот техникаға еңбегі сіңген ұлы ғалымдардың өмірі” сериялары ұтымды пайдалануға бағыттаған жөн. Сонымен қатар, “Информатика және робот техника в школе”, “ИФМ” журналдарын қарастырып, информатика және робот техникалық олимпиадалар, оқушылардың ғылыми жобалар байқауларына үздіксіз қатысып отыруы керек.

«С.Мұқанов» мектебімізде «Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының құрметті есімі» арнайы информатика кабинетіне берілген, 2012 ж.

«Информатика және робот техника» пәндерінен үйірме жұмысын жүргізу әдістемесі бойынша Отандық информатика және робот техника ғылымына еңбегі сіңген өнертапқыш-ғалымдар жайлы арнайы тақырып алып, баяндама мен эссе жаздырған жөн. Мәселен, «Ордабасылық академик-ғалым, өнертапқыш-профессор, информатика және робот техниканың жоғары білікті IT-маманы Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы жайлы» тақырыпта ғалымның өмірдеректерін интернеттен алып, слайд жасап, оқушыларға үлгі ретінде, «Ауылдан шыққан академик-ғалым Бүркіт Ә.Қ.» деп, «С.Мұқанов» мектебімізде академикке арнайы информатика кабинетіне ғалымның есімі құрметтеп аталған болатын деп, атап көрсетіп едәуір жұмыс жасауға болады.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Информатика және робот техника тарихы. Алматы, 2021.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Информатика және робот техника тарихын мектепте сыныптан тыс жұмыстарда оқыту әдістемесі. Алматы, 2024.

Султанбекова А.М
«Ж.Баласағұн» атындағы №6 мектебінің «Математика» пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласы,

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда сандық технология құралдарын қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін жасау бүгінгі күннің талабы. Компьютерлік техниканың дамыған құралдарымен байланыстың спутниктік каналдарын пайдаланып, видеосабақтар жүргізу қашықтықтан білім беру практикасында көптеп қолданылуда.

Abstract

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till the year 2025 is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies.

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған жаңа технологиялық құралдарын қолдану, біріншіден оқытушының жаңаша білім беруді жүргізушілік рөлін анықтап берсе, екінші жағынан оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігінің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда. Математика сабағында компьютерлік технологияны қолдану негізінде, оқу-білімнің нәтижесі зор екенін, жаңа ғасырда оқу-тәрбиенің маңызын жете түсіндіру қажет. Жалпы орта мектептің математика пәнін оқытуда сандық технология құралдарын қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін қарастырамыз.

Мәселен, Ара қашықтығы 15 км болатын А қаласынан В ауылына бір мезгілде екі жолаушы жолға шықты. Олар бір мезгілде В ауылына келулері керек еді. Екінші жолаушы бірінші жолаушыдан сағатына 1 км аз жүргендіктен жарты сағат кеш келді. Әрбір жолаушы қандай жылдамдықпен жүрген ?

Міне осындай мәселе есептің мазмұнын, компьютер экранында өтіп жатқан қозғалысты көргеннен кейін оқушыларға сұраққа жауап беру қиынға түспейді.

Мұғалім: Есептің шарты қандай? Онда нелер берілген? Есептің шартында қандай шамалар қатысқан ?

Оқушы: А қаласынан В ауылына дейінгі қашықтық 15 км екені берілген. Жолаушылардың жылдамдықтарының арасында және берілген ара қашықтықты жүріп өтуге кеткен уақыттардың арасындағы айырма берілген. Бұл есептің шартында ара қашықтық және уақыт шамалары берілген.

Мұғалім: Есепте нені табу керек ?

Оқушы: Есепте әрбір жолаушының жылдамдығын табуды сұрайды.

Мұғалім: Жолаушылардың жылдамдықтарын табу үшін қандай формулаларды қолданамыз ?

Оқушы: Бізге физика курсынан белгілі $S=v*t$, $v=S/t$ формулаларын қолданамыз.

Мұғалім: Есептің шартына қарай нені х арқылы белгілейміз.

Оқушы: А қаласынан В ауылына қарай шыққан бірінші жолаушының жылдамдығын $v_1=$ *х км/сағ* деп белгілейміз.

Мұғалім: Егер біз бірінші жолаушының жылдамдығын х десек, екінші жолаушының жылдамдығын осы белгісіз шама арқылы өрнектей аламыз ба ?

Оқушы: Ия, $v_2=(x-1)$ *км/сағ* екінші жолаушының жүрген жылдамдығы болады.

Мұғалім: А қаласынан В ауылына дейінгі қашықтықты бірінші жолаушы қанша уақытта жүріп өтеді ?

Оқушы: $\frac{15}{x}$ сағатта.

Мұғалім: Жолаушылардың 15 км ара қашықтықты жүріп өтуге кеткен уақыттары үшін қандай теңдеу құруға болады ?

Оқушы: $\frac{15}{x-1}-\frac{1}{2}=\frac{15}{x}$ теңдеуі арқылы.

Мұғалім: Бұл теңдеуді қалай шешеміз ?

Оқушы: Теңдеуді шешудің жалпы ережесі бойынша:

$30x-30=30x-x^2+x$, $x^2-x-30=0$, $x_{1,2}=\frac{1\pm 11}{2}$, $x_1=6$, $x_2=-5$.

Жауабы: v_1=6 км/сағ, v_2=5 км/сағ

Нәтижеде, бірінші жолаушының жылдамдығы 6 км/сағ, екінші жолаушының жылдамдығы v_2=5 км/сағ-қа тең екені шығады.

Эвристикалық әдісте мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне сай ізденіс жүргізуге тартатын сұрақтар жүйесін алдын-ала дайындап алады.

2-мысал. $|x^2-3x-1|=3$ теңдеуін шешуде эвристикалық әдісті қолданып көрейік.

Компьютер мен оқушы арасындағы әңгіме:

Компьютер: $|x^2-3x-1|=3$ теңдеуі қалай шешіледі ?

Оқушы: $|x^2-3x-1|=3$ теңдеуін шешу үшін, оны мына түрде $x^2-3x-1=3$ және $-x^2+3x+1=3$ жазып аламыз.

Компьютер: $x^2-3x-1=3$ және $-x^2+3x+1=3$ теңдеулерін қандай ережеге сүйеніп жаздыңыз ?

Оқушы: Егер бізге $|a|$ саны берілген болса, онда модульдің анықтамасы бойынша:

$$|a|=\begin{cases} a, егер a>0, \\ -a, егер a<0. \end{cases}$$

Компьютер: Дұрыс, онда шыққан теңдеулер қалай шешіледі ?

Оқушы: $x^2-3x-1=3$, $x^2-3x-1-3=0$, $x^2-3x-4=0$

Компьютер: $x^2-3x-4=0$ теңдеуін қандай формуланы пайдаланып шешеміз ?

Оқушы: $x^2-3x-4=0$ теңдеуі $x^2+px+q=0$ түріне келді, бұл келтірілген квадрат теңдеу.

Мұғалім: Кім жауап береді, $x^2+px+q=0$ теңдеуінің жалпы шешімі қандай формуламен анықталады ?

Оқушы: $x^2+px+q=0$ теңдеуінің шешімі $x_{1,2}=\frac{3\pm5}{2}$, $x_1=-1$, $x_2=4$.

Компьютер: $-x^2+3x+1=3$ теңдеуі қалай шешіледі ?

Оқушы: $-x^2+3x+1-3=0$

Компьютер: Ары қарай қалай жүреді ?

Оқушы: Ұқсас мүшелерін біріктіреміз: $-x^2+3x-2=0$.

Компьютер: Белгісіз x-тің алдында тұрған минус таңбасын, оң таңбаға айналдыру үшін не істейміз ?

Оқушы: Теңдіктің екі жағын да бірдей (-1)-ге көбейтеміз. Сонда:

$-x^2+3x-2=0$ (-1), $x^2-3x+2=0$.

Бұл теңдеу де жоғарыдағы тәсілмен шешіледі:

$x_{3,4}=\frac{3\pm1}{2}$, $x_3=1$, $x_4=2$. Жауабы: $x_1=-1$, $x_2=4$, $x_3=1$, $x_4=2$.

Келесі мысал: Математикада компьютерді қолдану әдістемесі.

Бұл жайлы академик-ғалым, профессор, әдіскер-математик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының ғылыми-әдістемелік еңбектерінде терең зерттелген.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Математикада компьютерді қолдану әдістемесі. Алматы, 2021.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Математикада сандық технологияны қолдану. Алматы, 2022.

3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Математикада ақпараттық технологияны қолдану әдістемесі. Алматы, 2023.

4.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім беруді цифрландыру. Алматы, 2024.

Карабаева А.У
«Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі» МКҚК-нің «Химия және биология» пәндерінің оқытушысы, Шымкент қаласы,

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Биологияны оқытуда ақпараттық компьютерлік техниканың заманауи мүмкіндіктерін пайдаланып, видеобайланысқа түсуге, жасанды интеллект негіздерін тиімді қолданып, биология сабағын өте қызықты, әрі сапалы етіп өткізуімізге қолымыз жетіп отыр. Биология пәнін жасанды интеллект қолдану арқылы оқытудың жаңа технологиясы мен әдістері, суреттер мен фотосуреттер мен анимациялық материалдардың берілуін іске асырады. Биологияны оқытуда жасанды интеллект негіздерін қолдану - білімнің мәнін, мазмұнын ашып, студнттердің өздігінен білім алу белсенділігін дамытып, ынтымақтастықта жұмыс істетуге мүмкіндіктер келтіруде.

Abstract

Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies. Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching.

Биологияны оқыту үдерісінде жасанды интеллект, мультимедия, интерактивті тақта, ақпараттық жүйелер, гипертехнология, нанотехнология сияқты заманауи технологияларды қолданып оқыту жаңа инновациялық принциптерді іске асыру жолдары болып есептеледі. Биологияны оқыту үдерісінде жасанды интеллект негіздері мен нейрожелілерді қолдану негізінде "Интербелсенді байланыс" – қолданушының бағдарламамен диалогты қарым-қатынас жасауы, ақпарат алмасудың жоғары деңгейлі әдісі болып отыр. Интербелсенді байланыс дегеніміз – биологияны оқытуда тиісті әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы субъектілердің бір-бірімен ақпарат алмасуы. Яғни, субъектілердің ақпарат алмасуы, байланыс барысын басқару және т.б. міндеттерді атқаратын ақпарат алмасу ортасы. Субъектілердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуіне арналған телекоммуникациялық орта–интерактивті орта болып табылады. Интерактивтілік, коммуникациялық жүйелерге сүйеніп оқылатын бағдарламалардың тиімділігіне баға беретін көрсеткіш болып табылады.

Қазақстандық ғалымдарымыз: академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Тағаев Нұрлыбек Сайдуллаұлы, академик Нысанов Ерназар Айдарұлы және т.б. ғылыми-зерттеу еңбектерінде биологияны оқытуда жасанды интеллект негіздерін қолдану әдістемесі, сандық технология құралдарын тиімді қолдану, электронды оқулықтармен жұмыс мәселелері терең зерттеліп, тұлғаға бағытталған автоматтандырылған кешен студент-мидлфейс-компьютер жүйесі ұсынылған. Бұл жүйе оқытушы (мидлфейс) байланыстырушы болып, колледжде студенттердің білім алуын үзіксіз бақылап-басқаруға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаға бағытталған компьютерлік электронды оқулықтар кешені екендігі айқын. Биологияны оқытуда жасанды интеллект қолдану ұтымдылығы көбінесе мультимедиялық өнімдерді дайындау сапасы мен қолдану үдерісіне байланысты (оқыту бағдарламалары, бақылау-тестік бағдарламалар, компьютерлік фильмдер, электрондық кітаптар, мультимедиялық энциклопедиялар және т.б.). Олардың сапалылығы мен қолайлылығы мәтіндік, сызбалық, аудио, видео ақпараттардың, анимацияның және т.б. мультимедиялық мүмкіндіктердің бірігуі болып табылады. Яғни, компьютердің мультимедиялық мүмкіндігі пайдаланушымен диалог құрушыға айналдырып қана қоймай, биолог-ғалымдар мен педагогтардың дәрістеріне қатысуына, студенттердің білімін дамытуына қолайлы жағдай туғызады.

Жасанды интеллект пен мультимедия – дыбысты, бейнелердің қозғалыстағы және қозғалыссыз жағдайларын біріктіріп көрсетуге мүмкіндік беретін компьютерлік технология. Ақпаратты кешенді түрде бейнелеп шығарады, яғни қажет болатын түрлі көрнекілік құралдардың орнын толықтыра алады. Сондай-

ақ, биология сабағында жасанды интеллект пен мультимедиямен жұмыс істеген студенттер өздері игеріп жатқан пәннің құпияларына терең бойлап, мазмұнын жылдам, жақсы түсіне алады.

Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы - зерттеуші ғалымның пікіріне сүйенсек, жасанды интеллект пен мультимедия технологиясымен оқыту арқылы студенттердің шығармашылықпен, сондай-ақ, зерттеушілікпен, ыждаһаттылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп, биология пәніне қызығушылығы мен белсенділігін дамытуға болады. Демек, жасанды интеллект пен мультимедия оқыту үдерісіндегі ең тиімді оқыту әдісі бола алатыны анық.

Демек, биологияда жасанды интеллект пен компьютерік техниканың оқу үдерісінде қолданылып жатқан мультимедиялық, аудио, видео мүмкіндіктері, бұрынғы телекоммуникациялық байланыс құралдарының заманауи дамыған түрі, оның оқу үдерісін жетілдірудегі маңызы жоғары екені анық.

Биология сабағында оқытудың виртуальдық әдісімен оқу сабақтарын құрастырып, студенттердің ақпараттық құзіреттілігі мен шығармашылық белсенділігін дамытуға болады. Ауқымды желіні пайдаланып, білім беру – оқытудың виртуальдық тәсілі болып табылады.

Колледжде биологияны оқытуда студенттердің ақпараттық құзіреттілігін және шығармашылық-зерттеушілік белсенділігін дамыту мақсатында олардың теориялық және практикалық білімін жетілдіруге арналған, компьютерлік бағдарламалар мен технологиялардың көмегімен арнайы курс ретінде «Жасанды интеллект пен бионика (биология және техника)» деген атпен оқу-практикалық зертханалар ашып жұмыс істеуге болады. Ол дарынды студенттерге өз білімін бақылауға, жетілдіруге, зертханалық жұмыстарды орындауға кететін уақытты компьютердің көмегімен үнемдеуіне мүмкіндік беріп қана қоймай пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін дамытады. Себебі, бұл оқу-практикалық зертханалар, дәстүрлі оқытудағы зертханалық және практикалық сабақтардың «қайсысын жүргізуге болады» деген таңдауды жойып, студенттердің табиғи жағдайдағыдай білім алуына бірден-бір көмектесетін, адам мен қоршаған табиғатқа зияны жоқ зертхана бола алады. Сондай-ақ, ол зертхана студенттердің сапалы білім алу кезінде басқалардан кеңес алуға, FTP-сервер арқылы интернеттен материал іздеуіне, желідегі электрондық поштаны пайдалану шеберлігінің арта түсуіне оң әсерін береді. Электрондық поштамен жүгізілген семинар сабағы, семинарға қатысушылардың сөзі, тақырып сұрақтарын талқылау, оқытушының қорытынды сөзі және т.б. жасанды интеллект көмегімен жинақы түрде жүгізіледі. Электрондық дәрісті жүргізу кезінде, жасанды интеллект арқылы білім беру технологиясымен оқытылатын электрондық пошта арқылы сабаққа тиісті барлық материалдар мен әдебиеттері электронды түрде жазылып жіберіледі. Биологияны жасанды интеллектпен оқытуды жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешудің айқындалған жолдарының бірі – компьютерлік желілерді пайдалану. Ауқымды желі әлемдік компьютерлік жүйемен өзара байланысып, кез-келген тақырыптағы ақпаратты лезде тауып береді. Бір жағынан жылдам іздеуші болса, екіншіден электронды энциклопедия. Оның кәдімгі энциклопедиядан айырмашылығы, мұнда ақпараттар легі толықтырылып және жаңарып тұрады. Дүние жүзілік компьютерлік желінің көмегімен дарынды студенттер аз уақыт ішінде көп ақпарат жинап, игеруіне толық мүмкіндік бар болады. Яғни, студенттердің қажетті тақырыбын әбден меңгеріп алғанынша оқуына мүмкіндігі бар, уақыты жеткілікті болады. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы: «Биологияны жасанды интеллектпен оқытуды дамытудың білім беру саласына тигізер пайдасы мол». Биологияны оқыту үдерісіне мультимедия құралдарын енгізу тың мүмкіншіліктер туғызып, жалпы орта мектеп оқушыларына сапалы білім алуын, олардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Мәселен, Flash, Power-Point сияқты бағдарламалармен жұмыс істеген оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін дамытуға болады, олармен түрлі жарнамалық, мультфильмдік бағдарламалар дайындап, қосымша материалдар үшін арнайы сайттармен интернетке сілтеме істейді.

Осындай жаңашыл шығармашылық жобаларды дайындау мәселелері, студенттердің арасында да көптеп жүргізілуде, оларды жалпы кез-келген пәнді оқытуда пайдаланудың да едәуір маңызы зор.

Әдебиеттер

1.Исаева А.Ө. Биологияны компьютерлік оқыту әдістемесі. Алматы, 2023. – №10. – Б.102.

2.Академик, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Биологияны оқытуда жасанды интеллект қолдану әдістемесі. Астана. 2023.

3. Академик, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Биологиялық білім беруде компьютерді қолдану әдістемесі. Алматы. 2024.

4.Академик, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Биологияны оқытуда интернетті қолдану әдістемесі. Астана. 2023.

5. Академик, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Биологияны оқытуда оқу-құрал жабдықтарды кешендік қолдану әдістемесі. Алматы. 2024.

Кадырбаева Ж.К
«Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі» МКҚК-нің «Математика және информатика» пәндерінің оқытушысы, Шымкент қаласы,

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда сандық технология құралдарын қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін жасау бүгінгі күннің талабы. Компьютерлік техниканың дамыған құралдарымен байланыстың спутниктік каналдарын пайдаланып, видеосабақтар жүргізу қашықтықтан білім беру практикасында көптеп қолдану жайлы академик-ғалым, профессор, математика және информатика пәндерінің әдіскері Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының ғылыми-әдістемелік еңбектерінде терең зерттелген.

Abstract

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies. Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

«Білім туралы» заңында: «Қазіргі колледждердің практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын студенттерді тәрбиелеу, білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін колледждің педагогикалық ұжымдары, әр оқытушы күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», – деп атап көрсетілуі мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне жаңа бағыт сілтейді. Отандық педагогтар білім студенттердің шығармашылық потенциалына қаншалықты әсер ететіні туралы мәселелерді бірнеше рет көтерді. Академик-ғалым, профессор, математика және информатика пәндерінің әдіскері Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Я.Зеленкевичтің, В.В.Розановтың жұмыстарында математика мен информатиканы оқытуды даралау мен дифференциациялау қағидаларының негізінде білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру керектігін айтып өткен. Ал, біз ұсынып отырған жаңа технологияның мақсаты: – инновациялық жүйе негізінде колледжстуденттерін өзін-өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылық-зерттеушілік қабілеттері мен олардың белсенділігін дамыту;

– математика және информатика пәндерін кіріктіріп оқыту арқылы компьютерлік технологияның жоғары мүмкіндіктерін колледж студенттерінің шығармашылық-зерттеушілік қабілеттері мен белсенділігін дамытуда пайдалану;

– бүгінгі қоғамның ең қажетті компоненті – кәсіби маманданған, компьютерлік технологиямен қажетті деңгейде жұмыс істей алатын, ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, жан-жақты дамыған жеке тұлға дайындау.

Сондықтан, ***шығармашылық белсенділікті дамыту*** – студенттерге білімді құндылық бағдары ретінде игертумен, олардың ізденімпаздығы мен зерттеушілігін, білімін жаңа жағдайда шығармашылықпен пайдаланатын жеке тұлғаны дамытатын педагогикалық үрдіс.

Студенттердің математика мен информатика сабақтарында шығармашылық жұмыстарды орындауы, одан зерттеушілікті, ізденімпаздықты талап ететіндіктен, оны төмендегідей кезеңдермен орындағаны дұрыс: – жұмыстың мақсатын айқындап, міндеттерін белгілеу; – жұмыстың жоспарын құрып, орындау жолдарын қарастыру; – жұмысты шығармашылықпен істеуге әрекет ету.

Бүгінгі күні колледжде білім беру жаңа сандық технологиялармен оқытатындықтан, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңаша үдерістері туғызған реформалар, басты назар аударуды қажет етіп отыр. Сондықтан, білімге қойылатын талаптар да, мазмұны да өзгереді. Осыған байланысты, білім беру ісінің бағыты, педагогикалық технологияларды талдауға, электрондық оқулықтарды математика мен информатика

сабақтарында тиімді әрі орнымен пайдалануға, заманауи компьютерлік технологияларды студенттердің өздігінен білімін, біліктерін жетілдіруде қолдануға бағыттауы керек. Яғни, білім беру саласы жаңа қарумен қаруланып, компьютерлік және ғарыштық байланыс құралдарын пайдалануы бүгінгі күн талабы.

Зерттеушілік білік пен дағды бүгін ғылыми жұмыспен байланысты адамдарға ғана қажет емес, әрбір адамға оның қызмет аясында да қажет. Шығармашылық зерттеу ізденісі бүгінде кез-келген мамандықтың ажырамас бөлігіне айналуда. Ғылыми әдебиеттерде студенттің шығармашылық-зерттеушілік қызметіне байланысты түрлі терминдер кездеседі: ғылыми-зерттеу жұмысы, зерттеулік оқыту және т.б. «Зерттеу» ұғымына энциклопедияда «жаңа ілімді шығаратын үрдіс және танымдық қызметтің бір түрі болып табылады» деп анықтама берілген.

Зерттеу әдісінің дарынды студенттерді оқытудағы қажеттілігі олардың табиғи әр нәрсені білуге ұмтылуымен, қоршаған ортаны түсінуге қызығушылығымен түсіндіріледі. Студенттердің жеке зерттеулері олардың өздерінің жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруларынан туындайды. Сонымен бірге зерттеу жеке, шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді, ойлау және зерттеушілік дағдыларын дамытады. Өздерінің жеке зерттеулері арқылы олар қоршаған әлемді таниды, өздері үшін жаңа білім ашады, яғни оны «дайын» күйінде алмайды.

Зерттеу әдісінің тамыры тым тереңге кетеді. Тарихи деректерге қарасақ, зерттеу әдісінің негізін Сократ қалаған (тіпті бұл әдіс «Сократтық әңгіме» деп аталады). Ежелгі дәуірде пайда болған аналогиялық әдіс – эвристикалық әңгіме (аңызға қарағанда Архимед есімімен байланысты, шешуі қиын есепті шешкен ғалым «Эврика» деп айғайлап жіберген), қазіргі кең тараған эвристика терминін (жаңалық ашуға байланысты) чех философы әрі математигі Бернард Больцано ұсынған.

Осыған байланысты Аристотельдің «Таң қалу арқылы адамдар философияға жақындай бастайды, олар алдындағы қиын мәселені шеше келе одан әрі, одан да қиындықтар мен қызықтарға куә болады», деген сөзі бар. Демек, қызығушылық зерттеу әрекетінің қозғаушы күші.

Зерттеу әдісі – оқытудың негізі, себебі бұл әдіссіз студенттердің қабілеттерін ашу мүмкін емес. Олардың зерттеушілік қызметтерін әртүрлі формалар мен әдістер, арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асыруға болады. Колледж студенттерінің шығармашылық-зерттеушілік қабілеттері мен белсенділігін дамытуда *зерттеу әдісінің* орны ерекше. Оқыту үдерісіндегі формализмді мүмкіндігінше кемітіп, білім беруді өмірмен байланыстыру мақсатында зерттеу әдісі көптеп қолданылып келеді. Зерттеу әдісінің қолданыс аясы мен функцияларын нақтыласақ: ізденістің ғылыми әдістерін табу мен қолдануды жүзеге асырады; шығармашылық іс-әрекеттің дамуына, ашылуына көмектеседі; шығармашылық белсенділікті дамытудың негізі қызығушылық пен қажеттілікті қалыптастыруда көрініс табатын мотивациялық дәйектемелер аясында жарыққа шығады.

Колледжде студенттер математика мен информатика пәндері бойынша зерттеу тапсырмаларын орындау барысында, зерттеу әдістерін толық қолданады. Бұл үдеріс, шығармашылық белсенділікке қажеттілікті оятады: *Зерттеу тапсырмасына байланысты мәселелерді анықтау. *Зерттеулердегі проблема үшін болжам жасау. *Зерттеу жоспарын құру. *Зерттеу тапсырмасының жоспарын құру. *Жоспар бойынша зерттелген нәтижелерге түсініктеме. *Нәтижені тексеру. *Нәтижелі жұмыс бойынша білімдерді қолдану маңыздылығына қорытындылар шығару және т.с.с.

Зерттеу тапсырмаларын құрастырғанда, олардың өмірмен байланыстылығын, студенттерге сабақтарымызда белгілі - бір тәжірибені үйретуге, меңгертуге қажеттілігін ұмытпауымыз керек. Сондай-ақ, зерттеу тапсырмаларының мазмұндық деңгейі оқушылардың білім деңгейіне сай болып, бағдарламалар аясынан ауытқымауы керек. Зерттеу жұмыстарының саны мен көлемінен бұрын сапасына көбірек назар аудару басты қажеттілік болуы тиіс. Зерттеу әдісін ғылымда шешілген, бірақ олар үшін жаңалық болатын мәселелерді шешудегі ізденіс, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі деп атауымызға да болады. Оқытушы студенттерге сабақта зерттеуге берген жұмысының зерттелу барысын, шығармашылық іс-әрекетін және нәтижесін алдын-ала біліп отырады. Зерттеу жұмысының сапалық маңызы: шындықтың тікелей бейнесі мен шығармашылық жұмыстардың бастапқы нұсқаларының көрініс табуы.

Тарихи тұрғыдан белгілі болғандай, компьютерлік технология бірінші болып, жаратылыстану ғылымдары саласында қолданылып, оның нәтижелерін, табыстарын бүгінгі өмір көрсетіп отыр.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Математика және информатиканы оқытуда компьютерді қолдану әдістемесі. Алматы, 2021.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Математика және информатиканы оқытуда сандық технологияны қолдану. Алматы, 2022.

Шорабекқызы Ажар
«Sea bilim » жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Бастауыш білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Abstract

Education – a complex pedagogical process, joint activity of learners and trained, teacher and pupil. Education must be not reduced to conveying and acquiring formulated the rules, formula, theorems.This is active creative searching from the direction of teacher and from the direction of pupil. The task of the teacher consists in that in the process of conveying of the knowledge to teach the pupil to active forms of the teaching, leading to independent gaining the knowledge. The task of the pupil - master knowledge system, to solve independently creative tasks. The scientific problem and accessibility, consciousnesses and activities puts before teacher question about finding active methods of the shaping and organizations to scholastic cognitive activity in practice. One of the ways of the decision of this problem – do demonstrative teaching.

Бастауышта оқытуда жаңаша әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі оқыту үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіруді талап етіп отыр. Сондықтан, жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани дүниесінің молаюына, іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білу белсенділігін дамыту арқылы интеллектуалдық мүмкіндігінің жоғарылауына толыққанды жағдай жасау мақсатында дәстүрлі білім беруді әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларымен толықтыра отырып, оқыту үдерісін жетілдіруге міндеттіміз.

Сондықтан, бастауыш білім беру жүйесіндегі тәжірибелер мен инновациялық және педагогикалық технологиялар арқылы бастауыш сыныпта берілетін білім мазмұнын жаңартып, оқытуды белсендірудің заманауи ақпараттық технологиясы мен дидактиканың әртүрлі тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы дарынды оқушының оқу белсенділігі мен ізденімпаздығын, шығармашылық белсенділігін дамыту маңызды міндет, ғылыми проблема болып, көкейкесті мәселе күйінде қалып отыр. Яғни, дарынды оқушыны даяр білімді қабылдаушы объект емес, білімді өз бетімен ізденуші субъект ретіне тәрбиелеу қажеттігі артуда.

Бастауыш сынып оқушыларының сапалы білім алуындағы шығармашылық белсенділігін дамытудың аса маңызды орын алатындығын іргелі психологиялық-педагогикалық зерттеулерге талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады.

Педагогикалық және әдістемелік тұрғысынан оқушылардың танымдық және шығармашылық әрекетін белсендіру жөніндегі мәселелер А.Айтмухамбетов, және басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Елімізде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелеріне байланысты зерттеулердің мынадай бағыттары дамып келеді: жеке тұлғаға бағытталған білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялармен оқыту жайлы академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы, Е.Омар, М.Н.Сарыбеков және т.б. айналысқан.

Танымдық және шығармашылық белсенділіктің психологиялық ерекшіліктерін Ж.Б.Қоянбаев, академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Қ.Б.Жарықбаев, С.Бап-Баба және т.с.с. әдіскер-ғалымдардың терең зерттеулерінде анықтап, білім беру ісін дамытуда оның қажеттілігін дәлелдеген.

Оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыру, өз бетімен білім алуы, өзіндік жұмысы, проблемалық оқыту, оны ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмыстарын жүргізген отандық ғалымдарымыз: Ж.А.Қараев, Т.С.Сабыров, Н.Д.Хмель, академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы, М.Ә.Құдайқұлов, Б.Н.Қадірова және басқалар.

Ақпараттық технологиялар талабы тұрғысында анықталған ғылыми зерттеулер оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудың психологиялық-педагогикалық негізі әлі де болса зерттеуді қажет ететінін яғни, ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында мынадай міндеттерді жүзеге асыруды талап етуде: компьютерлік технологияны, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту және білім сапасын көтеру.

Адамды өмірде кең, әмбебап үрдіс қана нәтижеге жеткізеді. Бейімделе алмау кез-келген болжамдық ізденістегі мақсаттардың шектелуінен және шектеуден, қорытынды жасау, болжамдық ізденіс жасаудан көрінеді. Осыған байланысты кейбір адамдардың бейімделу белсенділігі басым, ал кейбіреулер шығармашылыққа бейім? – деген сұрақты қою заңды болар еді.

Білім берудің компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамды бөлігі болғандықтан, ол белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үдерісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Сондықтан, бүгінгі таңда шығармашылық белсенділікті компьютерлік технологияны пайдалану арқылы дамыту педагогика ғылымы мен практикасының жаңа, болашағы мол бағыты болары анық. Оқытуда компьютерлік технологияны қолдану өз бетімен іздену негізінде шығармашылық типтегі іскерлікті қалыптастырады. Оқыту үдерісінде компьютерлік технологияны пайдаланудың негізгі мәселелері Ж.А.Қараев, Е.Ы.Бидайбеков, К.М.Беркімбаев, академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы, А.Әмірбекұлы, Г.И.Дацюк және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Бүгінгі білім беру жүйесінің даму кезеңінде бұл мәселе көкейкесті болып келеді. Осы жағдайды ескеріп, педагогика-психологияда жүргізілген зерттеулерге сүйеніп, оның тиімді нәтижелерін мектептердінің оқу үдерісіне енгізу, шығармашылық сипат беру ойластырылды.

Бұл мәселе жөнінде ғылыми материалдарға жүргізілген теориялық талдауларымыз оқушы шығармашылығын дамытудың жекелеген пәндер бойынша теориялық тұрғыда толық негізделмегенін, яғни, оқушы шығармашылығын дамыту жүйесінің анықталмағанын көрсетті.

Шығармашылық әлеует пен танымдық белсенділік дарындылықтың дамуының негізі. Дарындылықтың құрылымдық компоненттері мынадай қабілеттер жиынтығы:

– танымдық және шығармашылық мотивацияның үстем болуы;
– танымдық және шығармашылық белсенділіктің жоғары болуы;
– ой дербестігіне иелік;
– шығармашылық таным мен зерттеу жұмыстарына ұмтылыстың болуы;
– болжай білу мен алдын-ала сезу, білу мүмкіндігі;
– қызығушылықпен бастаған ісіне саналылық пен жауапкершілігі басым;
– жоғары эстетикалық өнегелік және интеллектуалдық бағасы бар және т.б.

Оқушылардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімнің теориялық сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігіне байланысты. Оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер, мұғалім мен оқушы арасындағы жылы қарым-қатынас оқушылардың шығармашылық белсенділігінің артуына үлкен септігін тигізеді.

Белгілі академик-ғалым Бүркіт ӘуесханҚантөреұлы: «Табиғи шығармашылыққа қабілеттілікті арттыру қажет. Өйткені адам баласы шығармашылықпен айналысу үшін жаратылған» – деп, ой түйіндейді.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуға бағытталған педагогикалық қарым-қатынас стилі дұрыс жолға қойылған жағдайда комплексті міндеттерін шешуге мүмкіндік туады, аудиториямен қарым-қатынас жеңілдеп, әрі тиімді болады, ақпарат беру оңтайлы болып, әр оқушының белсенділігін дамытуға мүмкіндік арта түседі.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2024.
3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.
4.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Шығармашылықты арттыру. Алматы, 2024.

Сертаева Перизат
«Sea bilim » мектебі, жаратылыстану сынып мұғалімі, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РОЛІН АЙҚЫНДАУ

Аннотация

Мектептерде жаратылыстану пәніне қызығушылық – оқу жұмысының табысты өтуін қамтамасыз ететін эмоциялық іс-әрекеті. Дәл осы себептен оқу әрекетін ұйымдастырудың тәсілі ретінде оқыту әдістері оқушылардың танымдық және шығармашылық қызығушылықтарын арттырып отыру керек. Оқушылардың оқу пәніне қызығушылығы оның шығармашылық белсенділігінің алғы шарты ретінде қарастырылады. Сонымен, аталған мәселелерді жүзеге асырудың тиімді әдістерінің бірі – оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру. Оқушының өзіндік жұмысы – жеке тұлғаның белсенділігінің маңызды көрсеткіші. Оқу үдерісінде оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудың негізгі құралы өзіндік жұмыс және ол олардың шығармашылық іс-әрекетін жандандыруда ерекше орын алады.

Abstract

With beginning of the industrial manufacture of computers of the first generations and their appearance in educational institutions appeared the new direction in pedagogy - computer technologies of the education. The First training system "Plato" on the base of powerful Company "Control Data Corporation" was designed in developed during. Properly mass creation and use of training programs became from the beginning, when it was appeared, and have got broad spreading of personal computers. Thereafter educational using of were brought in number of their main using alongside with processing text and graphs, having forced back on the second stage.

Мектепте жаратылыстану пәнінде оқушылардың шығармашылық белсенділігінің даму деңгейі мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне тікелей байланысты. Толығырақ айтқанда, мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқыту үдерісіндегі мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгілікті қарым-қатынас пен оңтайлы әдіс-тәсілдері қолданып оқыту оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың негізі болып табылады.

Мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуда, субъект ретіндегі білім игеру қызметін дұрыс анықтаудың мәні үлкен. Осыған орай, оқушылардың қабылдауы, зейіні, ойлауы, ой қорыту әрекеттері мен шығармашылық белсенділігінің байланысын білу керек. Себебі, шығармашылық іс-әрекеттің өзі оқу материалын қабылдау, меңгеру және оны талдаудан басталады.

Жаратылыстану пәнін оқыту үрдісінде өзіндік жұмысты оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытатындай етіп ұйымдастыру үшін төмендегідей талаптар қойылады:

– оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстарды көбейту;

– оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануына бағыт-бағдар беру;

– оқыту пәндерінен шығармашылық белсенділікті дамытатын мазмұнды-операциялық білім беруді енгізу;

– мұғалімнің бақылаушы, бағалау-реттеуші қызметіне компьютерлік технологияның заманауи мүмкіндіктерін байланыстыру.

Шығармашылық белсенділік оқушылардың іс-әрекетінің сапасы ретінде, белсенді ізденіп жұмыс істейтін жаңашыл жеке тұлғаны қалыптастырады.

Шығармашылық іс-әрекет нәтижелері дарынды оқушының белсенділігінің, ізденімпаздығының, біліктілігінің жетілуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына, яғни, психологиялық оқу әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және оның мазмұны мен формасына қарай көзқарастары қалыптасып, жетілетіндігі анықталды.

Сондықтан, шығармашылық белсенділікті дамыту – оқушыларға білімді құндылық бағдары ретінде игертумен, олардың ізденімпаздығы мен зерттеушілігін, білімін жаңа жағдайда шығармашылықпен пайдаланатын жеке тұлғаны дамытатын педагогикалық үрдіс.

Мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту технологиясы төмендегідей қызметтер негізінде жүзеге асады:

– жоспарлау қызметі оқыту үдерісіндегі шығармашылық іс-әрекеттің көлемін, мақсат-міндеттерін, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын, нақты бағыттарын және түрлерін анықтаумен;

– ұйымдастыру қызметі ұтымды іс-әрекеттер көмегімен кім, қашан, қалай, қандай әдіс-тәсілдерді қолданып білім берді деген сұрақтарға жауап алумен және оларды іс-жүзінде қолданумен;
– бақылау қызметі мұғалімдер мен ата-аналар, тәрбиешілер ұжымына мақсатқа жетуге, бақылауға жағдай жасауды түсіндіреді.
Дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда білім берудің ең бір тиімді әдістерінің бірі – вариативтік әдіс болып табылады. Бұл әдіс барлық білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымына білім берудің кез-келген әдіс-тәсілін өз қалауларынша таңдап, ғылымда дәлелденіп, қолданыс тапқан авторлардың еңбектерін пайдалануына мүмкіндік береді. Академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Ш.А.Амонашвили, Е.Н.Ильин, Б.П.Никитин, С.Н.Лысенкова, В.П.Шаталов және т.б. әдіскер-ғалымдардың ғылыми-әдістемелік, жаратылыстану пәнін оқытуға арналған еңбектерін жатқызуға болады.
Мәселен, үйірме т.б. сабақтарды инновациялық технологиясын құрып өтуге болады: Бұл жерде үйірме сабақтар-білімді тәжірибемен ұштастыратын бірден-бір білім көзі. Сыныптан тыс атқарылатын жұмыстар мектептің алдына қойылған үш мақсатының негізгі құралы. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылар арасында коллективизмнің, жолдастықтың өзара көмектің жібін жалғай отырып, олардың мінез-құлықтарына да әсерін тигізеді. Тіпті жақсы түсініп ізденгені, оның приборды өзі жасағаны, мұндайды әр уақытта қарап отыру керек». Тақырыптың иновациясының технологиясының алуан түрлілігі оның дүниетанымдық және практикалық маңызы оқушының пәнге ынтасын арттырары анық. Сондықтан, қызықты әдіс-тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, дарынды оқушылардың сана-сезіміне пәннің қажеттілігін ұялата білсек, соның әсерінен дарынды оқушылар өзі ізденіп, өмірге енгізе білсе, олардың қоғамдағы бетке ұстар дарынды азаматтар болары даусыз.
Өзіндік жұмыс индивидуальды түрде жүргізіледі, сондықтан да оның мағынасы, көлемі, өнімділігі әр сынып оқушылары үшін бірдей емес. Кей жағдайларда оқушылардың қабілетіне, оның дайындық дәрежесіне қарай өз бетімен білім алу, өзіндік және шығармашылық жұмыс басты болып табылады. Мұғалім сабақ кезінде оқушыларды іс-әрекетке бағыттап, дайындауы керек. Мәселен, толқындық оптиканың әр тарауын өткен кезде, олардың алған білімдерінің дәрежесін көтеру және бекіту үшін оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру маңызы өте зор.
Жаратылыстану пәнін оқыту әдісінде оқушыны оқып білім алуға ынталандырып, көтермелеп отыруға, яғни қызығушылығын туғызуы, бекітуі, күшейтуі және дамытуы керек. Бойында айқын көріністі доминантасымен сипатталған кең ауқымды шығармашылық қызығушылығы бар оқушылар әр түрлі сабақтарда ынталылық танытып, қуана жұмыс істейді, жоғары шығармашылық белсенділік көрсетіп, білімдерін толықтыруға, яғни қосымша білім іздеуге ұмтылады.
Өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы, оқыту әдісі ғана емес, ол оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке тарту, қызықтыру құралы деп есептеуге болады. Оқушыларда шығармашылық белсенділікті дамыту өз бетімен жұмыс істеу жүйесін қолданған кезде іске асады деп санаймыз.
Өз бетімен жұмыс істеу жүйесін құру кезінде оқу үдерісінің барлық кезінде қол жетерлік, жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, шығармашылық, белсенділік ұстанымдарын басшылыққа алу керек. Сонымен бірге, өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы, оқыту әдісі ғана емес, ол оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке тарту, қызықтыру құралы деп есептеген. Сондықтан, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін, олардың шығармашылық белсенділігін арттырудың ең тиімді жолы деуімізге болады. Шығармашылық белсенділікті арттырудағы өз бетімен жұмыс істеудің ерекшеліктері оқушының оны орындауға арналған дайындық деңгейіне байланысты болады. Оқушының өз бетімен есепті шығару деңгейін бағалау үшін біз зерттеу жұмысын жүргіздік. Біздің зерттеудің нәтижесі қазіргі білім беру жүйесіндегі оқушылардың білім, білік және дағдыларында кездесетін негізгі кемшіліктер мектептердегі білім беру, олардың өзіндік жұмыс жасау біліктерінің төмендігінен деген қорытынды жасауға тіреп отыр. Осы деректерді көре отырып, біз мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігінің даму деңгейінің төмен екенін байқадық. Бұлай деуге негіз, теориялық тұрғыдан алғанда оқу үдерісін дамытатын кез-келген мәселені шешу арнайы ұйымдастырылған өзіндік жұмысынсыз жүзеге аспайтындығымен түсіндіріледі. Олар өз бетімен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін аз біледі екен, себебі, олардың ақыл-ой әрекеттері толық қалыптаспаған.

Әдебиеттер

1. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2024.

Джулаев Азамат
«Sea bilim» мектебі, биалогия сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІН ЖАСАУ

Аннотация

Биология пәнін компьютерлендіру түрлі бағдарламаларды, жүйелер мен орталарды кең көлемде қолдануда оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері, сондай-ақ білім беру үдерістерінің мазмұны да оңтайлы өзгерістерге ұшырайды. Сол себепті, мектептің негізгі мәселесі – оқыту тиімділігін арттыру яғни, оқушылардың пәндік шығармашылық белсенділігін дамыту, компьютерлік технологияны қолданумен тікелей байланысты.

Abstract

In this article we consider the notion of the visual teaching.The visual aid probably appeared together with origin of human society, togcther with the need of the transmission to information on being absent at the present moment subject or phenomena.

For realization above said before teacher standsthe question is it necessary to perfect, the quality a teaching, efficient and demonstrative using of new informational technologies, as well as complex use of education facilities on mathematics lesson in the secondary school.

Биология пәнін компьютерлік технологияны қолдана отырып оқыту деп оқушының өз бетімен шығармашылық іс-әрекетін дамытуға, оқыту үдерісін басқаруға, теориялық-практикалық, дамытушы ойындық жұмыстарды, адам – компьютерлі тұрғыдан шешуге бағытталған әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдары кешенін айтамыз. Оларға:

– ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыруы;
– ақпаратпен жұмыс істеудің заманауи әдіс-тәсілдерін үйретуі;
– оқушылардың жеке шығармашылық жұмысын арттыруы;
– оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамытуы;
– өмірге қажетті білім, білік және қызмет дағдыларын қалыптастыру.

Компьютерлік технологияны қолданып, оқытудың тиімділігін көтеруге болатындығын зерттеушілер былайша көрсетеді:

– оқытудың және оқушылардың шығармашылығын ғылыми ұйымдастыруды жетілдіру арқылы;
– оқыту үдерісін интенсивтендіру әдісін қолданумен;
– оқыту үдерісіне заманауи технологиялық құралдарын қолданумен. Мұның өзі, оқушының білім алуға деген белсенділігін арттырып, сабақтың, бақылаудың жаңа әдіс-тәсілдерін (есеп беру, жұрт алдында жобаларды қорғау, т.б.) іздеуге, білімге шығармашылықпен қарауына әсер етеді. Демек, компьютер кең көлемдегі ақпарат құралы ғана емес, адамның қоғамдағы өзін басқаруына, өзіндік танымы мен шығармашылығына жаңа жол ашып, жаңалыққа жаңаша жұмыс жасауға мүмкіндік беретін қуатты құрал.

Компьютер арқылы орындалатын оқу іс-әрекеттерінің күрделілігі мен алуан түрлілігінен, оқу үдерісінде дарынды оқушыларда шығармашылық ойлау пайда болатынын анық. Оларға:

– теориялық білімдер жүйесінің негізіндегі қатынастарды табу мақсаты бойынша оқу міндеттерінің шарттарын қайталап талдау;
– қаралған қатынастарды белгі және сызбалық түрінде нобайлау;
– қатынас моделі мен оның ерекшеліктерін игеру мақсатында қайталау;
– жалпы әдіс негізіндегі тәжірибелік міндеттерді егжей-тегжейлі талдау;
– орындалған іс-әрекеттің нәтижелерін бақылау;
– берілген мәселені шешудің әдіс-тәсілдерін игеру.

Ой еңбегін қажет етуші іс-әрекеттерді орындау шарттарына сәйкес, оқытудың әдіс-тәсілдері әр түрлі. Сол себепті, бұл шарттар пәндердің мазмұнына да байланысты болып келеді.

Заманауи оқытудың көрнекі құралдары: презентациялық технология, интерактивті тақта, интернет, интранет, электрондық оқулықтар мен түрлі мультимедиялық материалдар бүгінде дарынды оқушылардың кез-келген пән бойынша терең білім алып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайды.

Компьютерлік технологиямен оқыту әдістерінің бүгінгі таңдағы ғылыми-практикалық мәні мен маңызы – оқытудың компьютерлік технологиясының ең тиімді әдіс екендігін дәлелдеп отыр.

Қазіргі таңда, мектепте биология пәнін оқытуда компьютерлік техниканың заманауи мүмкіндіктерін пайдаланып, видеобайланысқа түсуге, видеоконференцияларды өткізуге қолымыз жетіп отыр. Мұндай байланыстармен үлкен аудиторияларда семинарлар, жиналыстар, ғылыми-әдістемелік конференциялар өткізу үшін қолдануға болады. Компьютермен оқытудың жаңа технологиясы мен әдістері, қашықтықтан білім беру технологиясының негізінде жасалып, қашықтықтан суреттер мен сызулар, фотосуреттер мен қолжазбалық материалдардың берілуін іске асырады. Компьютерлік технологиямен оқытуда оқушылар ақпаратты пассивті қолданушылар ғана емес, оқыту үдерісіндегі білімнің мәнін, мазмұнын өзінше пайымдаушылар болып табылады. Сондықтан, оқытудың дәстүрлі нобайы, жаңа жағдайдағы жаңаша нобаймен ауысуы керек. Компьютерлік технологиямен оқытуда орталық фигурасы – оқушылар болып табылады. Ал, технологияның мәні – оқушылардың өздігінен білім алу белсенділігін дамытып, ынтымақтастықта жұмыс істету.

Отандық әдіскер-ғалымдарымыз: академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан қантөреұлы, Е.Ы.Бидайбеков, Н.И.Аманжолова және т.б. еңбектерінде электронды оқулықтармен жұмыс, ал Б.Бөрібаев, Р.Дүзбаева, С.Кубентаева, Е.С.Полат еңбектерінде компьютерлік технология, сандық технология құралдары, интербелсенді тақта құралдары, интернет желісі арқылы қашықтан оқыту, және т.б. мәселелері терең зерттеліп, тұлғаға бағытталған автоматтандырылған комплекс оқушы-мидлфейс-компьютер жүйесі ұсынылған. Бұл жүйе мұғалім (мидлфейс) байланыстырушы болып, оқушылардың білім алуын үзіксіз бақылап-басқаруға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаға бағытталған компьютерлік электронды оқулықтар кешені.

Ауқымды желінің әр қызмет бабы мәлімет таратудың немесе алмасудың әр түрлі функцияларын атқарады, оның үстіне олардың кейбірі ескіріп жойылса, кейбірі жаңадан туындап келеді. Осылардың қазіргі желілерде жұмыс істейтін негізгілерінің қысқаша сипаттамаларын қарастырып өтейік. WWW(world wide web) – ауқымды желідегі гипермәтіндік ақпарат іздеу жүйесі, оны Web деп те атай береді. Мәліметтер блоктары мекемелердің немесе жеке тұлғалардың меншігіндегі WWW-сервер немесе Web-сервер деп аталатын жеке компьютерлерде сақталады. Web-құжаттарға гипермәтіндік сілтемелер арқылы тұтынушы адам олардың бірінен біріне ауыса береді. WWW мен оның программалық жабдықтары – желінің ең қуатты, әрі болашағы бар құралдары. WWW мәліметтерімен жұмыс істеу үшін ағылшынша browsers (“browse” - қарап шығу, шолу), яғни броузер (Mirosoft Internet Explorer6 Netscape Navigator), навигатор, көрсеткіш, шолушы деп аталатын бағдарламалар қолданылады.

Зерттеулерімізге сүйенсек, ауқымды желіде жұмыс істей алатын оқушыларда компьютермен жұмыс істеу дағдылары бар екенін, WINDOWS операциялық жүйесінде еркін бағдарлай алатынына, жүйенің барлық бағдарламаларды ортақ қағидамен құрылғандықтан оқушылар жүйелік бағдарламамен жұмыс істеуді жылдам үйренетініне көзіміз жетті. Дегенмен, желідегі ортақ ресурсты дайындау мен дарынды оқушының интеллектуалды мәдениеттілігін, шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелерінің шешімі күрделі болып келеді. Бұған өз ісінің шебері болған мұғалімнің көмегі ауадай қажет.

Мектеп оқушыларының шығармашылықпен белсенділігін арттыруға, электрондық оқулықтарды оқу үдерісінде пайдаланудың маңызы зор. Әдетте, электрондық оқулықтың ішкі мазмұнын уақыт талабына сай, үнемі толықтырып отыру керек. Осылайша әрбір оқушы өзінің қабілеттілігіне қарай білім алып, шығармашылық өрісін кеңейтіп, белсенділігін арттырады. Оқу үдерісіне компьютерлік технологияның кеңінен енуі оқушының шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, өзіндік жұмыс түрлерін орындауға көмектеседі.

Электрондық оқулықтың мотивациялық компоненті интерактивті жағдайдағы тапсырмаларды орындауға негізделеді. Ал, мазмұндық компоненті гипермәтіндерді қолдану арқылы дайындалып, гипермәтіндері пәнге қатысты материалдардан жинақталады. Электрондық оқулықтың бағалық-нәтижелік(іс-әрекеттік) компоненті тестер арқылы мақсатқа жетеді. Нәтижеде оқушылар өздерінің білім деңгейін балдық, сызба түрлерінде көруіне болады. Жалпы электрондық оқулықпен білім беру мәселесі, оқыту әдістемесіндегі педагогикалық мәселенің дайындалу деңгейіне, қашықтықтан оқыту әдістемесіне тікелей қатысы бар.

Биология пәнін үшін компьютерлік технология қоғамды ақпараттандырудың жалпы қағидаларына сәйкес, сапалы білім беру технологиясына жатқызуға болады. Демек, компьютерлік технологияны білім беру технологиясы ретінде оқу бағдарламасындағы оқыту мазмұнын жүзеге асыру әдісі ретінде пайдалануымыз керек. Яғни, қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін оқытудың формалары, әдіс-

тәсілдері мен құралдарының жүйесін академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы биологияны оқытуда компьютерді пайдалануды былай тұжырымдайды:
– оқу үдерісінде жекелендіріп, көрнекілікті арттыруға; – кері байланыс пен диагностикасы бар бақылауды күшейтуге; – өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзетуді жүзеге асыруға; – шынайы үдерісті модельдеп бейнелеуге; – оқыту мотивациясын дамытуға көп үлесін қосады.
Бұдан, компьютерлік технологияны, компьютер мен компьютерлік техника құралдарының жоғары мүмкіндіктерін пайдалану арқылы білім беру технологиясы деп айта аламыз.
Компьютерлік технология білім беру үдерісіндегі, мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытып, оқыту тиімділігін арттыратын бірден-бір құрал екені анық.
Біз компьютерлік технологиямен оқытудың мүмкіндіктерін талдау арқылы, көптеген психолог-педагогтардың, дидактардың пікірлеріне сүйеніп, компьютерлік технологиямен оқытуда оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуына үлесінің көп екенін байқадық.
Биология сабағында оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік және логикалық ойлауы мен білімді меңгеруі белсенділігі жоғарырақ. Шығармашылық іс-әрекетке, зерттеуге ұмтылады, алған білімін, білігін, дағдыларын құндылық бағдар деп есептеп, жаңа жағдайда пайдалануға қызығушылығы қанағаттанарлық. Іс-әрекетте жақсы нәтижеге жетудің әдіс-тәсілдерін қолданады.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың инновациялық әдістерін дұрыс пайдаланған мұғалім белсенділікті дамыта алады. Шығармашылық белсенділігі дамыған оқушыларда: өз пікірі бар және оны дәлелдей алатын; талқылаулар мен пікірталастарға белсенді араласатын; мұғалімдеріне, құрдастарына қажетінше сұрақ қойып, жауаптарына түзетулер айта алатын; білім деңгейі төмендеу жолдастарын оқытып, түсінбеген мәселелерін түсіндіріп, жазба жұмыстарына баға бере алатын; өзіндік жұмыстарын орындауда шығармашылық ойларды жүзеге асыра алатын; шығармашылық-эксперименттік әрекеттерін тексеріп, талдай алатын; шығармашылық тапсырмаларды орындауда өзі білетін әдіс-тәсілдерді қолдана алу ерекшеліктері байқалады.

Билогия пәнінің мұғалімдері мен зерттеуші ғалымдардың пікірлерін, өз болжамымызды эксперименттік тексеруден өткізгендегі бақылауларымыздың нәтижелерін талдай келіп, өз бетінше үздіксіз білім алудың қажеттілігі шығармашылық белсенділікті дамыту екендігін аңғардық. Мектепте биологияны оқытуда оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік белсенділігін дамыту үшін педагогикалық және компьютерлік нобайлаудың: нақтылық, жүйелілік, тиімділік, ғылымилық, даралық, үзіліссіздік қағидаларын сақтаудың маңызды зор.

Әдебиеттер

1. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Биологияны оқытуда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолдану әдістемесі. Алматы, 2024.

Ыбыраймов М.Д
«Sea bilim » жалпы білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Қазақстан Республикасында ағылшын тілін оқытуда цифрлық технология құралдарын қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін жасау бүгінгі күннің талабы. Компьютерлік техниканың дамыған құралдарымен байланыстың спутниктік каналдарын пайдаланып, видеосабақтар жүргізу ағылшын тілінен білім беру практикасында көптеп қолданылуда.

Abstract

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

Ағылшын тілі пәнін оқытуда цифрлық технология құралдарын қолдану әдістемесін жетілдіруде инновациялық, интерактивті компьютерлік технологияларды қолданып, сабақта оқушылардың білімі мен іскерлігін, танымы мен шығармашылығын дамытып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, кәсіптік білімдерге үйрету мәселелерін шешуге болады.

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде цифрлық технологиялардың оның ішінде компьютерді тиімді қолдану – оқушының оқу іс-әрекетін басқаруда, әсіресе көрнекілік қызметін жүзеге асыруда маңызы зор. Компьютерлік технология ақпараттық тапсырманы, шығармашылық іс-әрекеттің құралына айналдыруда дарынды оқушылардың мұғалімнен кейінгі үлкен көмекшісіне айналып отыр.

Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған жаңа технологиялық құралдарын қолдану, біріншіден оқытушының жаңаша білім беруді жүргізушілік рөлін анықтап берсе, екінші жағынан оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігінің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда. Демек, қоғам ойлау қабілеті жоғары, белгілі бір мәселені өздігінен шеше алатын шығармашылық тұлға дайындауды талап етіп отыр. Дарынды оқушыларға технологиясы дамып, индустриясы өркендеген елдердің қол жеткізген табыстары оқу-білімнің нәтижесі екенін, жаңа ғасырда оқу-тәрбиенің маңызын жете түсіндіру қажет. Өмірде халыққа басшылық етіп, әр салада жаңалық ашып, таңдаулы шығармалар мен еңбектер ұсынған дарын иелерінің өмір тарихы, оларды халық әрқашан жоғары бағаланғаны туралы білдіріп отыру керек.

Академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының «ағылшын тілін оқытудың компьютерлік-педагогикалық технологиясы» мен **профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызының** «Ағылшын тілін оқыту үдерісін цифрландыру» деп аталған ғылыми-зерттеу еңбектерінде деңгейлік оқыту әдістемесі айтылған. Теориялық сауатты, педагогикалық шебер мұғалім, төменгі деңгейдегі оқушыларды тоқсан соңына дейін орта деңгейге, орта деңгейлі білімі бар оқушыларды жоғары деңгейлі білімі бар оқушылар қатарына қоса алады. Жоғарыда айтылған технологиялардың негізгі мақсаты да осы болатын. Егер осы технологияларға компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін пайдалансақ, онда оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне, соған байланысты материалдарды ізденуіне, ойлануына, сабаққа деген ынтасының артып, шығармашылық белсенділігінің дамуына мүмкіндігі мол болары еді. Дарынды оқушылардың білімділігін дамыту үшін, олардың ойлау қабілетін арттыруға мұғалім әр сабақта үлкенді-кішілі мәселелер қойып, оларды шеше білуге үйретуі, мынандай негізгі мәселеге ерекше мән беруді қажетсінеді: – қызығушылығына; – іскерлігіне; – коррекциялауға. Яғни: – оқушылар алдына қойылған мақсаттың қажеттілігін білу керек; – мақсатқа жету алгоритмін білу керек; – оны тәжірибемен байланыстыруға жетелеу; – оқушылардың іс-қимылдарының жұмысын бақылап, бағыт-бағдар беріп, қатесі болса, жөндеп отыру керек.

Ағылшын тілі мұғалімінің сабақты дұрыс ұйымдастыруына байланысты, оқушылардың зейіні, меңгеру дәрежесі мен алынған білімдерінің деңгейі дамиды. Сондықтан, оқыту үдерісіндегі жұмысты тиімді жүргізу үшін оның нобайын жасап, алгоритмін құрып, анықталған негізгі мақсатқа жету жолдарын қажетінше кезеңдерге бөліп, оқушылардың ойлау әрекетін белсенді, жұмысын мазмұнды етуге нақты тапсырмаларды құруымыз керек. Бұл кезде әрбір оқушының жеке психологиялық мүмкіндіктерін негізге алып, олардың шығармашылық белсенділігін дамытуға деңгейлік тапсырмалар берудің тиімділігі жоғары болады. Осылайша, оқыту үдерісіндегі жұмысты ұйымдастыруды жетілдіруде жаңашылдық факторы мен жеке түсінік берулерді пайдаланып, оқушыларға сабақта үйренген білімдерін күнделікті өмірде дұрыс қолдануға дағдыландыруымыз керек. Бұл оқушылардың ақпараттық мәдениеттін қалыптастырып, ақпаратпен жұмыс істеу шеберлігі мен білімін шыңдайды. Бұдан кейінгі кезеңде, дарынды оқушылардың ақпараттар коммуникациясы мен олардың берілу-қабылдау тәсілдері туралы білімдері, ақпараттардың дұрыстығына баға беру, сыншылдық ойлауын дамыту, ақпараттық үдерісті дұрыс ұйымдастыра білу, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағалай білу белсенділіктері қалыптасып, дамиды.

Мектеп оқушыларының индивидуалдық қабілеттерін ескере отырып, мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысын дифференциалды түрде ұйымдастыруына болады.

Біз мектеп оқушыларының ерекшеліктеріне байланысты, өзіндік жұмыстарды былайша ұсынамыз:

Төменгі деңгейлі – пәнді оқу кезінде әртүрлі себептермен сабаққа келмеген, оқу-танымдық іс-әрекетте ынталылығы, шығармашылық қызығушылығы төмен оқушыларға ұсынамыз.

Орташа деңгейлі – шығармашылық ойлауы мен білімді меңгеруі орташа үлгеретін, өз білімдерін стандарт жағдайда қолдана алатын оқушыларға ұсынылады.

Жоғары деңгейлі – білім мен шығармашылық қабілетті ерекше жоғары, ғылыми жұмыстармен, жаңалыққа қызығушылығы ерекше оқушыларға беріледі. Мұндай оқушыларды олимпиадалық жарыстарға дайындау қолайлы болады.

Оқушыларға деңгейлі тапсырмаларды өздері таңдауына әркез мүмкіндік берген дұрыс болар дейміз.
Мақсаты мен мазмұны және сол мақсаттарға жету әдіс-тәсілдері дұрыс анықталған жетілген оқыту үдерісі табысты болады. Оқытудың көптеген әдіс-тәсілдері ғасырлар бойына, оқыту ұғымының пайда болғанынан бері қолданып келе жатқанына қарамастан, оқыту әдістерінің теориясын жасау ісі оқыту практикасынан артта қалып келеді. Мектептегі оқыту үдерісін бақылай келе, әдіскерлер дарынды балалар мектеп оқушыларының сабақ үстіндегі әрекеттерінің алуан түрлі екендігіне назар аударады. Танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерді жиынтық күйде алып қарастырғанда, оларды негізгі екі түрге, яғни білім алуға бағытталған және оларды қолдануға байланысты қызметтер деп бөлуге болатын сияқты.
Оқу үдерісі үшін компьютерлік технология қоғамды ақпараттандырудың жалпы қағидаларына сәйкес, сапалы білім беру технологиясына жатқызуға болады. Демек, компьютерлік технологияны білім беру технологиясы ретінде оқу бағдарламасындағы оқыту мазмұнын жүзеге асыру әдісі ретінде пайдалануымыз керек. Яғни, қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін оқытудың формалары, әдіс-тәсілдері мен құралдарының жүйесін И.В.Роберт оқу үдерісінде пайдалануды былай тұжырымдайды:
– оқу үдерісінде жекелендіріп, көрнекілікті арттыруға; – кері байланыс пен диагностикасы бар бақылауды күшейтуге; – өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзетуді жүзеге асыруға; – шынайы үдерісті модельдеп бейнелеуге; – оқыту мотивациясын дамытуға көп үлесін қосады.
Біз ағылшын тілін компьютерлік технологиямен оқытудың мүмкіндіктерін талдау арқылы, көптеген психолог-педагогтардың, дидактардың пікірлеріне сүйеніп, компьютерлік технологиямен оқытуда оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуына үлесінің көп екенін байқадық. Осылардан, компьютерлік технологияның араласпайтын саласының жоқтығын, ғылым мен білім беру саласындағы компьютерлік технологияның ерекше орны мен көптеген пайдалы мүмкіндіктерін айқындап, оқушылардың шығармашылық белсенділігін компьютерлік технология арқылы дамытудың қажет екеніне көз жеткіздік.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ағылшын тілін оқытуда компьютерді қолдану әдістемесі. Алматы, 2021.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ағылшын тілін оқытуда сандық технология құралдарын орнымен қолдану. Алматы, 2022.
3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ағылшын тілінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны қолдану әдістемесі. Алматы, 2023.
4.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ағылшын тілін оқытуды цифрландыру. Алматы, 2024.
5.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2024.

Байтоқ А.Н
«Sea bilim» мектебі, бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЖОҒАРЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аннотация

Бастауыш сыныпта оқушылардың ақыл-ойының жоғары деңгейі, шығармашылық мүмкіндіктеріне сирек сәйкес келуі, психологтардың зерделеуінше, олардың кәсіби өзін жүзеге асыру қиыншылықтарына әкеліп соқтырады. Сондықтан, дарынды оқушылардың креативтілілігін дамыту қажеттілік. Оқушы – бұл болашақта жаңа технология, жаңалық жаратушы, әділ саясаткер, рухы биік адам, ұлттық құндылық. Бастауышта оқушыларды қоғаммен әлеуметтік байланыс жасауға, өмірде кездесетін қиыншылықтарға төзімді болуға тәрбиелеу, мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін компьютерлік технология арқылы дамытудың негізі.

Abstract

Education – a complex pedagogical process, joint activity of learners and trained, teacher and pupil. Education must be not reduced to conveying and acquiring formulated the rules, formula, theorems.This is active creative searching from the direction of teacher and from the direction of pupil. The task of the teacher consists

in that in the process of conveying of the knowledge to teach the pupil to active forms of the teaching, leading to independent gaining the knowledge. The task of the pupil - master knowledge system, to solve independently creative tasks. The scientific problem and accessibility, consciousnesses and activities puts before teacher question about finding active methods of the shaping and organizations to scholastic cognitive activity in practice. One of the ways of the decision of this problem – do demonstrative teaching.

Бастауыш сыныпта оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттегі жоғары мүмкіндіктері үлкейгендегі қажеттілік пен қабілеттерін жүзеге асырылуымен қалыптасады. Олармен жұмыс істеуде, олардың ерекше қабілеттерін ескере келе, арнайы тәсілдердің қажеттілігіне алып келеді. Шығармашылық адамның, қоғамның және жеке тұлғаның дамуындағы қозғаушы күш болып табылады.

Бастауышта білім берудің тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін адамды қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып ұйымдастыру керек. Ол маңызды өзгерістер ақпараттық салада. Бүгінде еліміздегі мектептердің компьютерлік сыныптары мен кабинеттері толық компьютерлі техникамен жабдықталған. Мультимедиялық кабинеттер білім сапасын көтеруге үлес қосып келеді.
Ғылыми-техникалық прогресс – компьютерлік техниканың жетістіктері білім беру саласында технологиялық жаңа әдістерді кеңінен қолдануды қажет етуде.

Кез-келген оқыту технологиясы – ақпараттық технология екенін ескерсек, оқыту үдерісінде білім беруді жоғары деңгейде, оқушының шығармашылық белсенділігін дамытып оқыту жаңа ақпараттық технологияға көшуді қажет етеді. Оқыту үдерісіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз–оқу мен оқу-тәрбие материалдарын, үйретуге арналған компьютерлік технология, компьютерлік технологияның оқу үдерісіндегі қызметі, мұғалімдер еңбегі мен оқушылардың білімін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы білім беру жүйесі.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін оқытуға проблемалық жағдай енгізілуі керек, сонда олар алдында қойылған түйінді мәселені өз бетімен немесе оқытушының көмегімен шешеді. Мұндай оқыту барысында танымдық қызмет құрылымында маңызды психологиялық заңдылық– ойлау қабілетінің проблемалық сипаты жатады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушылар проблемалық тапсырманы шешуде қосымша материалдар іздеуге белсене кіріседі, мәселені шешудің түрлі жолдарын белгілеп, оларды қолданады. Олар неғұрлым көбірек дербестік танытқысы келеді. Бұл оқушылардың психологиялық ерекшелігі болып табылады.

Ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда логикалық ойлауды бір ізділіктен талдағыштық тұрғыға жетектеп, өзін дамытатын белсенді еңбекті – оқушы шығармашылығы дейміз. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, оқи білуге тәрбиелеу білім беру үдерісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады.

Бастауыш сыныпта оқыту әдістері оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталуы керек. Демек, оқушының шығармашылық іс-әрекеті мен шығармашылық дамудың нәтижелілігі, оқыту әдістерін комплексті түрде ұйымдастырудың дұрыстығында болып табылады. Оқыту әдістерін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік туады. Оқыту үдерісіндегі шығармашылық түсінігін бірінші кезеңде жеке бастың қасиеті емес, оқушының оқу үдерісіндегі іс-әрекеттің «жемісі» деп білгеніміз дұрыс. Демек, оқу үдерісіндегі негізгі мәселе – оқушылардың белсенділігі, шығармашылықтың дамуына негіз болады деген қорытынды жасауға болады. Оқушылардың іс-әрекеті неғұрлым үйлесімді, кемелденген, тиімді оқыту әдістерімен ұйымдастырылса, онда олардың белсенділігі де соғұрлым жоғары болып, шығармашылықтың дамуы қарқынды болатыны анық.

Оның негізгі қажеттілігі – оқу үдерісін ізгілендіру. Бұдан, сабақта оқушыға проблемалық ситуация, ойын ситуациясын құру, сезімдік ықпалмен әсер етуге болады, бақылау мен талапты күшейту, ынталандыру, әр оқушының тәртібі мен мінез-құлқына және жұмыс істеу ырғағына үйлесімді тәсілдер қолдану, шаршау мен жалығудан арылту шараларын жасау оқу үдерісін ізгілендіруді болып табылады.
Бастауыш мектеп оқушылары білімді өз дәрежесінде игермесе немесе оны іс жүзінде қолдана алмаса, онда шығармашылық белсенділік те көрсете алмайды. Бұл олардың шығармашылығының дамуына кедергі болуы мүмкін. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек және оқу үдерісінде олардың психологиялық ерекшеліктерін естен шығармағаны дұрыс.
Шығармашылық пен жеке тұлға арақатынасы туралы «Жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жатыр, жеке тұлғаның маңызы оның жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттілігіне байланысты», – дейді В.В.Давыдов.

Шығармашыл адам мақсатты сезініп, міндетті қойып, мәселенің шешімін іздейтін адам. Себебі: шығармашылық үдерісте қиялдың, ішкі түйсіктің және елестетудің маңызы зор.

Бастауыш сыныпта оқитын әрбір оқушының негізгі әрекеті оқу әрекеті болғандықтан оның шығармашылық сипатта болуының мәні зор. Өйткені шығармашылық сипаттағы әрекет оқушының жеке тұлға ретінде дамуына зор ықпал ететіні ғылыми тұрғыда негізделген.

Психология мен педагогика ғылымдарында тұлғаның шығармашылығын дамыту жолдарын, құралдарын анықтау ертеден зерттеліп келеді. Егер бұл мәселенің зерттелуіне ретроспективті шолу жасасақ, онда оның әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғанын, «шығармашылық теориясын» жасауға деген ізденістердің аз болмағанына көз жеткіземіз.

Көрнекті психологтар Л.С.Выготский, А.В.Петровский «шығармашылық» деп нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал Ф.А.Пономарев «шығармашылықты» «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол оқушының психикасын жаңа деңгейге көтереді деп есептейді.

Ал, академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының жеке пікірі бойынша, жеке тұлғаның шығармашылық-зерттеушілік әрекетінің туындысы - ол мотивтік құрылымдар арқылы ынталанады және жеке тұлғаның шығармашылық потенциалы интеллектуалды белсенділік ұғымына байланысты анықталады екен.

Оқушылардың шығармашылығын оқу үдерісінде дамыту қалай жүзеге асады? Оған төмендегідей зерттеулер жауап береді. Мысалы, француз математигі Ж.Адамар шығармашылық үдерісті 4 кезеңге бөлді:

1) Дайындық кезеңі.
2) Инкубация, жасырын идеялар, тұйыққа тірелу кезеңі.
3) Ішкі сезімнің жарқ етуі. Эврика.
4) Тексеру кезеңі.

Адамның ақыл-ой белсенділігін – шығармашылық деп анықтау және оған басқа да зерттеушілердің толық келісетіндігін ескере отырып, шығармашылықтың білімді игеру қарқындылығына байланысты болатындығына көз жеткіздік.

Шығармашылық жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтсақ, бұрыннан белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзін жаңаша түрде жасау, таныс емес қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс. Демек, шығармашылық белсенділік – оқушының компьютерлік технологиямен белгілі бір іс-әрекетте мәселені көре білуге, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуге және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыруға деген ынта-ықыласының ерекше қасиеті деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер

1. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2024.

Шораева Қ.Б
«Sea bilim» мектебі, бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы

БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ҚАҒИДАЛАРЫ - ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Abstract

Education – a complex pedagogical process, joint activity of learners and trained, teacher and pupil. Education must be not reduced to conveying and acquiring formulated the rules, formula, theorems.This is active creative searching from the direction of teacher and from the direction of pupil. The task of the teacher consists in that in the process of conveying of the knowledge to teach the pupil to active forms of the teaching, leading to

independent gaining the knowledge. The task of the pupil - master knowledge system, to solve independently creative tasks. The scientific problem and accessibility, consciousnesses and activities puts before teacher question about finding active methods of the shaping and organizations to scholastic cognitive activity in practice. One of the ways of the decision of this problem – do demonstrative teaching.

Бастауышта оқыту қағидалары оқу мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруды, жүзеге асыру мен жетілдіруді қамтамасыз ететін нұсқаулар екені баршаға мәлім. Бұдан, инновациялық технология компоненті – компъютерлік техниканы пайдаланып оқытуды ұйымдастыруда, оқыту қағидаларын басшылыққа алынатыны белгілі. Оқытудың компъютерлік технологиясының дидактикалық категорияларының өзіндік ерекшеліктері бар, тіпті кейбір дәстүрлі қағидалардың қолдану аумағы өсіп, компъютерлік технологиямен оқытуда ғана шын мәнінде іске асыруға мүмкіндік болады.

Бастауышта оқыту үдерісінде қабылдаудың төрт стадиясы көрсетіледі: қабылдау, түсіну, есте сақтау және білімді қолдану. Ақпарат компоненттерінің көлемін білікті тәжірибелі мұғалім пәннің тақырыбы мен мазмұнына қарай шешеді. Содан кейінгі маңызды мәселе – өткен материалды қайталап тұру. Компьютерді пайдаланса, дарынды оқушы берілген материалды жақсы қабылдап, өз білімін бақылай алады. Берілген ақпарат түсіндірілгенімен қайталанбаса, тез ұмытылады.

Бастауышта оқыту үдерісінде бірнеше көрнекі құрал көрсетілуі қажет болса, олардың бәрін бір мезгілде емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен көрсеткен абзал. Себебі, көрнекілік оқыту үдерісінің қажетіне, мақсатына сай іріктелуі керек. Көрнекілікті оқушылардың дұрыс қабылдауын қамтамасыз етуде, құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аудару керек, яғни көрнекі құралдардың мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған дұрыс.

1. Түсініктілік қағидасы. Оған: – білім беруді қарапайымнан күрделіге қарай; – белгіліден белгісізге қарай дамыту керек; – білім беруді баланың ақыл-ойы қалыптасып бітпей, ерте жастан жүретін оқыту тиімді болмақ, т.б.

Оқыту үдерісінде, педагогикалық принциптер сақталмаса оңай материалдың өзі қиындап, ал дұрыс ұйымдастырылғанда күрделінің өзі жеңілдейтінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Оқыту әдістері мен құралдардың тиімді қолданылуы, оқу материалының түсінікті болып, оқушылардың біліктілік деңгейі мен шығармашылық белсенділігінің дамуына көмектеседі.

2. Ғылымилық қағидасы. Оның шарттары: – таным үрдісінің негізгі заңдылықтарымен оқушыларда таныстыру; – білім мазмұны ғылымның бүгінгі деңгейіне сай болуын; – ғылыми танымның жалпы әдістері жөнінде оқушыларда дұрыс түсініктер болуын қамтамасыз ету.

Профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызының айтқанындай: «Бастауыш сыныпта оқыту мазмұны білім беруді ізгілендіру, сараландыру және кіріктіру ұстанымдарын жүзеге асыруға бағындырылған оқу материалының құрылымы мен мазмұнын түрлендіру негізінде жаңаша жасалынуда».

Бастауышта оқушылардың ой түйіндеу, ой толғау дербестігін дамытуға мүмкіндік беретін тәрбиелік потенциалын, яғни оқулықтардың рухани сапасын күшейту керектігін ескертті. Оқу субъектісі – оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру құралы – оқулық рөлін терең түйсіну қажеттілігін атап өтті.

Бастауыш мектепте «Оқу мен тәрбие – егіз», ал осы екі саланы бөліп жармай еңбек ете білу – біздің басты міндетіміз. «Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие» деп дарын иелері айтқандай, оқушыларды оқыта отырып тәрбиелесек, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыта отырып шәкірттерімізді өнерлі, жан-жақты болуға баулимыз. Осы үдерістердің барлығы мектепте жүзеге асады. Мектеп адам жолының рухани дамуына арналған «баспалдақ». Адам жеке тұлға болып қалыптасуы үшін сол баспалдақтан өтуі тиіс. Терең білім алуы үшін «қарапайымнан» «күрделіге» дейін қанша саты болса, сонша сатыдан көтерілу керек.

Енді осы оқыту қағидаларына компъютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланғандағы ерекшелігіне тоқталсақ:

1.Жүйелік қағидасы. Оқытудағы жүйелік дегеніміз – пәннің құрылымы мен ішкі логикасына қарай белгілі бір тәртіппен оқытып, оның негізгі ұғымдарын біртіндеп игеру деген сөз.

2.Бірізділік қағидасы. Бірізділіктің оқыту үрдісіндегі ерекшелігі мынадай: қарапайымнан күрделіге; түсініктен ұғымға; белгіліден белгісізге; білімнен іскерлікке; іскерліктен шығармашылыққа.

3. Көрнекілік қағидасы. Объектіні көруге, қабылдау бақылауға, бақылау ойлауға, ал ойлау шығармашылыққа әкеледі. Яғни, объектіні бақылау кезінде оқушылар нақты мен абстракцияны бірдей анықтайды.

Ұстаз, шәкірт, мектеп – бір-бірінен ажыратуға болмайтын атаулар. Шәкірттің ұстазына «Мені қолымнан төмен қарай тартпаңыз, жоғары да тартпаңыз, қолым ауырады. Мен үшін қиналмай, еркін жоғары қарай

көтерілетін білім баспалдағын табыңыз» деген талабы бар. Мектептің рухани өмірі мұғалімнің өн бойында, өйткені мұғалім – мектептің негізін қалаушы жоғары рух иесі.

Бастауыш мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Мұғалімнің сабақта қолданған әдістері оқушыға әсер етуіне қарай бағаланып, дараланып, шәкірт тарапынан да өз талабына сай орындалып отыруы тиіс.

Бастауыш сыныпта оқушының шығармашылық белсенділігінің дамуына – оқу үдерісінің ұйымдастырылы адамгершілік деңгейіндегі заманауи болу қажеттілігі келіп шығады. Яғни, мұғалім ең алдымен, оқушы жанының инженері болуы тиіс.

Мұғалімнің мықтылығы – ойлы да көркем, мәнерлі сөйлеу. Ұлы ағартушы Макаренконың «Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек» деген екен.

Оқытушы қандай сабақта оқушының шығармашылықпен жұмыс атқаруына талап, ықпал етуі керек. Кез-келген ортада болса да, өзінің айтар алғыр ойы бар, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан оқушыны дайындау арқылы ғана нағыз шығармашыл белсенді тұлғаны өмірге әкелеміз.

Дана халқымыз, «Ойнамай бала өсер ме?, Баланың балалығын тыйдым дегенше, даналығын тыйдым де» дегендей, оқушының шығармашылығына ешқандай кедергі болмауы керек.

Бүгінде оқушылардың үздіксіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай оқытушылардан олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, танымдық және шығармашылық белсенділіктерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын қалыптастыру талап етілген. Сондықтан, өзіндік жұмыс оқушының үй жұмысын орындауда ғана емес, оқу үдерісінде орындалуы тиіс. Яғни, жалпы білім беру үдерісінде, оқушыларға сан түрлі өзіндік жұмыстары орындатып, үйрету нәтижесінде олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға болады.

Бастауыш сыныпта оқушыларды шығармашылыққа баулу қажеттілігі – оқушыны психологиялық дайындықтан өткізу. Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін ұстаздың берер психологиялық әсері мынадай болмақ: –«Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сен қабілеттісің», «Жаз, үйрен» деп балаға сенім білдіру;

– оқушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу;

– оқушылардың басылымды өлең, шығармаларының жарық көруіне көмектесу; – шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау;

– ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызықты оқиғаларды әңгіме ету;

– оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу.

Әдебиеттер

1. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2024.

Жұмабекова А.Қ

«Sea bilim» жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы,

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ КЕШЕНДІК ТҮРДЕ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Қазақстан Республикасының бастауыш сыныпта білім берудің негізгі міндеті – ғылым мен практика, компьютерлік технология жетістіктері негізінде, көрнекі құралдарды кешендік түрде қолдану арқылы жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екені көрсетілген. Бастауышта оқыту үдерісінде баланың ой-өрісін, дүниетанымын және де басқа маңызды психикалық іс-әрекетін дамытуға бағытталған түрлі әдістерді, педагогикадағы дидактикалық принциптерді, оның ішінде көрнекілік принципті компьютер арқылы жүзеге асыру мектеп ұжымының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Abstract

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies. Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

Бастауыш сынып мұғалімдері көрнекілік құралдардың мүмкіндігін кешендік түрде пайдаланып, оқытуды барынша жетілдіруі тиіс. Бастауыш сыныпта ИСМОЦматематика пәнін оқыту оқушылардың математикалық білім негіздерін, математикалық мәдениетін, сауаттылығын көтеруді мақсат ететінін ескерсек, онда дәстүрлі оқыту үдерісіне, оның мазмұны мен формасына оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың әдіс-тәсілдерін енгізу, дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту технологияларын үйлестіре пайдаланып, мұғалімнің оқу материалын дұрыс түсіндіре алуы, кесте т.с.с. көрнекі құралдарды тақырыпқа сай орнымен қолдана білуі, өзіндік жұмысты ұйымдастыруы мен бақылауы т.б. функциялар арқылы жүзеге асады. Оқу үдерісінде компьютер және техникалық оқыту құралдары мұғалімді кейбір жұмыстардан босатады және басқару тиімділігін арттырады. Өйткені өтілген материалды толық, тез меңгеру үшін әр алуан оқу құралдары қажет, яғни бор, тақтадан бастап, күрделі құрылғыларды айтуға болады. Бастауыш сыныпта оқытудың кешендік құрал-жабдықтары мұғалімге оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу материалын терең меңгеруін қамтамасыз ету, оқушылардың өзіндік жұмыс істеуіне, жаңа білімді өз бетінше алуына және оны практикада қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға жәрдем етуі тиіс.

Бастауыш сыныпта математика сабағын тартымды да мағыналы етіп өткізу үшін мұғалім сабақта қолданылатын оқу құрал - жабдықтардың қызметі мен атқаратын функциясын толық меңгеріп, оның не үшін керектігін ажыратып, қажет жағдайда қолдана алатындай дәрежеде болғаны дұрыс. Бастауыштың оқу үдерісін ұйымдастыруда әрбір оқу құралының өзіне тән дидактикалық функциясы, мүмкіндіктері, өзінің педагогикалық және техникалық қолдану шекаралары бар болғандықтан, оқу құрал жабдықтарын қолданудың тиімді жолы оларды кешендік түрде қолдану болып отыр. Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда компьютерлік технологияны тиімді, әрі орнымен қолдану туралы мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар қажет-ақ. Мұндай әдістемелік құралдарды дайындау көптеген мектеп математика пәні мұғалімдері мен әдіскерлердің және ғылыми қызметкерлердің әлі де болса көп уақыт бірлесіп жұмыс істеуін керек етеді.

В.Г.Болтянскийдің редакциясымен жазылған «Комплексы учебного оборудования по математике» деген еңбегінде оқу құрал-жабдықтар кешенін пайдалануға әдістемелік нұсқаулар жеткілікті дәрежеде берілген десек те, бүгінгі нарықтық экономика заманында, ақпарат ғасырында бұл мәселені жетілдіру қажеттігі туындап отыр. Қазіргі уақытта дәстүрлі оқытудың техникалық құралдарымен бірге дербес компьютерді пайдалану әдістемесі де қолға алынып, бірқатар әдістемелік зерттеулер жүргізілуде. Дегенмен, компьютерді оқу құрал-жабдықтар кешендік жүйесінің бір буыны ретінде немесе, оқытудың техникалық құралдарының орнына олардың орнын алмастырып қолдануға арналған әдістемелік ғылыми зерттелген жұмыстар жоқтың қасы. Қазіргі кезде математиканы оқытуда оқу құрал жабдықтар кешенін қолдануға орай, әдіскерлердің алдында оқытудың көрнекілік принципін жүзеге асыруда компьютерлік технологияны тиімді пайдалану мәселесі тұр. Себебі, компьютерді біріншіден, техникалық құрал – яғни, оқу құрал-жабдықтарының бір буыны ретінде пайдалана отырып, екіншіден, осы компьютер арқылы оқытудың техникалық құралдарының атқаратын мүмкіндіктерін алмастырып пайдалансақ, онда біз жедел түрде компьютерлік технологиялық оқыту мәселесін шешуіміз керек. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектерінің көптігіне қарамай, бұл мәселе күні бүгін маңызы артпаса оны жоғалтқан жоқ, себебі, компьютерлік технология арқылы көрнекілік принципті жүзеге асыруға болады.

В.П.Молочковтың «Наглядность как принцип обучения» атты ғылыми зерттеуінде былай делінген: оқу арқылы – 10 %, есту арқылы – 20 %, көру арқылы (визуалды ақпарат) – 30 %, есту және көру арқылы – 50 %, есту және көру, талқылау арқылы – 70 % ақпаратты бес сезім мүшесі арқылы қабылдаймыз. Сонымен баланың қабылдауын мұқият зерттеген физиологтардың еңбектеріне сүйенген психолог-педагог мамандар адамның жоғары жүйке жүйесі қызметінің негізінде оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлік технология көмегімен мұғалім сөзін сабақтастырған жағдайда өтілген материалдарды меңгеру жоғары дәрежеге жетеді деп есептейді.

Көрнекі құралдарды бастауыш сыныптың математика сабағында қолдану үшін мұғалімдерден аса педагогикалық шеберлікпен әдістемелік нұсқауды талап етеді. Бастауышта оқытудың мақсаты - математикалық түсініктерді қалыптастыру болғандықтан, оның ішінде абстрактылықты түсіндіруде көрнекі

құралдарды ерекше талдау, таңдау қажет. Бастауыш сынып оқушыларының кеңістіктік түсінігін және кеңістіктік елестетуін қалыптастыруда қолданылатын геометриялық модельдерді (макеттерді) орнымен қолдану керек, әйтпесе, пайдасы шамалы болып, оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Бастауыш сыныпта математикадан көрнекі құралдарға қойылатын жалпы дидактикалық талаптарды баяндасақ:

- Көрнекі құрал математикалық ұғымды дұрыс қалыптастыру құралы болуы керек. Көрнекі құрал математикалық түсінікті жарқын және бейнелі түрде ашып көрсетуі қажет. Қарастырылып отырған түсініктің барлық белгілерін өте дәлдікпен түсіндіруі тиіс. Практика көрсеткендей, көрнекі құрал шын мәнісінде оқытуда едәуір көмек көрсетеді.
- Көрнекі құралдардың ішіндегі динамикалық құбылыстарды бақылауға арналғандары өте сәтті шыққан деп есептеуге болады. Қозғалмалы модель математикалық түсінік немесе құбылысты тез арада қабылдауға мүмкіндік береді.
- Тек қана иллюстрация құралы ғана емес, практикалық жұмыстарды орындауға арналған құралдың маңызы өте зор. Мұндай жағдайда көрнекі құрал оқушыларды математиканың негізгі ережелерімен және фактілермен таныстыруда, эксперимент жұмыстарын жүргізуде тиімді құрал болып табылады.
- Көрнекі құралдардың сыртқы түрінің, қандай материалдан жасалғандығының, формасы, өлшемі, кейбір бөлшектерінің бояуларының да қабылдауға тигізер әсері мол. Көрнекі құралдардың шектен тыс ашық бояумен, түспен боялуы құралды бақылауда оқушыларға дұрыс әсер етпейді. Сондықтан оны қажетті түспен бояу қажет.
- Құралдың көлемі үлкен болмауы керек. Оның өлшемін есептегенде сыныпта әрбір оқушы көретіндей, бақылауына ыңғайластырып жасаған жөн.
- Конструкция қарапайымдылығы – басқару қарапайымдылығы, яғни жинауға, бөлшектеуге ыңғайлы, жеңіл болуы тиіс. Бөлшектерінің аз болуы, олардың ойластырылған орналасуы, қосымша бөлшектерінің жабық болуы техникалық қана емес, ең бастысы бұл құралдың дидактикалық ерекшелігіне лайық болып табылады.
- Көрнекі құралдардағы жылдам қозғалатын бөлшектер немесе кейбір бөлшектерді (айналу денелерін алуға арналған аспаптарды жасанды интеллект арқылы қозғалысқа келтіру) жасаған уақытта техника қауіпсіздігі ережелері сақталғаны жөн.

Бастауыш мектеп математика сабағын компьютерлік технология және оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар, яғни оқу құрал-жабдықтар кешені көмегімен жаңа сабақ өткен кезде оқушылар «құлақ-ми» жүйесі бойынша секундына 50 бит ақпарат қабылдайтындығын академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының ғылыми зерттеулерінде дәлелденгені белгілі.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Бастауыш сыныпта ақпараттық технологияны қолдану әдістемесі. Алматы, 2021.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Бастауыш сыныпта сандық технолоия құралдарын тиімді қолдану әдістемесі. Алматы, 2024.

Зеилбекова Жаксыгул
«Sea bilim » мектебі, бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бастауыш білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Abstract

Education – a complex pedagogical process, joint activity of learners and trained, teacher and pupil. Education must be not reduced to conveying and acquiring formulated the rules, formula, theorems.This is active creative searching from the direction of teacher and from the direction of pupil. The task of the teacher consists in that in the process of conveying of the knowledge to teach the pupil to active forms of the teaching, leading to independent gaining the knowledge. The task of the pupil - master knowledge system, to solve independently creative tasks. The scientific problem and accessibility, consciousnesses and activities puts before teacher question about finding active methods of the shaping and organizations to scholastic cognitive activity in practice. One of the ways of the decision of this problem – do demonstrative teaching.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту, өздігінен білім алуына, оқыту әдістерін өмір талаптарына сәйкестендіруге, мектептегі оқыту үдерісінің оңтайлы ерекшеліктеріне, әдістеріне, сабақтың мақсатына қарай жұмыс түрлеріне, олардың психологиялық даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеру керек деп ойлаймыз:

– шығармашылық тапсырманың қызықты мазмұндық түрін ойлап табу;

– шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;

– көркемдік шешім табу, нобай құру, образ жасау үшін негіз боларлық проблемалық жағдайларды тудыра білу;

– оқушының танымдық және шығармашылық іс-әрекетін дамыту.

– шығармашылық үдерістерді фактілермен мәліметтерге педагогикалық әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық практикалық тұжырымдар жасау. Осыған орай тұлғаның ақыл-ойын, ой мәдениетін, іс-әрекетін біртұтас дамыту мақсатында үйірмелер ұйымдастыру мен оны жүргізу, ұйымдастыру жолдары ғылыми негізде жүзеге асуы тиіс;

Баланың оқу әрекеті өте күрделі жан-жақты үдеріс. Ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Сондай-ақ оқу әрекетінің белгілі құрылымы мыналар:

– оқу міндеттері; – оқу әрекеті; – бақылау (тексеріп отыру), бағалау.

Зерттеушілердің еңбектеріне жүргізілген талдаулар нәтижесі дәстүрлі оқыту үдерісінде көрнекі құралдармен түсіндіруге көп мән берілгендігі байқалады. Бүгінде компьютерлік технологияның қарқынды дамуы, теория мен практиканың, мектеп пен өмір байланысы сияқты факторлардың әсерінен педагог-ғалымдардың танымдық іс-әрекет және оның нәтижесі – шығармашылыққа деген бағдары күшейе түсті. Өйткені: озат тәжірибе, білім, тұрмыстық ептілік пен дағдылар, сондай-ақ ғылыми және көркем туындылар, рухани-әлеуметтік қатынастар да адамның танымдық және шығармашылық қызметінің нәтижесінде пайда болады. Осы жетістіктерді өз «игілігіне» айналдырып, «меншіктеп» алу үшін жаңа әулет қайтадан бұл «затты» ақыл-саналық сипатқа келтіруі тиіс, яғни қай формада болмасын оны жасауға бағышталған іс-әрекетті (еңбектік, танымдық, көркемдік-эстетикалық) шығармашылықпен көркейте, байыта отырып, қайта жаңғыртып, бұрынғыдан дамыған түрде өзінен кейінгі ұрпаққа шығармашылықпен жеткізуге борышты. Міне, шығармашылық белсенділіктің дамуын осылайша бейнелеп айтуымызға болады.

Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы: «Оқушылардың таным белсенділігі дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеріп, оларды өмірде пайдалана білуге, үйренуге деген саналы іс-әрекеті»- деген болатын.

Оқушылардың танымдық белсенділігі туралы мәселе ғасырлар бойына жалғасқаны белгілі. Сократ оқыту барысында эвристикалық әңгімені пайдаланып, оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсетсе, Я.А.Коменский, И.Г.Песталлоци, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский, Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы және т.б. әдіскер-ғалымдар бастауышта оқушының негізгі жұмысы – оқушыларды өзінше ойлау, зерттеу істерін ұйымдастыру деп санаған. Оқушылардың белсенді іс-әрекет жасауын жандандыратын оқыту әдістемесі, Қазақстандық төл ғалымдарымыз С.С.Дайырбеков, Б.Т.Абыкановалардың еңбектерінде айтарлықтай ілгерілетілді.

Жалпы шығармашылық деп – күнделікті емес, кез-келген жағдайларда шешімін таба білу, жаңаны ашуға ұмтылу деуге болады. Болмаса, шығармашылық деп – интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Олай болса, шығармашылық тапсырмалар – оқушының өз бетінше жасайтын, белсенділігінің дамуына ықпал ететін жұмыстар.

Шығармашылық үдерістің мәні әркім үшін бірдей. Айырмашылығы шығармашылықтың нақты материалында, жетістіктерінің өлшемінде және оның қоғамдық мәнділігінде. Шығармашылық үдерісті үйрену үшін данышпандарды зерттеудің қажеті жоқ. Тек көрегендік танытып, өткір көзбен емес, ең бастысы ми арқылы «көре» білу керек.

Мектеп оқушыларының оқу үдерісіндегі шығармашылық белсенділігі, қызығушылығы, бір нәрсені қажетсінуі, ынталануы олардың интеллектуалдық белсенділігінің деңгейін көрсетеді. Интеллектуалдық белсенділік оқушының білім қоры мен іскерліктері арқылы ізденіп, нәтижесінде шығармашылық белсенділігінің дамуына негіз болады.

А.Ғ.Қазмағамбетов белсенділікті оқушының өзіндік жұмыстарын орындаудағы маңызды қасиеті деп қарастырады.

Оқушының іс-қимыл сапасы, ерікті түрде оқу-танымдық мақсаттарды орындауға бағытталған әрекеті – белсенділіктің белгісі.

Мектеп оқушыларының жаңа материалды қабылдауына негіз болатындай даярлық жұмыстарының жүргізілуі олардың танымдық және шығармашылық қызметін дұрыс, әрі нақты әрекеттер негізінде іске асыруға мүмкіндік береді. Баланың өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі, әрі жемісті болады.

Сабақтарымда көзімнің жеткені: шәкірттеріме еркін ойлауға мүмкіндік беріледі; ақыл ойы дамиды; *шығармашылық белсенділігі артады*; топтық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығы жан-жақты жетіледі; өз ойын жеткізеді.

Мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігі деген ұғымды олардың танымдық белсенділігі тұрғысында дәлелдеп көруді жөн көрдік. Себебі белсенділіктің бұл түрі шығармашылық іс-әрекетке алып келетін бірден-бір түрткі боларлық мәселе екені анық, осыны дәлелдейік.

Шығармашылық та басқа іс-әрекеттер сияқты ой-түрткіні қажет етеді, бірақ барлық ой-түрткі шығармашылық туғызбайды. Олардың ішінде ең негізгісі өзін-өзі жетілдіру ой-түрткісі. Ол барлық шығармашылықтың көркем, музыкалық, техникалық және т.б. түрлерінде себепші болады.

Демек, оқушыларды білім беру үдерісінде шығармашылық жұмысқа баулудың маңызы өте зор. Ол үшін оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне және өздігінен белгілі бір нәтижеге жетуге талаптануына, білімін жетілдіріп отырудың маңыздылығына ерекше көңіл бөлуіміз керек.

«Балаларды мектепте сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын сабақ ана тілінде қарапайым, қызықты ұғындырылып пайдаланылса, оқыту нәтижелі болады», – дейді Ы.Алтынсарин. Оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі осы ойдан туындаған екен. Яғни, баланың ізденіп білім алуы, талаптануы оның қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана жеміс бере алады деген пікірді айтады.

«Шығармашылықпен ойлау өз бетінше және белсенді ойлау болып табылады, бірақ кез-келген белсенді ойлау өз бетінше ойлау емес және кез-келген өз бетінше ойлау шығармашылықпен ойлау емес»,–дейді В.А.Крутецкий. Ойлау қабілеті дамыған оқушылар, шығармашылықпен жұмыс істеуі үшін, оның қызығушылығы мен қажетсінуі болуы керек.

Бастауыш мектеп оқушыларының білім алуында ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш - оқушының білімділігінің арасындағы шығармашылық ойлауы мен репродуктивті ойлау арасындағы т.б. жатады.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең басты мақсаты оқушының ойлау қабілетін дамыту және өзінің бойындағы шығармашылық ізденісін оқушылардың бойына сіңіре білу», – деп атап көрсетті.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар. Алматы, 2023.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, профессор Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2024.

Оралова У.И
«Sea bilim» мектебі, бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

TO DEVELOP A METHODOLOGY FOR TEACHING THE CHAPTER "POLYHEDRA" BASED ON LOGICAL AND DIDACTIC ANALYSIS

Abstract

The teacher plays an important role in the development of knowledge and abilities of students in the study of mathematics. This article is devoted to the development of knowledge of mathematics teachers about the pedagogical content of teaching 8th grade students, in particular the cube and multilateral. PCK is a special education for a teacher that combines knowledge of multilingualism, pedagogical knowledge and knowledge of students. Substantive knowledge links between facts, concepts, concepts and procedures in mathematics. Pedagogical education refers to the knowledge of the teacher in organizing the process of teaching and studying polygons, and the knowledge of students is defined as the knowledge of the teacher about the difficulties and mistakes of working with polygons. The data was collected by recording the teaching and learning process and conducting a survey of students. The data is analyzed through truncation, categorization and interpretation. The result showed that the teacher used peer learning, combining conceptual and procedural interpretation to correct mistakes and solve students ' multifaceted difficulties, providing support

Keywords: Classcraft, LearningApps.org, Plickers, EdApp, Edgagement, tools for educational organizations.

Introduction

To arouse the student's interest in learning, the teacher must be able to use methods systematically. Satisfying the student's request is the main requirement of our time. It will be a great skill for a teacher to be able to explain the meaning and significance of his subject to a student using an effective method.

In today's age of science and technology, students need constant innovation in mathematics education. On this basis, various studies have been carried out on the selection of suitable technology for teaching students.

A polyhedron is a union of polyhedra not necessarily of the same dimension. In geometry, a polyhedron is a three—dimensional figure with flat polygonal faces, straight edges, and sharp corners or vertices. The word polyhedron comes from the classical Greek πολεεδρον, as poly- (stem πολύς, "many") + -hedron (formδδρα, "base" or "seat"). A convex polyhedron is a convex hull of a finite number of points, not all on the same plane. Cubes and pyramids are examples of convex polyhedra.

A regular tetrahedron. Platonic body Small stellate dodecahedron. Kepler-Poinsot solid A large cubicuboctahedron. Homogeneous star - shaped polyhedron Toroidal polyhedron Icosododecahedron. Archimedean solid A polyhedron is a three—dimensional example of a more general polyhedron in any number of dimensions. Splitting a polyhedron into simplices is called a simplicial complex.

There are several alternative standard definitions in which convex polyhedra are clearly defined. However, the formal mathematical definition of polyhedra, which do not necessarily have to be convex, was problematic. Many definitions of a "polyhedron" are given in a specific context, some are stricter than others, and there is no universal agreement on which one to choose. Some of these definitions exclude shapes that are often considered polyhedra (for example, self-intersecting polyhedra), or include shapes that are often not considered valid polyhedra (for example, solids whose boundaries are not manifolds).

Experimental methods

But there is a widespread opinion that a polyhedron is a solid or a surface characterized by corner points, edges, faces and two-dimensional polygons, and sometimes its three-dimensional internal volume. These different definitions can be distinguished depending on whether they describe a polyhedron as a solid, describe it as a surface, or abstractly describe it based on the geometry of the incidence.

A general and somewhat naive definition of a polyhedron is that if it is considered a solid, its boundary can be covered by a finite number of planes, or it is a solid formed by the fusion of a finite number of convex polyhedra.

The refinement of this definition requires that the solid is bounded, the interior is cohesive, and the boundary can also exist. The surfaces of such a polyhedron can be defined as connected components of the boundary parts inside each of the planes covering it, and the edges and vertices can be defined as lines and points where these surfaces meet. But the polyhedra defined in this way do not include self-intersecting Star polyhedra, whose faces cannot form simple polygons, and some edges may lie on more than two faces. Definitions based on the idea of a bounding

surface rather than a solid are also common. For example, O'Rourke defines a polyhedron as a union of convex polygons located in space, so that the intersection of any two polygons is a common vertex, edge, or empty set, and their union is a manifold. If the flat part of such a surface is not itself a convex polygon, O'Rourke requires that it be divided into smaller convex polygons with flat dihedral angles between them. Grunbaum defines an acoptic polyhedron as a set of simple polygons forming a nested manifold, each vertex has at least three edges, and each of the two faces intersects only at the common vertices and edges of each.

Cromwell polyhedra give a similar definition, but without limiting three edges per vertex. This type of definition does not include self-intersecting polyhedra. Such concepts underlie topological definitions of polyhedra as the division of a topological manifold into topological disks, whose paired intersections must be points, topological arcs or an empty set. However, there are topological polyhedra that cannot be realized as acoptic polyhedra.

One of the modern approaches is based on the theory of abstract polyhedra. They can be defined as partially ordered sets whose elements are vertices, edges, and faces of a polyhedron. If a vertex or edge element is part of a vertex or edge from an edge or Face element, and a special lower element of this partial order can be added to the upper element, which represents an empty set and represents the entire polyhedron.

Results and discussion

The emergence of students' interest in mathematics largely depends on the teaching methodology, how competently this task is performed, and the structure of educational work.

What changes will the use of gamification in education bring:

• Promotes colorful emotional perception when learning new material.
• Develops the creative abilities of all students.
• Allows the student to believe in himself and test his strength.
• Teaches the student how to communicate well with peers and the teacher.
• Teaches you to form and defend your point of view.
• Stimulates interest in learning.
• Forms independent work skills.
• Builds concentration and perseverance.

Let's look at some useful applications that can be used to make your math lesson interesting and understand the subject:

Classcraft - is an online role-playing game that allows students to earn points, complete assignments, and answer questions through the lens of the subject they are studying. The game is ideal for group activities, as it requires the formation of teams of 5-6 people. However, if you have four individual students of the same level, you can also combine them into a team.

EdApp - is a mobile gaming learning platform and learning management system that offers gamification concepts and features such as interactive templates, leaderboards, rewards and points, and more to help increase student engagement.

Edgagement - is a learning tool that allows you to create quizzes and surveys. You can easily create interactive educational materials using 15 game templates such as Spin to Win, Fact or Fiction, Double Match, Connect the Dots, Jumble Pic, etc. Edgagement also includes game participation, assignments, and etc., which allows you to optimize learning content for better results in the future includes a data center that provides comprehensive reports on the knowledge gained.

Conclusion

In conclusion, the elements located at a distance of three levels from each other have the same structure between each face and the lower element, as well as between the upper element and each vertex with an abstract representation of a polygon, these partially ordered sets carry the same information as a topological polyhedron. But these requirements are often simplified, instead, sections between elements located two levels apart should have the same structure as the abstract representation of a line segment. Then each edge has two vertices and two faces, and each vertex on the edge lies at both ends of this face.

References

1. Branko Grünbaum. Polyhedra with Hollow Faces (english) // Polytopes: Abstract, Convex and Computational / T. Bisztriczky, P. McMullen, R. Schneider, A. Ivić Weiss. — Dordrecht: Springer Netherlands, 1994. — P. 43–70.

2. Polyhedron, abstract - Encyclopedia of Mathematics. encyclopediaofmath.org. Date of application: July 12, 2020. Archived on July 12, 2020.

Оспанова Балнұр
«Sea bilim» жалпы білім беретін мектебі
Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шұбарсу ауылы

БАЛАЛАРҒА ӘДЕБИ КЕЙІПКЕРЛЕРДІ ТАНЫТУДАҒЫ ЖАҢАША ӘДІСТЕР

Мектеп қабырғасында өтлетін қай пән болса да маңызды және әрбір пәннің болашақ тұлға өмірінде алар орны ерекше. Сол маңызды пәндердің бірі және бірегейі тарихымыздан сыр шертіп, ата-бабамыздан қалған көп қазына-байлықты ұрпақтың санасына сіңіретін әдебиет пәні. Бұл пәнді оқу арқылы әрбір тарихына бойлап, өткен ғасырлардағы ұлттың тыныс-тіршілігімен танысып, әдеби шығармалар мен кейіпкер арқылы өмірде кездесетін көптеген ситуацияларда қалай әрекет етуге болатындығын үйренеді. Сыныбындағы сотқарлау, сабаққа ынтасыз болса да, көңілінде кірбіңі жоқ досы арқылы Қожаны, ата-анасыз өссе де білімді, оқуға құштар досы арқылы Аянды, дара ойлы, өз ортасында өзі кіші болса да ірі ой айтар досы арқылы Абайды танып өседі.

Ата-бабамыз, кешегі ғасырдағы жазушыларымыз бізге аз мұра қалдырған жоқ. Көпшіліктің есіне бірден түсетіні «Абай жолы», «Махаббат қызық мол жылдар», «Менің атым-Қожа», «Жусан иісі» сынды көптің есінде қалған немесе қоғамда көбірек талқыланған шығармалар ғана. Тарихымызда шаң басып жатқан түрлі әдеби кейіпкерлерді шәкірт санасына қалай сіңіріп, қайткенде әдеби шығармаға деген қызығушылығын арттыра аламыз?

Бүгінгі таңда бәріне «ауру» болған телефон немесе әлеуметтік желілер. Сол канал арқылы балаларға әдеби кейіпкерлерді таныта аламыз. Әлеуметтік желілер арқылы ұстазы қайсыбір кейіпкерді таныстырып, оқиғаның шарықтау шегіне дейін оқып немесе қысқаша баяндап беру арқылы, баланың санасына аяқталмаған бір оқиғаны сіңіреді. Осы әдіс арқылы сыныптың барлығы оқымаса да, жартысы оқуға қызығып, ол шығармамен танысады сенемін. Әлеуметтік желіде тарихты қайта жандандырып, түрлі анимациялық суреттер мен видеолар жасап жатқан дарынды жастарымыз бар. Сол жастарымыз әдеби кейіпкерлерді әдемі суреттеп, әдеби шығармадан өте сәтті және баланың назарын аударар трейлер жасар болса, шаң басқан әдеби шығарманың көпшілігі қайта оқылып, сөреде шаң басқан біраз кітап өзінің аяулы оқырманын табатынына күмәнім жоқ.

Балалар телефон арқылы ең көп қарайтыны әуелі YouTube, одан кейін tiktok желісі екен. Бұл желілер арқылы балалар 15-30 минуттық немесе 1-2 сағатқа созылатын бейнелер қарамайды. 30 секунд ары барса 3 минутқа жететін видеолар қарайды. Оы әлеуметтік желілерде әр мектептен бір маман әдеби арна ашып, түрлі айдарлар жасау арқылы оқушыларды әдеби шығарма мен әдеби кейіпкерлерді тануға ынталандыра алады. Мысалы, әлеуметтік желіде «Бұл қай кейіпкер?» деп аталатын айдар болса. Жай ғана бір сурет арқылы бір кейіпкер беріліп, ол кейіпкерге тән бірнеше зат суреттеліп немесе бірнеше қасиеттер берілсе... Балалар арасында бұл кейіпкерлерді табу арқылы ақшалай сыйлықтар немесе кітаптар үлестірілер болса, балалардың қызығушылығы артып, әдеби шығарманы оқуға бейімделеді деген ойдамыз. Немесе «Оқымысты отбасы» айдарын жасай аламыз. Жекеге отбасымен кітап оқыған немесе бір кейіпкерді, шығарманы талдаған видеоны жүктеп, оқырмандардан үздік шығармалар анықталатын әдемі жеңісі бар жарыстар жасауға болады. «Автор болсам» деп аталатын айдарды тағы жасай аламыз. Бұл да жарыс түрінде өткізіліп, бір әдеби шығарманы алып, шарықтау шегінен ары қарай оқушы шығарманы өз қиялымен аяқтайды. Балалардың шығармаларының арасынан ең үздіктері дараланып, оларды марапаттау және сыйлықтар үлестіру арқылы әдеби әлемге деген алғашқы қадамын жасай аламыз.

Бір сыныптың қызығушылығын арттыру мақсатында балаларға «Сен әдеби шығармадағы қай кейіпкерсің?» деген сауал жолдап, ол сауалға жауап табу үшін көп әдеби шығарманы оқып, әдеби әлемнен өзін көріп, жақсысын арттырып, жаманын жақсартуға әрекет етеді бала. Бұл тұста ұстаз да өз типінің немесе өзінің балалық шақта кімге ұқсағанын айту арқылы балаларды қызықтыра алады.

Балалардың әдеби әлеммен байланысында ұстаз бен ата-ана қатар маңызға ие. Осыны ескере отырып әрбір мектеп ұжым арасында кітап оқуды қолға алса нұр үстіне нұр болмақ. Мысалы, «Бір аптада бір кітап» деген челленджбен оқу жылында 40 шақты кітапты тәмамдауға мүмкіндік туады. Өзіне білім беретін әрбір ұстаздың қолынан кіап көрген бала қалай қарап қалсын? Олар да өз арасында оқудың маңыздылығы мен оқуға әдеттенуді сөз етіп, ақыр аяғында бүкіл мектеп оқымысты болып шығады. Сынып жетекшілер де кейбір қызықты шаралар арқылы баланы ғана емес, баласынан рухани алыстаған аналар мен әкелерді оқуға шақыра алады. Ата-аналар арасында кітап оқу жарысын жасап немесе сыныптағы барша

аналарға бір кітап оқып, оны әдемі бір орында талдауды ұсынып, ата-аналардың білім қоржынын әдеби шығармамен толықтыра аламыз. Ал ата-анасының оқығанын көрген бала өздігінен оқуға кірісіп, бір отбасы кітап оқуға әдеттеніп шыға келеді.

Жаңа тақырыпты түсіндірерде тақырыпты әдемі ашып, одан қалды кейіпкерді әдемі талдай алу, қазіргі өмірмен байланыстыру тағы да маңызды. Батырларды таныстырарда жігіттер қауымына: «Алпамыс батыр елін қорғау арқылы, жаудан тайсалмау арқылы өзінің батыр екендігін дәлелдеді. Ал сендер өздеріңді қай қабілеттерің немесе іс-әрекеттерің арқылы батыр қатарына қоса аласыңдар?»-дейтін сауал тастап, кей баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, енді бір баланың алға талпынуына себеп бола аламыз. Бүгінгінің батыры қандай болмағы сөз болып, балалар арасында пікір-талас жасауға тағы болады.

Тағы бір ұсынар дүние балаларға әдеби кейіпкерді психологиялық типі арқылы таныстырып, оның мінезін зерттеу. Оның әрекеттеріне баға беріп: «Ал мен болғанда...»-дейтін сұрақ арқылы баланы сол кейіпкердің жанына алып бара аламыз.

Ізденген жанға, шын жанашыр болған жанға жол да көп, идея да көп. Әрбір маман өз тарихымен мақтанып, оны балаларға махаббатпен үйретер болса, Қазақстанымыз біраз алға жылжып қалушы еді. Қазақстанның бүгінгі жастарын ертеңгі ұлы тұлғаға айналдыру жолын кешегі әдебиеттің ішінде қалған кей кейіпкердің өмірінен табуымыз ғажап емес. Ізденуден талмаңыз!

Абдикадирова Д.С
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Бастауыш сынып мұғалімі

МЕКТЕПТЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ - БАЛАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ШЫҢДАУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Қабілеттілік пен дарындылық мәселесі Орта Азия мен Қазақстан ойшылдарында толғандырған мәселе. Араб сөз бостандығының негізін қалаушылар (Әл-Хорезми, Фердауси, Әл-Фараби, Ибн-Сина, Бернули және т.б) философия, логика, химия, астрономия, география, медицина, психология ғалымдармен бірге жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелеріне көп еңбектер арнаған. Мысалы, Әл-Фараби «Бақытқа жету трактаты» еңбегін этикалық мәселермен қатар адам қабілеттілігіне білім беруде түрлі озық әдіс тәсілдерді қолдану жолдарына көңіл бөледі.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Қазіргі әлеуметтік эканомикалық жағдайда кәсіби жетістікке жалпы және арнайы қабілеттілік, білімділік, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан ата-аналардың, мұғалімдердің алдында жаңа міндет: балалардың жеке қабілеттілігін бейімділігін, анықтау және оны дамыту, соның негізінде олардың болашағына бағыт беріп тұру.

Қабілеттілік ілімі жөніндегі алғашқы зерттеулер ағылшын психологі Ф.Гольтон есімімен байланысты. Ол адамдардың жеке дара ерекшілігі мәселесін зерттеген. Ол өзінің «Таланттық тұқым қуалаушылығы оның заңдылығымен шығу тегі әдіснамалық тұрғыда негіздеп, келесі заңдылықтарды белгіленді

-өте жоғарғы қабілеттілігі болмаса, ешбір адам қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды:

-өте жоғары қабілетілігі бар адамдардың тек өз бөлігі ғана қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды.

Неміс педагогі және психологі Э. Мейман дарындылық мәселесін зерттеуді теориялық турғыда жалғастырып, соның негізінде «дарындылық қатар туа біткен дарындылық пен кейіннен игерілген дарындылықты бірлікте қарауға тырысты Э.Мейман дарындылықтың педагогикалық аспектілерің оқу мен тәрбиенің дарындылықтың дамуына әсерін, дарындылық, қабілетілік коэффициентін» көрсетті. В.Штерн

ақыл-ой қабілетілігіннің келесі анықтамасын ұсынды: «Ақыл – ой қабілетілігі- өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттайтын, жаңа міндетермен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі». В. Штерннің пікірінше, дарынды деп жаң талаптарға әт түрлі салада, әр түрлі жағдайларда тез–тез бейімделе алатын адамды айтуға болады.

XIX ғ. қазақ халқы ағартушыларды халықты сауаттандыру, жеке тулғаның қабілетін дамыту мәселерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин "Табиғи ақыл өзін қоршағанда жаңа құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім" дейді.

Ш.Уәлиханов шығармашылығына жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл–ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынандай: «Қырғыз- қайсақтар табиғатынан ақыл-ойы жүйріктігімен, таңқаларлық кемшіліктігімен ерекшеленеді». Ш.Уәлиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады.

А.Құнанбаев адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ақын адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады».

Сонымен қазақ ағартушылары қабілеттіліктің туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына ат салысқан көрнекті қайраткерлер Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығуы мен қабілеттілігінің қалыптастыру мәселесін ескерту керектігі баса айтылған.

Ж.Аймауытов «Психология және мамандық таңдау» еңбегінде эксперименттік зерттеу нәтижесіне сүйеніп, мамандықты дұрыс таңдай білуге арналған кеңестерін ұсыналды. Оның пікірінше мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттерін темпераментін, қабілеттілігін, мінезін, күш-жігерін ескеру қажет. Сонымен қатар Ж. Аймауытовтың ойынша әрбір адамның белгілі бір мамандыққа деген туа біткен білімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналысқан тиімді болады.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлғаға тәрбие мәселесін интеллектуалдылық қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

Дарындылық теориясының негізгі кешегі кеңес психологтерінің еңбектерінде көрініс тапқан. Л.Вигодский, Б.Ананьев, В.Крутецкий, Н.Лейтес, В.Тепловтардың психологиялық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбие ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қойған жоқ. Сондықтан біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарылығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілеттінің байқалуы деп түсінеміз.

«Дарындылық» ұғымы «Сый» (дар) деген сөзден шықан, дамудың қолайлы ішкі алғышартарын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда анықтама: «Дарындылық-белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

«Дарындылық» ұғымы қабілетілік ұғымына өте жақын. Дарындылық пен қабілетілік ұғымдары өткен ғасырдың 40-50 жылдарында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде тоғылығырақ зерттеледі оның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс-әрекеті жүзеге асыруда қабілетіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілетіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық дейді ғылым.

В.Крутецкин өзінің математикалық қабілетіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде «Егер қабілетіліктер деген ұғымды жеке психологиялық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі деуге болады» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, «дарындылық» қабілеттіліктің жоғарғы деңгейін белгілейді.

Дарындылық ұғымымен қатар шығармашылық, талант, данышпандық ұғымдарына да тоқтала кетейік.

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешілдігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілетіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің болуы.

Осыған орай жоғарыда аталған ұғымдардын мән- мағанасын ашып, оларды қалыптастыру мәселесіне қатысты көптеген ғылыми еңбектер туындауда. Солардын бірі – Н.Лейпестің редакцияларымен 1996 жылы жарық көрген «Дарынды балалармен ересек балалардын психологиясы» кітабы. Осы еңбегінде Н.Лейпес дарындылық ұғымына мынандай анықтама береді.

«Дарындылық-баланың өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарлығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы».

Дарынды оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме жұмыстарын, пәндік олимпиадаға дайындық, конференция, КВН, дәстүрлі емес сабақ түрлерін жүргізуді ұйымдастыру жұмыстарын, өзін-өзі басқару әдісі бойынша жүргізеді. Мектепішілік пәндік олимпиадалар, конкурстар ұйымдастырып, оны қорытындылап, жеңімпаз оқушыларды марапаттап отыру да оқушылардың белсенділігін, сенімділігін арттырады.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. «Әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамы. Алматы, 2024.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Қосымша білім беруде дарындыларды тәрбиелеу. Алматы, 2024.

Абдукаримова М.И
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның қасиетіне айнала отырып, оның шығармашылық сипатын және қоғамдағы бағытын айқындайды, жеке тұлғаның болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері пәнге қызығушылықтан пайда болады. Қызығушылықтан оқушылардың іс-әрекеті қарқындап, қажетсінуі мен белсенділігі жоғарылайды. Танымдық қызығушылықтың жоғарылауы, дарынды баланың іс-әрекетін – ізденімпаздыққа алып барады.

Abstract

The Technical facility of the education call projection, sound - and video equipment for reproducing mortgaged in screen - sound facilities of the education to scholastic information.

Академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы айтқанындай, Қазақстан Республикасының төл оқулықтарының жаңалығы «тұңғыш рет әрбір оқу курсының мазмұны білім беруді ізгілендіру, сараландыру және кіріктіру ұстанымдарын жүзеге асыруға бағындырылған оқу материалының құрылымы мен қисынын өзгерту арқылы жасалынуда».

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру әдістемесі бойынша оқушылардың ой түйіндеу, ой толғау дербестігін дамытуға мүмкіндік беретін тәрбиелік потенциалын, яғни оқулықтардың рухани сапасын күшейту керек. Оқу субъектісі – оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру құралы – оқулық рөлін терең түйсіну қажеттілігін атап өтті.

«Оқу мен тәрбие – егіз», ал осы екі саланы бөліп жармай еңбек ете білу – біздің басты міндетіміз. «Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие» деп дарын иелері айтқандай, оқушыларды оқыта отырып тәрбиелесек, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыта отырып шәкірттерімізді өнерлі, жан-жақты болуға баулимыз. Осы үдерістердің барлығы мектепте жүзеге асады. Мектеп адам жолының рухани дамуына арналған «баспалдақ». Адам жеке тұлға болып қалыптасуы үшін сол баспалдақтан өтуі тиіс. Терең білім алуы үшін «қарапайымнан» «күрделіге» дейін қанша саты болса, сонша сатыдан көтерілу керек.

Ұстаз, шәкірт, мектеп – бір-бірінен ажыратуға болмайтын атаулар. Шәкірттің ұстазына «Мені қолымнан төмен қарай тартпаңыз, жоғары да тартпаңыз, қолым ауырады. Мен үшін қиналмай, еркін жоғары қарай

көтерілетін білім баспалдағын табыңыз» деген талабы бар. Мектептің рухани өмірі мұғалімнің өн бойында, өйткені мұғалім – мектептің негізін қалаушы жоғары рух иесі.
Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Мұғалімнің сабақта қолданған әдістері оқушыға әсер етуіне қарай бағаланып, дараланып, шәкірт тарапынан да өз талабына сай орындалып отыруы тиіс.
М.Ж.Жадринаның пікіріне сүйенсек, білім беруді ізгілендіруді жүзеге асыру дамушы жеке тұлғаның өзінің жеке құндылықтар жүйесіне (бақыт, әділдік, өмірдің мәні жайлы тұжырымдама және т.б.) кепілдік берілетіндей жағдайлар туғызуды талап етеді.
Бұдан, оқушының шығармашылық белсенділігінің дамуына – оқу үдерісінің ұйымдастырылы адамгершілік деңгейіндегі заманауи болу қажеттілігі келіп шығады. Яғни, мұғалім ең алдымен, *оқушы жанының инженері* болуы тиіс.
Мұғалімнің мықтылығы – ойлы да көркем, мәнерлі сөйлеу. Ұлы ағартушы Макаренконың «Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек» деген екен.
Оқытушы қандай сабақта оқушының шығармашылықпен жұмыс атқаруына талап, ықпал етуі керек. Кез-келген ортада болса да, өзінің айтар алғыр ойы бар, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан оқушыны дайындау арқылы ғана нағыз шығармашыл белсенді тұлғаны өмірге әкелеміз.
Дана халқымыз, «Ойнамай бала өсер ме?, Баланың балалығын тыйдым дегенше, даналығын тыйдым де» дегендей, оқушының шығармашылығына ешқандай кедергі болмауы керек.
Бүгінде оқушылардың үздіксіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай оқытушылардан олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, танымдық және шығармашылық белсенділіктерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын қалыптастыру талап етілген. Сондықтан, өзіндік жұмыс оқушының үй жұмысын орындауда ғана емес, оқу үдерісінде орындалуы тиіс. Яғни, жалпы білім беру үдерісінде, оқушыларға сан түрлі өзіндік жұмыстары орындатып, үйрету нәтижесінде олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға болады.
Демек, мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызудың бір жолы – бұл оқу үдерісіне тұлғаға бағдарланған технологияларды енгізу деп ойлаймыз. Шығармашылықты дамыту мәселесіне арналған ғылыми-зерттеулерді саралай келе, біз оқушы шығармашылығын дамытудың ең маңызды шарттарының бірі ең алдымен оны дамытуға қолайлы ахуал туғызуды қамтамасыз ету үшін оқу үдерісін ізгілендіру қажет деген қорытындыға келеміз. Яғни, оқушыларды шығармашылыққа баулу қажеттілігі – оқушыны психологиялық дайындықтан өткізу. Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін ұстаздың берер психологиялық әсері мынадай болмақ: –«Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сен қабілеттісің», «Жаз, үйрен» деп балаға сенім білдіру; – оқушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу;
– оқушылардың басылымды өлең, шығармаларының жарық көруіне көмектесу; – шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау;
– ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызықты оқиғаларды әңгіме ету;
– оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу.
Шығармашылық оқушыға шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс.
Бүгінгі таңда көптеген педагогтар мен психологтар оқушылардың мәселелерімен айналысуда. Зерттеушілер мен практиктер диагностикалық мәселелермен: оның ішінде оқушыларды қалай анықтауға болады, сонымен қатар творчестволық дарындылықты, жалпы балалардың дарындылығын дамыту жолдары және т.б. қарастыруда.
«Іс-әрекетінің сыртқы көрінісіне қарай, біз адамның ішкі әлемін оқи аламыз», – деген С.Л.Рубинштейн.
Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне мен тұлғалық қасиетінің жоғары болуына байланысты.
Бүгінде дарынды оқушылармен жұмыста танымдық іс-әрекеттің интенсификация әдістері қолданылып келеді. Себебі, оқушыларда шығармашылық іс-әрекет жақсы дамығанымен, оқу мотивациясы мен белсенділігі төмен. Сондықтан, бұл оқушыларға өте пайдалы, өйткені, олардың креативтілігі мен белсенділігін, мотивациясын көтерудегі тиімді әдістері механикалық түрде сыныптан секірту болып келді. Дегенмен, оқушылармен жұмыста бұл негізгі мәселе емес. Негізгі мәселе – оқушылардың және жеткіншектердің ерекшеліктерінің дамуы, яғни, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда олардың негізгі мақсаттары арқылы жұмыс істеу керек. Басқаша айтқанда, олардың кәсібилігін жүзеге асыру деңгейі мәселесіне аса көңіл бөлуіміз қажет сияқты.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, аса оқушылардың жетістіктерін олардың ақыл-ой даму деңгейіне қарай болжауға болмайды. Себебі, оқушылардың аз бөлігінің ғана өз қабілеттері олардың мүмкіндік деңгейінде жүзеге асады.

Оқушыларда оның құрбыларына қарағанда шығармашылық деңгейі, көрнекті қабілеттілігі және мотивтік қажеттілік ортада белгілі бір мақсатқа ұмтылуы, онда жігерлілік, әрекетшілдік көрсетуі басым болады.

Оқушылар қолайлы жағдайда болса, ғана білімді жақсы игеретіндігінен болса керек, дәстүрлі емес қатынасқа тап болғанда, әртүрлі шешімдерді кезіктіргенде және тағы басқа да себептерге байланысты қиыншылықтарға дәрменсіздік танытады. Бұдан, шынайы сезімдерінің бұзылуы, әлеуметтік рефлексияның болмауы сияқты психологиялық ерекшеліктері мен мектеп өміріндегі мінез-құлықтарының дағдыларын аңғаруға болады.

Дарынды бала – бұл болашақта жаңа технология, жаңалық жаратушы, әділ саясаткер, рухы биік адам, ұлттық құндылық.

Дарынды оқушыларды қоғаммен әлеуметтік байланыс жасауға, өмірде кездесетін қиыншылықтарға төзімді болуға тәрбиелеу, мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін компьютерлік технология арқылы дамытудың негізі. Бұл, дарынды оқушылардың негізгі мәселесі – кәсіби өзін анықтау қиыншылықтарын жеңу, қабілеттерді мамандандыру болып табылады.

Әдебиеттер

1.Ш.Құдайбердиев шығармалары. - Алматы, 2020.
2.Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары.
3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. «Әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамы. Алматы, 2024.

Арипов А.М
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫМЕН КӨРСЕТУ

Аннотация

Дене шынықтыру сабағында компьютерді көрнекі құрал ретінде пайдаланғанда мынаны ескерген жөн: көру ағзасы есту ағзасына қарағанда миға 5 есе көп ақпарат жібереді. Көру ағзасы арқылы миға түскен ақпарат айтарлықтай кодтауды қажет етпейді, ол адам миына жеңіл, әрі тез, берік қабылданады.

Сонымен, әр уақытта да оқыту негізі болып, бақыланған объектілерден қабылданғандар жатады. Неге оқытсақ та, қандай әдістермен оқытсақ та, біз ең алдымен оқушылардың ақпаратты қабылдаудағы сезім мүшелеріне сүйенеміз.

Оқушы тыңдайды, оқиды, бақылайды – бұл іс-әрекеттердің бәрінде де оның сезім мүшелері арқылы қабылдау іске қосылады, ал содан кейін ғана есте сақтау, ойлану, ой қорыту, ақпаратты шығармашылық өңдеу және т.б. жүзеге асырылады.

Abstract

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till the year 2025 is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies.

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

Компьютерді дене шынықтыру сабағында оқыту құралы ретінде қолдануда оның тиімділігі және дидактикалық мүмкіндігі ескеріледі. Дене шынықтыруны оқыту әдістемесі оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдісін, құралдарын, формаларын, тапсырмалар жиынтығын біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Компьютерлік жүйеде мұғалім оқушының оқып-үйрену жұмысының нәтижелерін, яғни жіберілген қателер саны, тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт, оқып-үйренудің қандай деңгейіне жеткені, бақылау жұмысының бағасы жөніндегі ақпаратты компьютерден алады. Ол алынған мәліметтерді оқу бағдарламасынан, ғылыми еңбектерден, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардан алынған

ақпараттармен салыстыра отырып, оқушының ақыл-ой қызметі мүмкіндіктері мен деңгейлері сипаттамаларын талдайды.

Мұғалім келешекте бұл ақпараттарды тиімді пайдалану үшін тапсырманың орындалу нәтижесін компьютерде сақтайды. Оқыту мақсаты мен оқытудың нәтижелері арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда, оқушы оқулық, оқу-әдістемелік, анықтамалық және т.б. құралдардан қажетті ақпараттарды жинақтап, шығармашылық ізденістер жасайды да, компьютердің көмегімен өзінің жұмысты орындау деңгейіне сай тапсырмаларын қайтадан таңдап алып, оны орындауға мүмкіндік береді. Осылайша, сыртқы "компьютер-мұғалім" жүйесінде оқушының оқу-танымдық қызметін басқару үдерісі жүріп жатады.

Егер мұғалім оқушының танымдық іс-әрекетіне, қызметіне әсер еткісі келсе, ол алдымен олардың көру және есту сезімдік мүшелеріне әсер етеді. Сөйтіп, адам ақпараттың көп бөлігін осы анализаторлар көмегімен қабылдайды. Сондықтан адамның түстер мен формаларды қабылдауының физиологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Компьютер мониторы экранында визуализация жасау үшін мынадай шарттары бар:

1) Монитор экранындағы ақпарат біркелкі болғаны жөн. Мұндағы «басқару пернелері» саны шектеулі және арнайы орындарда қатаң орналасқан болуы тиіс.

2) Берілгендерді визуалді түрде бейнелеу өте «қарапайым» болып, «сурет» мәтіннің негізгі мәнін көрсетуі керек.

3) Белгілі бір дене шынықтыру сабағында спорттықәдістерді (тактикаларды) оқу материалын экранда бейнелегенде анимациялық түрінде берілгені жөн.

4) Экрандық бетте теориялық мәтін ешбір тасымалдаусыз толық берілгені дұрыс.

Спорттық оқу мәтінін визуализация түрінде жүзеге асыру барысында оқушылардың логикалық ойлау, көз арқылы көргенін есте сақтау қабілетін дамытуға әсер етуі қажет. Өйткені, «визуализация күрделі психологиялық үдеріс». Қабылдау ойлаусыз жүргізілсе, пайдасыз болады, ал қабылдаусыз ойлауды айтатын болсақ, онда қабылдаусыз ойлаудың ешқандай қажеті жоқ. Бұдан, қабылдау ойлауға тиісті болғандықтан оқушылардың ойлау қабілетін қабылдау арқылы дамыту керек, әрі жетілдіре түскен жөн. Өйткені, визаулдық ойлау ақыл-ойдың қызметі болып табылады. Ақпараттық материалды қабылдауда түр-түстік ролі ерекше. Дене шынықтыру сабағында визуалды нысанның қасиеттерін оқушылар тез қабылдайды. Мысалы, «оңға», «солға», «алға», «артқа» деген тәрізді бұйрықтарды және т.б.

А.Г.Барышкин: «Қозғалысты дұрыс қолдану визуалды ақпаратты қабылдаудың жаңа көзқарасы» деп атап көрсеткен. Сөйтіп, мына мәселелерге назар аудару қажеттігін ескерткен: 1) оқушылардың визуалды бейнені қабылдауы кеңістік – уақыт өлшемдеріне байланысты; 2) визуалды ақпараттың дене шынықтыруда маңызы зор; 3) визуалды емес үдерістерді визуалдандырудың мәні айрықша; 4) қозғалысты түр-түспен бейнелей отырып, визуалды ақпарат арқылы оқушылардың эмоциясына әсер етуші құрал болып табылады.

М.А.Чощанов: «Америкада мектепте дене шынықтыру сабағында компьютерлік технологиялар жетістігі ретінде сабақта динамика және визуалды бейнелеу кең қолданысқа ие, бұл оқушыларға материалды қол жетімділік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді» деп айтқан. Компьютерлік технологияны пайдалану мәселесін осы істелінген әдістемелік жұмыстар негізінде жүзеге асырып отырмыз.

Электрондық дискіге тиелген дене шынықтыру пәнінің компьютерлік бағдарламалары соңғы кездері көптеп шығарылуда және жекеленген оқушылар мен мұғалімдерде қолданыс табуда. Дене шынықтырудағы көрнекі оқыту дене шынықтырудың басқа бөлімдерімен байланысты материалдың мазмұндалу көрнекілігі мен белсенділік принциптерінің байланысын қамтамасыз етуге жол ашты, оқу үдерісінің ұйымдастыру деңгейін жоғарылатады.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ақпараттық қоғамы. Алматы, 2020.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім беруді цифрландыру. Алматы, 2024.

Исмаилова Г.У
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Тарих пәнінің мұғалімі

МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Оқытудың мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлі және әдістері, адамзаттың жалпы білім алу даярлығына қойылатын талаптар өркениетті педагогикалық идеяларға сәйкес өзгеріп отырады. Педагогикадағы дәстүрлі " нені оқыту керек?", "не үшін оқыту керек?", "қалай оқыту керек?" деген сұрақтарына жауап іздеумен қатар "қалай нәтижелі оқыту керек?" деген сұраққа жауап іздеу оқыту үдерісін технологияландыру мәселесіне алып келеді. Бұл компьютерлік технология негізіндегі оқыту әдістерін жетілдіріп, оқыту құралдарын тиімді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Оқыту мақсаты → мазмұны → құралы немесе мақсаты → әдістері → құралы т.с.с. ол мақсат, мазмұн және оқыту әдістерін, олардың өзара байланысынан құралған. Оқыту мақсатының өзгеруіне орай, оның мазмұны да өзгереді.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Кезінде жалпы орта мектептер оқу құрал-жабдықтар кешенімен және компьютермен толық қамтамасыз етілген болатын. Сондықтан, оқыту әдістемесін дамыту бағыттарының бірі оқу үдерісі оқыту құралдарымен қамтамасыз ету және сабақта компьютерді қолдану әдістерін жетілдіру болып табылады. Әдістеме педагогика ғылымы тәрізді оқыту әдістері, оның мазмұны, оқыту әдістері жүйесі, және оқыту құралдары мәселесімен айналысады.

Оқыту технологиясы – ЮНЕСКО-ның анықтауы бойынша білім беру формасын тиімділеудің алдына қойып отырған негізгі мәселесі-бүкіл оқыту үдерісін ұйымдастыру, қолдану мен анықтау, сонымен бірге, техникалық және адам ресурстарын, олардың өзара іс-әрекетін істей отырып, білімді меңгеру болып табылады. Дәлірек айтқанда, оқыту технологиясы дегеніміз - әртүрлі оқытудың техникалық құралдарын пайдалану, оның ішінде компьютерлік және электронды құралдарды тиімді пайдалану. Компьютерлік оқыту (Оқытудың компьютерлік технологиясы) – бұл техникалық құралдың бірі компьютер болатын оқыту жүйесі; Дидактикалық компьютерлік ортадағы білім беру-дамыту үдерісінің жүйесі. Компьютерлік технология құралдары оқу үдерісінде келесі мақсаттарда қолданылады;

1.Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру;
2.Оқушыға білім беру мен оны өзіндік жұмысқа үйрету;
3.Білімді оқыту мен бақылау;
4.Дағдыларды (санау, есеп шығару, графиктер салу және т.б.) бекіту мен дамыту;
5.Мұғалім мен оқушының жұмысын ғылыми тұрғыда ұйымдастыру;
6.Анықтамаларды (Библиография және т.с.с.) алу,
7.Оқушылардың математикалық фигураларды компьютерде бейнелеу дағдысын дамыту;
8.Оқушының пәндік үлгерімі, оларды талдау, сабаққа қатысуы мен тәртібі жайлы мәлімет алу;
9.Сергіту мен ойынды ұйымдастыру.

Компьютерге жалғанған демонстрациялық құралдарды басқаруды жүзеге асыратын компьютермен жабдықталған бейнесынып мультимедиалық немесе киберсынып деп аталады. Виртуальді әлем (латынша – viztualis - физикалық кеңістік). Виртуальді әлем – бұл тек адам қиялындағы, мысалы компьютер ойыншысының қиялындағы әлем. Мультимедиялық технологиялар және виртуальді бас киім, көзәйнек, қолғап тәрізді арнайы бұйымдар көмегімен жүзеге асатын виртуальді орта. Аудиовизуальді дидактика – оқытуда дыбыстық – және жарық техникалық құралдарды қолдану. Ақпараттық технология - алгоритмдік, бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы мен электронды – есептеуші техника базасында ақпараттарды өңдеу, тасымалдау әдістері. Педагогикалық бағдарламалық құралдар пакеті-оқу қызметінің әртүріне және әртүрлі сабақтарда қолданылатын, арнайы оқу пәнін оқып-үйренуге пайдаланалатын компьютерге арналған педагогикалық бағдарламалар пакеті. Білім беруді ақпараттандыру – білім беру мекемелерін басқару жүйесіне және оқу үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу. Бұл үш кезеңде жүзеге асады:

1. Ақпараттық технологияларды жаппай меңгеру (компьютерлік сыныптар, интербелсенді бейне, педагогика, психология және физиология мен тағы басқа аралас пәндерге арналған мәліметтер қоры, банкі);
2.Дәстүрлі оқу пәндерін бағдарламалық қамтамасыздандыру (бейне және аудио-материалдар, мультимедиа және гипермәтін жүйелері);
3.Медиакеңістікті кеңейтуге бағытталған қашықтан білім беру жүйесін аудиовизуальді енгізу. Ақпараттық технология – Ақпараттарды тасымалдау, сақтау,жинақтау мен өңдеудің технологиялық және бағдарламалық құралдар жиынтығы. Электрондық оқулық – гипермәтіндік принципте жұмыс істеуге арналған компьютерге енгізілген оқулық.

В.Г.Болтянскийдің редакциясымен жазылған «Комплексы учебного оборудования» деген еңбегінде оқу құрал-жабдықтар кешенін пайдалануға әдістемелік нұсқаулар жеткілікті дәрежеде берілген десек те, бүгінгі нарықтық экономика заманында, ақпарат ғасырында бұл мәселені жетілдіру қажеттігі туындап отыр. Қазіргі уақытта дәстүрлі оқытудың техникалық құралдарымен бірге дербес компьютерді пайдалану әдістемесі де қолға алынып, бірқатар әдістемелік зерттеулер жүргізілуде. Дегенмен, компьютерді оқу құрал-жабдықтар кешендік жүйесінің бір буыны ретінде немесе, оқытудың техникалық құралдарының орнына олардың орнын алмастырып қолдануға арналған әдістемелік ғылыми зерттелген жұмыстар жоқтың қасы. Себебі, компьютерді біріншіден, техникалық құрал – яғни, оқу құрал-жабдықтарының бір буыны ретінде пайдалана отырып, екіншіден, осы компьютер арқылы оқытудың техникалық құралдарының атқаратын мүмкіндіктерін алмастырып пайдалансақ, онда біз жедел түрде компьютерлік технологиялық оқыту мәселесін шешуіміз керек. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектерінің көптігіне қарамай, бұл мәселе күні бүгін маңызы артпаса оны жоғалтқан жоқ, себебі, компьютерлік технология арқылы көрнекілік принципті жүзеге асыруға болады.

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты және де білім беру жүйелерінің компьютерленуіне орай Қазақстандық ғалымдар да бұл үдерістен шеткері қалмай, әдіскерлер мен математиктер, мектеп мұғалімдері жаңа талаптарға сай қыруар істер атқаруда. В.П.Молочковтың «Наглядность как принцип обучения» атты ғылыми зерттеуінде былай делінген: оқу арқылы – 10 %, есту арқылы – 20 %, көру арқылы (визуалды ақпарат) – 30 %, есту және көру арқылы – 50 %, есту және көру, талқылау арқылы – 70 % ақпаратты бес сезім мүшесі арқылы қабылдаймыз.

Сонымен баланың қабылдауын мұқият зерттеген физиологтардың еңбектеріне сүйенген психолог-педагог мамандар адамның жоғары жүйке жүйесі қызметінің негізінде оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлік технология көмегімен мұғалім сөзін сабақтастырған жағдайда өтілген материалдарды меңгеру жоғары дәрежеге жетеді деп есептейді.

Оқу үдерісінде мұғалім компьютерлік технология арқылы математиканы оқытуда графиктер, сызбалар, иллюстрациялар салып, әртүрлі іс-әрекеттер орындап, жас шәкірттерге сапалы білім беруде ақпараттық дәуір заманында оқушыларды өмірге, нарық заманына бейімдейді.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде оқушы – оқулық – мұғалім жүйесі қалыптасқан. Жоғарыда аталған өзекті мәселені шешудің бірден-бір жолы қазіргі компьютерлік технологияның соңғы жетістіктерін орнымен, әрі тиімді пайдаланып, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін қолдана аламыз. Компьютерлік технологияның пайда болуы орта мектептегі кез келген пән үшін оқытуды компьютерлік технологияны қолданып жетілдіру мүмкіндігін қарастыруға әкелуде. Орта мектептерде математиканы оқытуда компьютерлік технологияны қолданып, мұғалімдер мыналарды орындайды: Сабақ кестесі; сурет салу; күнтізбелік-күнделік; оқу материалдарының конспектісі; оқушылар жайлы мәліметтік қор құру; оқу үлгерімі жиынтығына арналған кесте, диаграмма тұрғызу; кеспе, үлестірме қағаздарын дайындау; графикалық редакторлар көмегімен геометриялық фигуралар салу; шаблон бойынша сурет құру; презентацияда объект анимациясын баптау, дыбыс қосу; өз сабағында электрондық оқулықтарды қолдану; компьютерлік оқытушы бағдарламалармен жұмыс істеу; жаттықтырушы бағдарламаларды қолдану; күнтізбелік-тақырыптық жоспар түзу; плакат материалдарын ЭЕМ-де әзірлеу; компьютердің мүмкіндіктерін пайдалану; тест әзірлеу; бүкіл әлемдік интернет желісін, компьютерлік желі қызметтерін пайдалану; реферат жасау; ғылыми баяндамалар жазу; электрондық почтамен жұмыс және т.б. жұмыстар.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ақпараттық қоғамы. Алматы, 2020.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Білім беруді цифрландыру. Алматы, 2024.

Мирюнусова Г.М
С.Рақымов атындағы №53 жалпы орта білім беретін мектебі, Шымкент қаласы
Бастауыш сынып мұғалімі

БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕ ДАМУЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ФОРМАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Жалпы орта мектептің мектепте балалардың ерте дамуындағы танымдық форманың маңызы - оқушылардың танымдық ынталарын арттырудың негіздері болып, танымдық ілімі болып табылады. Танымдықтың мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы белгілі нақтылығында. Тәжірибелік және рухани әрекетте жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Бұл танымдық процестің ең жалпы үлгісі. Алайда, белсенді-танымдықтың ерекшелігінің мәні неде екенін түсіну үшін, субъектінің санасында танымдық нақты әлемнің көрінісінің екі деңгейінің барын (репродуктивті және продуктивті) бірінен бірі танымдық процестің жүріп отыру айырмашылығы бар екенін атап өту керек.

Abstract

Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр –сырын зерттей бастаған сәтімде арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы туындаған сұрақтарымның жауабын табуға берілген мүмкіндік секілді көрінді.

Әр күн жаңалықтарға толы болып, курс тыңдаушылары жаңартылған білім беру бағдарламасы, АКТ әлеуеті жайлы пікір алмасып және ауыл мектептерінің жоғары сапалы білім беруді қолжетімді ету үшін ақпараттық-білімдік ресурстарының қазіргі жағдайын талдадық.

XXI ғасыр жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізуді, өз кәсіби шығармашылығымызды шыңдауды талап етеді. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастырады. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен,топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты,шы- ғармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттары зерделей отыра тапсырмаларды ықшамсабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Зерттеулік білік пен дағдылар адамға тек ғылыми жұмыспен айналысқанда ғана емес, сонымен бірге оның басқа да қызмет аясында қажет. Шығармашыл - зерттеушілік ізденіс кез-келген кәсіптің ажырамас

бөлігі болып табылуда. Баланы зерттеушілік іс-әрекетке дайындау, зерттеулік ізденістің біліктері мен дағдыларына үйрету қазіргі кезде білім берудің маңызды міндеті болып отыр.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Білім беру әдісі өзгереді, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болады. Жаңартылған Бағдарлама жаңашыл ой тудырды. Себебі әр жаңашылдық, біріншіден, стандартты іске асыруда мұғалімнен кәсібилік, екіншіден, одан әрі сапалы нәтиже алу мақсатында жігерлі іс-әрекеттерді талап етеді. Білім беру мазмұнын жаңартудағы мұғалімнің атқаратын маңызды рөлін ескере отырып, педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар атқарылды.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда , қайырымы қайтпаса» деген екен А.Байтұрсынов. Сондықтан үнемі кәсіби біліктілігін артып, жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана шығармашылықпен, зор қуатпен еңбектенеді. Себебі, әлем таныған елде рухани бай және интеллектуалды тұлғалар мекендеу қажет.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ендеше, еліміздің әлемдік үдерістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. ТжКБ ұйымы жайлы. Алматы, 2010.
2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. ТжКБ ұйымының қызметтері. Алматы, 2012.
3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. ТжКБ ұйымының әдістемесі. Алматы, 2015.

Жұмагул Н.Б
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Физика пәнінің мұғалімі

МЕКТЕПТЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның қасиетіне айнала отырып, оның шығармашылық сипатын және қоғамдағы бағытын айқындайды, жеке тұлғаның болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.
Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері пәнге қызығушылықтан пайда болады. Қызығушылықтан оқушылардың іс-әрекеті қарқындап, қажетсінуі мен белсенділігі жоғарылайды. Танымдық қызығушылықтың жоғарылауы, дарынды баланың іс-әрекетін – ізденімпаздыққа алып барады.

Abstract

The Technical facility of the education call projection, sound - and video equipment for reproducing mortgaged in screen - sound facilities of the education to scholastic information.
Кеңестік психологтар мен дидактар: академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Р.Г.Лемберг, Л.В.Занков, М.Н.Скаткин оқытудың тәжірибесі мен теориясына және оқушылардың танымдық және шығармашылық әрекетінің белсенділігіне үлкен үлестерін қосқанын атап өтуге болады.
Мектеп оқушыларының жаңа материалды қабылдауына негіз болатындай даярлық жұмыстарының жүргізілуі олардың танымдық және шығармашылық қызметін дұрыс, әрі нақты әрекеттер негізінде іске асыруға мүмкіндік береді. Баланың өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі)

негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі, әрі жемісті болады.
Сабақтарымда көзімнің жеткені: шәкірттеріме еркін ойлауға мүмкіндік беріледі; ақыл ойы дамиды; *шығармашылық белсенділігі артады*; топтық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығы жан-жақты жетіледі; өз ойын жеткізеді.
Оқушылардың таным белсенділігі дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеріп, оларды өмірде пайдалана білуге, үйренуге деген саналы іс-әрекеті.
Оқушылардың танымдық белсенділігі туралы мәселе ғасырлар бойына жалғасқаны белгілі. Сократ оқыту барысында эвристикалық әңгімені пайдаланып, оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсетсе, Я.А.Коменский, И.Г.Песталлоци, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский т.б. оқушының негізгі жұмысы – оқушыларды өзінше ойлау, зерттеу істерін ұйымдастыру деп санаған. Оқушылардың белсенді іс-әрекет жасауын жандандыратын оқыту әдістемесі, Қазақстандық төл ғалымдарымыз академик, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының, Б.Т.Абыкановалардың және т.б. ғылыми-әдістемелік еңбектерінде айтарлықтай ілгерілетілді.
Бүгінгі Қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер, компьютерлік технологияның жетістіктері мен оның мектептердің нақты өмірмен байланысының нығаюы, және т.б. факторлар ықпалымен дидактик, әдіскер педагогтардың танымдық және шығармашылық белсенділікті дамыту теориясына деген ықыласы күшейе түсіп, оқушылардың шығармашылығын дамыту, ұйымдастыру міндеттерін шешуді авторлар танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерді нысанды түрде ұйымдастыруда деп біледі.
Зерттеушілердің еңбектеріне, әдебиеттерге, ғылыми зерттеу жұмыстарына жасалған талдаулар нәтижесінде оқушылардың белсенді оқу-танымдық әрекеті ғылыми білімдерді игеруге, біліктерін ұштап, шығармашылығын дамытуға, жеке тұлғаны сан қырлы сапалық көрсеткіштерге жетелейді деп тұжырымдауға болады.
Р.С.Омарова өз еңбектерінде танымдық белсенділік пен ізденімпаздықты жеке тұлғаның бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттері деп есептейді.
Ежелгі Рим философтарының түсіндірулері бойынша білімді игеруде оқушылардың белсенді танымдық және шығармашылық ізденімпаздығы айтарлықтай рөл атқарады.
Адамның белсенділігі, ізденімпаздығы туралы мәселелерді зерттеген В.И.Лозовая, Т.И.Шамова, Н.В.Бочкина сынды кеңестік ғалымдар:
В.И.Лозовая жеке адамның белсенділігін талдай және жүйелей келе, жеке тұлғаның мәні мен осы тұлғаның іс-әрекет ұғымына қатынасын ашуда әртүрлі көзқарастардың пайда болғанын айтады. Ғалымның пайымдауынша, түрлі көзқарастардағы белсенділік: әлеуметтік нысанның іс-әрекеті–айрықша белсенділік; іс-әрекет ұғымымен теңестіріледі; іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы; жеке адамның сипаты, қасиеті.
Т.И.Шамова белсенділікті, танымдық ізденіс іс-әрекетін біреудің жәрдемінсіз игеруге, қоршаған өмір шындығын өзгерту және жетілдіру мақсатында танымдық мәселелерді шешуге ұмтылысымен және бейімділігімен сипатталатын қасиет деп қарастырады. Расында да, егер танымдық ізденімпаздық білім мен әрекет тәсілдерін игеруге ұмтылушылықпен және бейімділікпен сипатталатын жеке адамның қасиеті болса, онда осыдан келіп белсенділікті–оқушының іс-әрекетінің сапасы деп қарайтынын, бұл сапада оқушының дара тұлғасы, оның іс-әрекет мазмұнына, сипатына көзқарасы және өзінің ерік-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға қол жеткізуге жұмылдыруға ұмтылушылығы көрініс табатынын атап өтеді. Танымдық белсенділіктің мәнін өзінің қалай түсінетініне сүйене отырып, оның үш деңгейін бөліп көрсетеді. Олар: белсенділіктің жаңғырту, түсіндіру және шығармашылық деңгейлері.
Бочкина Н.В. ізденімпаздық іс-әрекетке өздігінен икемделудің сапалық көрінісімен; іс-әрекетте оқушыға тән арнаулы нысандары мен тәсілдерін синтездеумен; өмір шындығының белгілі бір жақтарына оқушының өзгермейтін, тиянақталған қатынасымен сипатталатын жүйелі білім алу жолы есебінде қарастырылады.
Зерттеушілердің жұмыстарына жасалған шолу, жеке адамның белсенділігі мен ізденімпаздығы мәселелері жөнінде бірқатар ауқымды зерттеулер орындалғанын көрсетеді. Зерттеулерде белсенділік пен ізденімпаздық ұғымдарының ара жігін ажыратушылық байқалады. Белсенділік адамның іс-әрекетпен қатынасынан, яғни өз бетінше іс-әрекет жасауға ұмтылудан, дайын болудан, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдаудан көрініс табатын жеке тұлғаның ерекше сипаты ретінде айқындалады.
Салыстыра айтсақ, жеке адамның белсенділігі–серпінді ізденімпаздық, ал ізденімпаздық–тұрақты белсенділік екені шығады.

Әрине, оқу-танымдық белсенділік мазмұны бір аяда ғана ашыла қоймайтын күрделі ұғым болып табылады. Тегінде, жеке тұлғаның бұл біріккен қасиетінің сипатын талдау жасау кезінде жүйелі түсіндіруді талап ететін көп қырлы болса керек.

Оқушының білімге, нәтижеге жетуге деген өте белсенді, дербес танымдық іс-әрекетін – шығармашылық іс-әрекет деуімізге болады.

Жалпы шығармашылық деп – күнделікті емес, кез-келген жағдайларда шешімін таба білу, жаңаны ашуға ұмтылу деуге болады. Болмаса, шығармашылық деп – интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Олай болса, шығармашылық тапсырмалар – оқушының өз бетінше жасайтын, белсенділігінің дамуына ықпал ететін жұмыстар.

Шығармашылық үдерістің мәні әркім үшін бірдей. Айырмашылығы шығармашылықтың нақты материалында, жетістіктерінің өлшемінде және оның қоғамдық мәнділігінде. Шығармашылық үдерісті үйрену үшін данышпандарды зерттеудің қажеті жоқ. Тек көрегендік танытып, өткір көзбен емес, ең бастысы ми арқылы «көре» білу керек.

Шығармашылық та басқа іс-әрекеттер сияқты ой-түрткіні қажет етеді, бірақ барлық ой-түрткі шығармашылық туғызбайды. Олардың ішінде ең негізгісі өзін-өзі жетілдіру ой-түрткісі. Ол барлық шығармашылықтың көркем, музыкалық, техникалық және т.б. түрлерінде себепші болады.

«Балаларды мектепте сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын сабақ ана тілінде қарапайым, қызықты ұғындырылып пайдаланылса, оқыту нәтижелі болады», – дейді Ы.Алтынсарин. Оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі осы ойдан туындаған екен. Яғни, баланың ізденіп білім алуы, талаптануы оның қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана жеміс бере алады деген пікірді айтады.

«Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлық, яки алдау мен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздейтіндей болғанша ...»,–дейді Абай.

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалім балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек», – дейді А.Байтұрсынов. Олай болса, бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті алдын ала зерттеп білу, оны тану аса қажет.

Әдебиеттер

1.Ш.Құдайбердиев шығармалары. - Алматы, 2020.

2.Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары.

3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. «Әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамы. Алматы, 2024.

Исмайлова М.М

С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы

Физика пәнінің мұғалімі

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың мәселесі қарастырылуда. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балалар дамуда білімді тек арнайы мекемелерде ғана емес, қарапайым балабақша мен жалпы білім беру ұйымдарында ала алады. Арнайы білім беру жалпы білім беру жүйесінің құрамына кіріп, ерекше білім беру деп аталады. Бұл бағытта көптеген жұмыс жасалды. Алайда ерекше білім беруде әлі де белгілі бір міндеттерге қол жеткізген жоқпыз. Баяғыша, біліктілік деңгейлері жоғары дәрежеде болуы тиіс ұстаздардың жетіспеу мәселесі бар. Жүйені өзгету оңай болмайтыны түсінікті, бірақ халықтың өзіне аталған мәселе жайында көзқарасын өзгерту қажет. Балабақша, мектепте және жоғары білім беру жүйесінде ерекше білім беруге тезірек көшетін кез келді.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

«Ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін ашу: мақсатты қарым-қатынас өнері» - мұғалімдерден, психологтардан және тәрбиешілерден үлкен білім мен дағдыларды талап ететін мамандық. Бұл тек техникалық дағдыларды ғана емес, әр баланың жеке ерекшеліктерін терең түсінуді талап ететін шығармашылық процесс.

Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс - балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы маңызды және жауапты салалардың бірі. «Дарынды балалармен жұмыс» – білім мен тәрбие алу үшін ерекше жағдайларды қажет ететін балалардың дарындылығы мен қабілетін қолдауға және дамытуға бағытталған.

Білім беру жүйесі әрбір баланың білім алу қажеттіліктеріне нақты әрі сәйкес келуі тиіс, яғни арнайы жағдайлар жасалуы қажет. Осыған орай, балаларға психологиялық, педагогикалық сүйемелдеу көмегімен қамту мақсатында арнайы мамандар: логопед, дефектолог, психолог, емдік денешынықтыру нұсқаушы және тәрбиешілер командалық бағалау жасап, ерекше балалардың қажеттіліктерін анықтап, қолдау көрсетудің жеке дамытудың бағдарламаларын бейімдеп жасайды. Сонымен бірге, танымдық, сенсорлық, қимылдық, эмоционалдық ойындар арқылы сабақ құрылымы бойынша дағдыны қалыптастыруда.

Қазірде ерекше білімге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетуде әлеуметтік білім беру моделі қалыптасуда. Яғни, әлеуметтік модель дегеніміз — ерекше балаларымыздың білім алуына қолдау көрсете отырып, қоршаған ортаға бейімдеуге бағытталған. Ендеше әртүрлі бұзылыстары бар балаларды қоршаған ортаға бейімдеу үшін, олар қандай қажеттілікке мұқтаж? Олардың қажеттіліктерін анықтау үшін ең бірінші топтық кешенді бағалауды қажет етеді.

Бұл пәнаралық топтық бағалау баланың жаңа туылғаннан бастап мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы ерекше балалардың барлығына жүргізілуі тиіс. Және де қажеттіліктер анықталғаннан кейін ерекше балалармен жұмыс жасауда жұмыстың жүйесін өзгертуді талап етеді. Бұл – инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты.

Сүйемелдеудің қызметі:

1. Балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруден өткізу;
2. Нәтижелерін тиісті нысанда құжаттау;
3. Қажеттіліктерін анықтау;
4. Сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасау;
5. Жеке және топтық сабақтар жүргізу;
6. Ата-аналарға кеңес беру.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға берілетін білім инклюзивті білім деп аталады. Инклюзия деген не? Инклюзия – денсаулығы дімкәс, мүмкіндігі шектеулі балалардың өз күшіне деген сенімін арттыру арқылы басқа жеткіншектермен бірге білім алуы, яғни арнайы мамандар (логопед, дефектолог, психолог, олигофренопедагог және сурдопедагог) арқылы қосымша білімді керек етуі. Инклюзивті білім – қоғам қажеттілігі. Себебі, инклюзивті білім беру даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізудегі өзекті мәселе саналады. Оның мақсаты – дені сау баламен бірге инклюзивті білімді қажет ететін балаларды қоршаған ортаға бейімдеу. Балалардың деңгейіне қарай (тіл кемістігі, дене дамуының жеткіліксіздігі, көру қабілеті нашар, есту қабілеті бұзылған және қандастар үшін (тіл және салт-дәстүрді меңгеру бойынша ортаға бейімдеу) қажетті білім беру болып табылады.

Қазір аурудың түрлері көп. Бір-біріне ұқсас болғанымен, атаулары әр басқа. Аурулар экологияның ластануынан бастау алып, тұқым қуалаушылық, денсаулыққа немқұрайдылық таныту, жыныстық қатынастағы жұқпалы аурулар мен отбасылық жағдайдағы кикілжіңдерден де (депрессия) туындауда. Әсіресе, орталық жүйке жүйесінің бұзылуынан, мидың органикалық зақымдануынан, жүктілік пен туу кезіндегі жарақаттар мен нейроинфекция әсерінен аутист балаларды дүниеге әкеліп жатқан аналар аз емес. Ал, аутизм – ауру емес. Ол – ешбір генетикалық сараптама көрсете алмайтын, яғни адамның жан-дүниесінде болып жатқан арпалыс. Өзіңіздің бойыңыздағы байқалмайтын және байқалатын қасиеттерді балаңыздың бойынан (99% гендік) көру. Ата-аналардың көпшілігі бұл жағдайды мойындай бермейді. Аутист бала сезінуге қабілетсіз болады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізуде арнайы мамандардың қызметі үлкен шеберлік пен білімді қажет етеді. Ерекше баламен ерекше білімді мамандардың жұмыс жүргізгені дұрыс. Шетелдің білікті мамандарымен тәжірибе алмаса отырып, әдістемелік құралдар әзірленсе, нұр үстіне нұр болар еді. Білікті маман іздеп, баламен сан-саққа жүгірген ата-аналарға да арнайы оңалту (анаға да, балаға да психологиялық және психикалық тұрғыдан көмек көрсететін) орталықтары ашылуы керек деп ойлаймын. Неге десеңіз, анасымен жұмыс жүргізу арқылы баланы емдеу тиімдірек. Себебі, дені сау ана мен әкеден ғана дені сау бала өмірге келетінін ескерген жөн.

Мүмкіндігі шектеулі бала мектепке келген кезде оның даму ерекшеліктерін анықтау және оқытудың қолжетімді ортасын ұйымдастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық кешенді диагностикалау жұмысы жүргізілді. Осыдан кейін инклюзивтік білім беру кеңістігінің психоэмоционалдық, сондайақ табиғи орта сияқты түрленімдерін ендіреді. Инклюзивтік білім берудің жетекші педагогикалық технологиясына білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің ынтымақтастығын, баланың мүмкіндіктері мен оның академиялық және әлеуметтік білім алу қажеттіліктерінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқушының жетістіктерін жеке бағалау жүйесін құру қағидаларын сақтау жатады.
Инклюзивтік білім беру үлгілерінің тәжірибесі
Инклюзия идеяларын жүзеге асыру, сондай-ақ барлық оқушылардың қажеттіліктеріне жауап бере алатын педагогиканы дамыту оңай іс емес. Ғалымдар бұрынғы зерттеу жұмыстарына сүйеніп, инклюзияны жалпы алғанда табысты деп айтуға болмайтынын ескертеді, соған көптеген себептерді де келтіреді. Осы себептердің ішіндегі ең маңыздысына жалпы білім беру мен арнайы білім берудің арасында байланыстың жоқтығы деп есептейді, қазіргі кезде инклюзияға бағытталған күштергеинклюзивтік құру үдерісіне қатысушылардың ортақ құндылығы мен ортақ тілінің болмауын, ал оларсыз ынтымақтастық мүмкін болмайтыны да кедергі келтіретіні де айтылады. Мектепке мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтау міндеттемесі жүктеледі. Заң арнайы білім алуға ғана емес, сондай-ақ қосымша қызметтерді (транспорт, логопедиялық сабақтар, психолог көмегі, аудиологиялық тексеру және т.б.) алуға да құқық береді. Заң бойынша әрбір балаға жазбаша тұжырымдама және жеке оқу бағдарламасы құрылады, даму бұзылыстары бар балаларды міндетті түрде мүмкіндігінше жалпы білім беру мектептерінде оқытуға, сондай-ақ оларды бұзылыстары аз ортаға қосуға міндеттеме алады. Инклюзияның өзі кез келген адамға өзінің әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім берудің жаңа тиімді түрі ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде үлкен дайындық жұмысын жүргізуді және халықаралық тәжірибе жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен салтдәстүрлердің даму деңгейін есепке алуды білдіреді. Инклюзивтік білім беруді құқық ретінде қарастырғанда, білім берудің мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамға кең инклюзиялаудың басты талабы болатынын есте сақтау керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы конвенция. 1960 жылы 14 желтоқсанда қабылданған. БҰҰ XXI сессиядағы білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша. [Электрондық ресурс] // Қолжетімділік түзімі http://www.un.org/ru/ documents/decl_conv/conventions/educat.shtml.
2. Ақыл-ойы дамымаған тұлғаларлдың құқықтары туралы декларация. 1971 жылы 20 желтоқсанда Бас Ассамблеяның 2856 (XXVI) резолюциясымен қабылданды. [Электрондық ресурс] // Қолжетімділік түзімі http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations /retarded.shtml.
3. Баланың құқығы туралы конвенция. 1989 жылы 20 желтоқсанда Бас Ассамблеяның 44/25 резолюциясымен қабылданды. [Электрондық ресурс] // Қолжетімділік түзімі http://www.un.org/ru/documents/decl_conv /conventions /childcon.shtml.

Исраилова Д.О
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Инклюзивті білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing

how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Инклюзив-сөзі латын тілінен аударғанда-"өзімді қосқанда" ал, ағылшын тілінен аударғанда" араластырамын" деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.
Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім беру барысы- қазіргі таңда жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен арнайы сыныптар, арнайы білім беру орындары, арнайы мектепке дейінгі білім беру орындарының оқу әрекетіне енгізіліп отыр.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың 50% психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар және аутизм, жүйке жүйесі бұзылған, ақыл ой белсенділігі төмен балалар құрайды. Психикалық даму тежелісі (ПДТ) дегеніміз ғылымда психика дамуының уақытша артта қалуы деп түсіндіріледі.

Мұдай балалар мектепте және үй жағдайында ерекше қадағалауды қажет етеді. Бұл балалармен жұмыс істеу арнайы біліммен қатар бұл балалармен жұмыс істеудің нақты жолдарын білуді, оларды танып білумен қатар, оларға арнайы түзеу жұмыстарын ұйымдастырып, мұғалімге және ата-анаға бағыт-бағдар бере білу керек.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері- жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;

-барлық балаға бірдей қарым-қатынас;

Балалар арасында дискриминация болдырмау;

-арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаты:

-Балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау;

-Қоғамның көзқарасын өзгерту;

-Өз қатарластарымен тіл табыса білуге үйрету;

-Толық білім алуды ұйымдастыру;

-Қоршаған ортаға бейімдеу;

-Дені сау балалармен тең дәржеде ұстау;

-Өз өзіне сенімін арттыру;

-Кедергісіз аймақ

Инклюзивті білім беру – баланың физиологиялық дамуында сәл ерекшеліктері бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген оқушы дені сау балалар сыныбында,тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады. Арнайы топтардағы балалар бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріліп жұмыс жүргізеді. Мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене

қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқыту, балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Әдебиеттер

1.Қ.Б.Сейтешев. Инклюзивті білім беру теориясы. - Алматы, 2002.
2.А.Б.Қабдықайров. Инклюзивті білім беру. Алматы, 2001.

Кочкарова Г.Р
С.Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

МЕКТЕПТЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ - БАЛАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ШЫҢДАУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Қабілеттілік пен дарындылық мәселесі Орта Азия мен Қазақстан ойшылдарында толғандырған мәселе. Араб сөз бостандығының негізін қалаушылар (Әл-Хорезми, Фердауси, Әл-Фараби, Ибн-Сина, Бернули және т.б) философия, логика, химия, астрономия, география, медицина, психология ғалымдармен бірге жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелеріне көп еңбектер арнаған. Мысалы, Әл-Фараби «Бақытқа жету трактаты» еңбегін этикалық мәселермен қатар адам қабілеттілігіне білім беруде түрлі озық әдіс тәсілдерді қолдану жолдарына көңіл бөледі.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайда кәсіби жетістікке жалпы және арнайы қабілеттілік, білімділік, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан ата-аналардың, мұғалімдердің алдында жаңа міндет: балалардың жеке қабілеттілігін бейімділігін, анықтау және оны дамыту, соның негізінде олардың болашағына бағыт беріп тұру.

Қабілеттілік ілімі жөніндегі алғашқы зерттеулер ағылшын психологі Ф.Гольтон есімімен байланысты. Ол адамдардың жеке дара ерекшілігі мәселесін зерттеген. Ол өзінің «Таланттық тұқым қуалаушылығы оның заңдылығымен шығу тегі әдіснамалық тұрғыда негіздеп, келесі заңдылықтарды белгіленді

-өте жоғарғы қабілеттілігі болмаса, ешбір адам қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды:

-өте жоғары қабілетілігі бар адамдардың тек өз бөлігі ғана қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды.

Неміс педагогі және психологі Э. Мейман дарындылық мәселесін зерттеуді теориялық турғыда жалғастырып, соның негізінде «дарындылық қатар туа біткен дарындылық пен кейіннен игерілген дарындылықты бірлікте қарауға тырысты Э.Мейман дарындылықтың педагогикалық аспектілерің оқу мен тәрбиенің дарындылықтың дамуына әсерін, дарындылық, қабілетілік коэффициентін» көрсетті. В.Штерн ақыл-ой қабілетілігіннің келесі анықтамасын ұсынды: «Ақыл – ой қабілетілігі- өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттайтын, жаңа міндетермен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі». В. Штерннің пікірінше, дарынды деп жаң талаптарға әт түрлі салада, әр түрлі жағдайларда тез–тез бейімделе алатын адамды айтуға болады.

XIX ғ. қазақ халқы ағартушыларды халықты сауаттандыру, жеке тулғаның қабілетін дамыту мәселерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин “Табиғи ақыл өзін қоршағанда жаңа құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім” дейді.

Ш.Уәлиханов шығармашылығына жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл–ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынандай: «Қырғыз- қайсақтар табиғатынан ақыл-ойы жүйріктігімен, таңқаларлық кемшіліктігімен ерекшеленеді». Ш.Уәлиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады.

А.Құнанбаев адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ақын адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады».

Сонымен қазақ ағартушылары қабілеттіліктің туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына ат салысқан көрнекті қайраткерлер Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығуы мен қабілеттілігінің қалыптастыру мәселесін ескерту керектігі баса айтылған.

Ж.Аймауытов «Психология және мамандық таңдау» еңбегінде эксперименттік зерттеу нәтижесіне сүйеніп, мамандықты дұрыс таңдай білуге арналған кеңестерін ұсыналды. Оның пікірінше мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттерін темпераментін, қабілеттілігін, мінезін, күш-жігерін ескеру қажет. Сонымен қатар Ж. Аймауытовтың ойынша әрбір адамның белгілі бір мамандыққа деген туа біткен білімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналысқан тиімді болады.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлғаға тәрбие мәселесін интеллектуалдылық қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

Дарындылық теориясының негізгі кешегі кеңес психологтерінің еңбектерінде көрініс тапқан. Л.Вигодский, Б.Ананьев, В.Крутецкий, Н.Лейтес, В.Тепловтардың психологиялық тұжырымдары

дарындылыққа интегралдық жеке тәрбие ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қойған жоқ. Сондықтан біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарылығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілеттінің байқалуы деп түсінеміз.

«Дарындылық» ұғымы «Сый» (дар) деген сөзден шықан, дамудың қолайлы ішкі алғышартарын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда анықтама: «Дарындылық-белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

«Дарындылық» ұғымы қабілетілік ұғымына өте жақын. Дарындылық пен қабілетілік ұғымдары өткен ғасырдың 40-50 жылдарында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде тоғылығырақ зерттеледі оның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс-әрекеті жүзеге асыруда қабілетіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілетіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық дейді ғылым.

В.Крутецкин өзінің математикалық қабілетіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде «Егер қабілетіліктер деген ұғымды жеке психологиялық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі деуге болады» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, «дарындылық» қабілеттіліктің жоғарғы деңгейін белгілейді.

Дарындылық ұғымымен қатар шығармашылық, талант, данышпандық ұғымдарына да тоқтала кетейік.

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешілдігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілетіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің болуы.

Осыған орай жоғарыда аталған ұғымдардын мән- маганасын ашып, оларды қалыптастыру мәселесіне қатысты көптеген ғылыми еңбектер туындауда. Солардын бірі – Н.Лейпестің редакцияларымен 1996 жылы жарық көрген «Дарынды балалармен ересек балалардын психологиясы» кітабы. Осы еңбегінде Н.Лейпес дарындылық ұғымына мынандай анықтама береді.

«Дарындылық-баланың өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарлығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы».

Дарынды оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме жұмыстарын, пәндік олимпиадаға дайындық, конференция, КВН, дәстүрлі емес сабақ түрлерін жүргізуді ұйымдастыру жұмыстарын, өзін-өзі басқару әдісі бойынша жүргізеді. Мектепішілік пәндік олимпиадалар, конкурстар ұйымдастырып, оны қорытындылап, жеңімпаз оқушыларды марапаттап отыру да оқушылардың белсенділігін, сенімділігін арттырады.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. «Әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамы. Алматы, 2024.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Қосымша білім беруде дарындыларды тәрбиелеу. Алматы, 2024.

Кудайбердиева Р.С
С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

МЕКТЕПТЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА - ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТРЕНДІ РЕТІНДЕ

Аннотация

Шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның қасиетіне айнала отырып, оның шығармашылық сипатын және қоғамдағы бағытын айқындайды, жеке тұлғаның болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері пәнге қызығушылықтан пайда болады. Қызығушылықтан оқушылардың іс-әрекеті қарқындап, қажетсінуі мен белсенділігі жоғарылайды. Танымдық қызығушылықтың жоғарылауы, дарынды баланың іс-әрекетін – ізденімпаздыққа алып барады.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекет құрылымы бойынша, зерттеліп отырған мәселедегі шығармашылық белсенділік ұғымының мәні мен маңызы ашылып, кеңи түседі. Бұдан, көрсетіліп отырған ұғымдардың мазмұнына үңіліп, оны саралау арқылы шығармашылық белсенділік ұғымының қазіргі кезеңге үйлестірілген нақты анықтамасын табуға болады.

Шығармашылық белсенділік – ізденумен жоқ нәрсені ойлап тауып, оны кәдеге асыра алатын жеке тұлғаның ерекше қасиеті.

Академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, М.Қаламқалиев, А.Н.Леонтьев, А.Е.Әбілқасымова, т.б. еңбектерінде, танымдық және шығармашылық қызығушылық туралы зерттеулер баяндалған Жеке тұлғаны шығармашылық іс-әрекетке дайындауда танымдық қызығушылықтың маңызы зор екені белгілі. Танымдық қызығушылық жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігінің дамуына бағытталған іс-әрекет белгісі ретінде көрініп, дарынды баланың ынтасын, құлшынысы мен ақыл-ойының бағытын анықтайды, шығармашылық іс-әрекетке ықпал етеді, қажеттілігі мен ізденімпаздығын тудыруға негіз болып, шығармашылық белсенділігінің дамуына мүмкіндік береді.

Оқыту үдерісінің құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар оқытуда танымдық қызығушылықты жетілдіру, оқушының оқуға қатынасына, пәнге деген саналы көзқарасын айқындауда, соның негізінде шығармашылыққа жетелеудің мәні мен маңызы зор екендігін қуаттайды. Сол себепті, оқыту әдістемесінде танымдық, шығармашылық және әлеуметтік бірлігі үнемі ескерілуі керек. Дарынды баланың оқуға ынтасының бар болуы, оның жеке бас ерекшелігін ғана танытып қоймай, оқу нәтижесінің ол үшін маңызды екенінің де көрсеткіші болады.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын туғызудың шарттары мен амалдары бар. Солардың ішінен төмендегідей үрдістерді айтып өтуге болады. Олар:

– материалға сәйкес жаңалықтар, компьютерлік технологиямен байланысы, оның өмірлік маңызы т.б.(оқу материалының мазмұны);

– оқытудың әдістері мен формалары, оқытудың проблемалық сипаты, оқушылардың өзіндік жұмыстарын шығармашылықпен орындауы, көрнекі және компьютерлік техниканы пайдалану т.б.(оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері);

– мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгілік қарым-қатынас байланысы т.б. (сабақта мұғалімнің жылы шырайлы педагогикалық қарым-қатынасының болуы, еркін, жағымды атмосфера орнату, оқушылардың бір-біріне көмек беруі, өзара сайыс ұйымдастырып қызықтыру);

Біздің пікірімізше, қызығушылық пен қажеттілік арасындағы байланыс күрделі мәселе, бұлардың өзара байланысы болғанымен, оларды теңестіріп қарауға болмайды. Сондықтан, адам әрекетінің шығармашылық деңгейі оның ішкі қажеттерінен, танымдық қызығушылығы мен белсенділігінен, сезімдері мен мотивтері бірлігінен көрінеді. Оқушылардың қандай да іс-әрекетті орындаудағы белсенділігі, оған итермелейтін мотивтеріне, қызығушылығы мен ізденімпаздығына байланысты.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі ұғымының мәні мен маңызын көрсетуде ізденімпаздық ұғымына талдау жасаудың орны ерекше.

Ізденімпаздық – адамның өз бетімен жұмыс істеуіне, ізденуіне пайдалы әсерін беретін интеллектуалдық қабілеті.

Танымдық ізденімпаздықтың өлшемдері мыналарды: – өз бетінше білім алуға дайындықтың болуы мен оны қолдана білу; – мұғалімнің басшылығымен педагогикалық үрдісте мақсатты өзара әрекет; – қажетті білімдерінің болуы; – іс-әрекет тәсілдерін білуі; – әрекетке бейімделу және өзін-өзі бақылау; –танымдық мәселелерді өз бетінше шешу біліктілігі; – мәселелерді шешуде керекті ұжымдық нысандарды ұйымдастыру дағдыларын білуі.

Сондықтан, **ізденімпаздық дегеніміз** – танымдық хабар-ошарды қабылдаудан, күрделі шығармашылық белсенділіктің дамуымен қатар жүретін әрекет. Танымдық іс-әрекет, ізденімпаздық ұғымдары шығармашылық ұғымының мазмұнын, түсіну аясын кеңітіп, нақтылай түседі.

Шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асуы сатылап жүретін үрдіс. Осы жүйенің ішкі бөліктері мен іске асу кезеңдеріне сай әрекет компоненттері өзара алмасып, бірігіп отырады. Яғни, оқушылардың

танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығына негізделген іс-әрекетер тізбегі шығармашылық мақсаттардың орындалуына алып барады.

Мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігі білім алу қажеттілігін сезінумен ұштасып жатады.

Шығармашылықтың әдістемесі туралы С.А.Смирновтың тұжырымдамасында, педагогикалық үрдістің негізгі мақсаты ретінде, әлеуметтік тәжірибенің қарқынды жинақтауымен және баланы ішкі психологиялық тыныштық пен өз-өзіне деген сенімді қалыптастыру үйлесіміндегі қабілетін мүмкіндігінше дамытудың шарттарын жасау жағдайы айтылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, мұғалім әрекетіндегі үш бағыт беріледі. Олар:

– мұғалімнің оқушымен және бір-бірімен өзара әрекеттерін ұйымдастыру;

–сабақ барысында жеке ойындарды және оқу әрекеттерін ұйымдастырудың ойын формаларын жан-жақты пайдалану;

– оқушыларды шығармашылық әрекеттерге араластыру.

Осылайша, ғалымдардың тұжырымдамаларын, ғылыми еңбектер мен ізденістер нәтижелерін саралай отырып, шығармашылық іс-әрекеттер қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде іске асады және жас ұрпақтың дамуына әсерін тигізетін адами құндылық деуге болатынына көз жеткіздік.

Шығармашылық іс-әрекет – дарынды баланың өзіндік таным қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңіп, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға жетелейтін, бұрын белгісіз болған нәтижеге жетуге мақсатты іс-әрекет.

Оқыту үдерісі – екі жақты үдеріс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, шығармашылық іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді.

Белсендірудің қандай да тәсілі мен әдістерін пайдалануда оқушының қабілет дәрежесін ескеру керек. Күрделі танымдық міндеттерді танымдық қабілет дәрежесі жоғары оқушыларға ғана тапсыруға болады. Оқушыға оның таным күшіне сәйкес келмейтін, мүмкіндігінен жоғары, білім деңгейінен анағұрлым асып түсетін міндеттер жүктеу білім беруде оңды нәтиже бермейді.

Шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді.

Шығармашылық белсенділік – мұғалім мен оқушы арасындағы ізгілік байланыстың жоғары деңгейге көтерілуімен, мұғалімнің психологиялық-педагогикалық шеберлігімен оқушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде дамиды.

Әдебиеттер

1.Ш.Құдайбердиев шығармалары. - Алматы, 2020.

2.Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары.

3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. «Әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамы. Алматы, 2024.

Раймбекова С.А

С. Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ

Аннотация

Компьютерлік бағдарламалық құралдардың көрнекілігі дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуда үлесі үлкен екендігі анық.

Дарынды оқушыларға берілетін білімді қажетті ақпараттармен толықтырып, тақырыпты үлкен көрнекілікпен шолуға тек компьютерлік технологияның кең мүмкіндігі қолданылуы керек деп есептейміз. Өйткені, компьютерлік технологияның мұндай ерекшелігі оны электрондық тақта ретінде, қажетіне қарай лекция, презентация және т.б. сабақтарда көрнекі құрал ретінде пайдаланылып келеді.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Компьютерлік техникамен жұмыс істеген оқушылар әртүрлі бейнелерді, қозғалмалы мәтін мен графиктерді көрсетуі, ойын түріндегі ақпараттармен айналысуы мүмкін. Оқушылардың мұндай іс-әрекеті тақырыпқа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Дегенмен, бұл іс-әрекет құралдарының да мүмкіндігі шектеулі, өйткені олар оқушылардың сабақ уақытында ғана жұмыс істеуіне дайындалған. Сол себепті, компьютермен жұмыс мүмкіндігінің тиімділігін арттыру үшін, іс-әрекет құралдарын оқушылардың жеке дербес әзірлігі үстінде де пайдалануға болатындай етіп құрастыруымыз керек.

Педагогикалық іс-әрекет құралдары арқылы компьютер экранында бейнеленген сызбалар, графиктер мен физикалық құбылыстардың қозғалыстағы бейнелері және т.б. оқушыларға өтілген тақырыпты түсінікті етумен бірге, уақытты біршама үнемдеуге мүмкіндік беріп, эксперименттің көрнекілігін, ақпараттық қанықтығын елеулі түрде жоғарылатады, оқушылардың шығармашылық қызметіне белсенді түрде ықпал етіп, олардың шығармашылық белсенділігін арттырады.

Компьютерлік технологияның жоғары деңгейлі көрнекілігі, педагогикалық іс-әрекет құралдары, толық түсіну мен меңгеруге қиын болған құбылыстарды дарынды оқушылардың көз алдына әкелуіне, елестетуіне көмектеседі. Мысалы ретінде, компьютерлік құралдар арқылы түрлі орталардағы электр тогын оқу-зерттеу кезінде металл кедергісінің жылу өткізгіштігіне, электролиттер кедергісінің ерітіндінің концентрациясына тәуелділігі сияқты лабораториялық жұмыстарды бейнелеп көрсетсе құба-құп болар еді. Біз қолданған педагогикалық іс-әрекет құралдары теориялық материал мазмұнын байытып, жетілдірумен қатар, оқушылардың пәнге қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін дамытуға болатынын дәлелдеді. Бұлай оқыту оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуына ықпал етеді.

Компьютерді қажетінше пайдаланып оқыту, оқушылардың өтілген материал жөніндегі жалпы түсінігін, теориялық материалды игеруін, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту деңгейін, өз бетімен даму және жетілу мүмкіндіктерін, алған білімдерін ғылымның өзге салаларында пайдалана білуін қамтамасыз ететін оқу үдерісін ұйымдастыру олардың шығармашылық белсенділігін арттырудың оңтайлы әдісі.

Практикалық жұмыстарды орындауда оқушылардың оқуға деген белсенді құштарлығын оятып, шығармашылық белсенділігін дамыту үшін, оқытуды компьютерлік технология арқылы жүзеге асырып, педагогикалық іс-әрекет құралдарының көмегімен қалыптасқан біліктерді бекіту үшін түрлі тапсырмалар беруді жөн көрдік.

Оқушылардың алған білімін тексеру құралдары тест түріндегі сұрақтар тобынан құралып, жауапқа жұмсалатын уақыт пен талаптанулар санын және дұрыс жауаптары негізінде соңынан оқушыға нұсқаулар беріп, бағасын шығарады. Бұл құралдарға мынадай талап қойылған: оқушылар берген жауаптарының қателігі мен нәтижелерін біліп, қате жауап берген жағдайда оларға қосымша ақпарат беріліп, алғаш жауап беруге кіріскен оқушыларға сұрақтардың күрделілік деңгейін өздері таңдап алуға ерік берудің зияны болмас. Оқушылардың шығармашылығын оятатын жұмыстар беріп, олардың шығармашылық белсенділігі мен дербестігіне елеулі ықпал жасауға болады.

Оқытудың компьютерлік құралдары кез-келген ақпаратпен жұмыс істей алатын мүмкіндіктері бар арнайы компьютерлік бағдарламалар. Бүгінгі таңда мұндай оқыту құралдары көптеп кездеседі. Олар мектептерде, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің барлық сыныптары бойынша кез-келген оқу пәнінен арнайы CD немесе FLASH дисктерде дайындалып патенттелінген. Оларды қажетіне қарай компьютерлік сыныптардың, интерактивті тақталардың көмегімен пайдалану, білім беру жұмысының тиімділігін арттырады, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытады

Репетитор құралдары оқушыларға өтілетін материалдың өзара ұқсас бөліктерін бірте-бірте беру арқылы оқытады. Оқушылар өздеріне қажетті тақырыптар мен тарауларды таңдап білім алуына болады. Репетитор құралдары бастапқы және соңғы нүктелерін өзара байланыстырып жұмыс істеу қағидасына негізделген: Теориялық материал берілгеннен соң, практикалық жұмыстар түсіндіріліп, тапсырмалар беріледі. Соңынан, меңгерілген материал бойынша білімін тексеріп, бағалаумен қорытындыланады. Жіберген қателіктері бойынша нұсқаулар беріледі.

Репетитор құралдарына қойылатын талаптар: өтілетін тақырып материалы ықшамдалған, тиісті сұрақтары жеңіл болып, меңгерген білімін бағалау әдістері объективті, қарапайым болуы керек. Басқа

компьютерлік құралдардағы сияқты, мұнда да жеткілікті деңгейде көрнекі материалдармен жабдықталған болады.

Имитациялық құралдар негізінен экспериментпен тікелей жұмыс істеу мүмкін емес болып келетін табиғи процестермен жабдықтауда басқаша айтқанда, эксперимент үшін керекті жағдай, құрал-жабдықтардың орнына математикалық нобайлар көмегімен жұмыс жасағанда пайдаланылады. Дарынды балалар мектеп оқушылары мұндай құралдармен жұмыс істеу барысында нобай параметерлерін зерттеу жұмысының қажетінше өзгерте алады. Нобай – имитациялық құралдардың негізі моторы болып табылады.

Зерттеулер барысында оқушылар мақсатқа жету бағытында эксперимент күйіндегі жаңа дүниені жаратады. Яғни, нобай параметерлерін өзінің қажетіне қарай ауыстыра отырып, бұрын болмаған жаңалықтар ашудың кілтін табады. Зерттеулер барысында дарынды оқушылардың болжамдары расталып жаңалыққа айналса, кейде теріске шығып қайта болжамдауға кіріседі.

Имитациялық құралдар дайындауда мынадай мақсатты ұстану керек:

– имитациялық құралдар интерфейсі мүмкіндігінше қарапайым әрі объективті, дәл, жан-жақты жұмыс істей алатын нобайдың дайындалуы;

– имитациялық құралдар оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында нобайдың әртүрлі жағдайларында жұмыс істей алатындай болуы;

– имитациялық құралдардың шығармашылық белсенділікті дамытудағы техникалық, педагогикалық-психологиялық мәні болуы керек.

Жаттығу құралдарын пайдаланудағы негізгі мақсат – теориялық сабақтардан жинақталған білімдерді, біліктерді және дағдыларды бекіту. Жаттығу құралдарына қойылатын талаптар:

– жаттығу құралдарында білімділік, біліктілік қабілеттері түрлі деңгейлі оқушылар алған жұмысын өздігінен өңдей алуын ескерілуі;

– жаттығу құралы әрбір оқушыға өзін-өзі тексере алатындай жағдай жасап, оңтайлы жұмыстарына қолдау көрсетуі қажет;

– жаттығу құралына қосымша ынталандыру факторы ретінде салыстыру элементтерін енгізгені дұрыс;

– жаттығу құралында оқушыларды үздіксіз ізденіске баулитын, олардың шығармашылық белсенділігі дамытатын, қызығушылығын арттыратын элементтер болуы керек.

Оқу үдерісінде жаттығу құралдарын көптеп пайдалану, дарынды оқушылардың өздігінше жұмыс істеу қабілеттерін, шығармашылығын дамыта отырып, практикалық жұмыс дағдыларын жетілдірудегі маңызы зор. Мәселен, практикалық жұмыс оқушылар үшін ең күрделі оқу әрекетінің бірі: бұл жерде оқушылардың дербестігі толық көрінеді. Нәтижеде оқушылардың жалпы жағдайды талдай білуі мен тиімді шешім қабылдай алу қабілеттері дамиды.

Әдебиеттер

1. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Ақпараттық технологияны қолдану. Алматы, 2020.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Мұғалімдердің ақпараттық құзіреттілігі. Алматы, 2024.

Садикова Х.А
С.Рақымов атындағы №53 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы
Химия пәнінің мұғалімі

STEM ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

STEM (**S**cience, **T**echnology, **E**ngineering and **M**athematics) - жаратылыстану, технология, инженерия және математика. STEM оқу пәндерін біріктіру үшін қолданылатын кең термин. Сондай-ақ, бұл термин білім беру үдерісіне көзқарасты білдіреді, оған сәйкес білім алудың негізі ғылыми құбылыстарын қарапайым және қол жетімді білім алуды жеңілдетеді және процестерді терең түсінуге көмектеседі. STEM аббревиатурасы 2001 жылы АҚШ-тың Ұлттық ғылым қорының (АҚШ үкіметі жанындағы тәуелсіз агенттік, медицинадан басқа ғылымның барлық салаларында фундаменталды зерттеулер мен білім беруді ұсынатын) ғалымдары білім беру және кәсіптік салалардағы тенденцияны белгілеу үшін ұсынылған.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Халқымыздың ойшыл перзенті Шәкәрім Құдайбердіұлының «Құбылған әлем жарысы – ақылды жанның табысы» деген ұлағатты сөзі бар. Әлемде технология көз ілеспес жылдамдықпен күн сайын жаңарып, даму үстінде. Келешекте елдің байлығы, даму көрсеткіші, халықтың әл-ауқаты жерасты байлықтарының көлеміне қарай емес, заманауи технологияны қаншалықты игергеніне, онымен жұмыс істеу әдетінің қалыптасуына байланысты болмақ. Бұл тұрғыда уақыт талабы мен заман ағымына бейімделген мамандардың бәсі басым болатыны белгілі.

STEM ғылымы негізінен үш негізгі бағыттың екеуіне жатады: жаратылыстану ғылымдары (биология, физика және химия) және математика, логика және статистика сияқты формальды ғылымдар.

STEM арқылы негізгі дағдыларды дамытады, оның ішінде:

1.Мәселені шешу
2.шығармашылық
3.сыни талдау
4.топтық жұмыс
5.тәуелсіз ойлау
6.бастама
7.байланыс
8.цифрлық сауаттылық.

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).

«STEM» аббревиатурасын американдық бактериолог Р.Колвэлл 1990 жылдары алғаш рет ұсынды, бірақ ол тек 2000 жылдарда ғана белсенді қолданыла бастады. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. Технологиялардың қарқынды дамуының арқасында жаңа мамандықтар пайда болып жатыр, STEM мамандарға сұраныс жаппай өсіп жатыр. Мысалы, ЕО елдерінде бұл салада жұмысқа орналасқан мамандардың үлесі 2000 жылдан 2013 жылға дейін 12%-ға артты. Сонымен қатар, еуропалық мемлекеттерде STEM саласының кәсіпқойларына сұраныс 2025 жылға қарай 8%-ға, ал басқа мамандықтарға тек 3%-ға ғана артады деген болжам жасалды. 2011 жылы ЭЫДҰ-ның қарастырылған 16 мемлекеттің ішінде Финляндияда STEM-мамандықтар түлектерінің анағұрлым көп саны байқалды: 20-39 жастағы халықтың 100 мың адамына шаққанда 109. Бұл көрсеткіш Канада мен Швейцария көрсеткіштерінен екі есе артық.

Финляндияда STEM дамуының институциональдық жиектемесі 13 жыл бұрын құрылған болатын. Атап айтқанда, LUMA Ұлттық ғылыми білім беру орталығы мектептердің, университеттердің, өнеркәсіптің және бизнестің өзара іс-әрекетін үйлестіреді. Бұл орталық оқушыларға арналған іс-шараларды, мысалы, ғылыми-техникалық лагерьлерді әзірлейді, сонымен қатар, мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын және семинарларды жұмысынан қол үзбей ұйымдастырады. Сонымен қатар, LUMA STEM саласында әртүрлі оқу-әдістемелік материалдарды ұсынатын ресурстық орталықтың қызметін атқарады.

АҚШ-та 20-39 жастағы халықтың 100 мың адамына STEM-мамандықтың тек 475 түлегі ғана шақ келеді. Таланттар пулының шектеулілігі, 2012-2013жж. жай-күйі бойынша, бұл мемлекетте STEM саласында жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар түлектердің тек 23,9%-ы ғана есептелуімен дәлелденеді. Дегенмен, АҚШ-та STEM-білім берудің беделінің маңызы артып жатыр. Атап айтсақ, STEM қызметкерлерінің орташа табысы сағатына шамамен $34,44 құрайды, бұл басқа салалармен салыстырғанда екі есе артық (сағатына шамамен $18,68). STEM мамандықтардың жұмыссыздық деңгейі 3,1% құрайды, бұл басқа мамандықтармен салыстырғанда 4,3%-ға төмен. Сонымен қатар, 2014-2024жж. бұл саладағы қызметкерлердің үлесі 16%-ға (19% – компьютерлік ғылымдар, 12% – инженерия, 16% – жаңа өндірістік технологиялар), ал басқа салаларда тек 11%-ға артады деген болжам бар. Мамандардың пікірінше, 2020 жылға қарай STEM кәсіпқойларына сұраныс АҚШ-та 1 млн.-нан астам жаңа жұмыс орындарын қосады.

STEM-білім берудің АҚШ-тағы өзектілігін 2013 жылы қабылданған STEM-білім беруді дамыту жөніндегі Стратегиялық жоспар да дәлелдейді. Жоспар аясында 2020 жылға қарай 100 000 жаңа тиімді STEM мұғалімдерді даярлау және мұғалімдердің қазіргі контингентіне қолдау көрсету жоспарланды. Басқа мақсат: орта мектепте әр оқу жылы STEM-ге тартылған білім алушылардың үлесін 50%-ға дейін арттыру.

Әлемнің басқа мемлекеттерінде математикалық және ғылыми-техникалық білім беруді дамыту жөнінде мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды. Мысалы, Малайзияның 2013-2025 жылдарға арналған білімді дамыту жоспары аясында STEM-білім беру реформасы қарастырылды.

Бұл реформаның 1-кезеңі (2013-2015жж.) – куррикулумды жетілдіру, мұғалімдерді даярлау, оқытудың кешенді әдістерін пайдалану арқылы STEM-білім берудің сапасын арттыру;

2-кезең (2016-2020жж.) – қоғамның STEM-дегі хабардарлығын және мүдделілігін БАҚ кампаниялар және серіктестік байланыстар арқылы жоғарылату;

3-кезең (2021-2025жж.) – алғашқы екі кезең бастамаларының сәттілігін бағалау және жаңа бастамалары мен бағдарламалары бар жаңа жол картасын әзірлеу.

Австралияда 2015 жылы STEM-білім беруді мектептерде дамытудың 2016-2026 жылдарға арналған Ұлттық стратегиясы қабылданды (National STEM School Education Strategy). Стратегияда бес басты міндет анықталды:

1) оқушыларды STEM-ге тарту және қызықтыру, қабілетін арттыру;

2) мұғалімдердің әлеуетін және STEM пәндерге оқыту сапасын арттыру;

3) мектептерде STEM-білімін алу мүмкіндіктерін қолдау;

Еуропаның 10 астам мемлекетте осыған ұқсас ұлттық стратегиялар мен бастамалар бар (Австрия, Германия, Франция, Италия, Нидерланды, Норвегия, Ұлыбритания, Италия, Ирландия, Испания және т.б.). STEM-білім беруді дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа келетін болсақ, «In Genious» ең ірі халықаралық жобалардың бірі болып табылады, ол 2011 жылдан 2014 жылға дейін жалғасты. Оған Австрия, Бельгия, Чехия, Дания, Эстония, Финляндия, Германия және т.б. қатысты. Бұл жоба индустриалдық-білім беру саласында инновациялық тәжірибелердің репозиторийін құруға, озық және жаңашыл тәжірибелерді таратуға және ынталандыруға бағытталды. Оған 1500 астам мұғалім қатысты, 158 мектеп пен өнеркәсіп өкілдерінің арасында ынтымақтастық орнатылды, әртүрлі семинарлар, жазғы мектептер, онлайн-конференциялар және т.б. ұйымдастырылды. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.

Әдебиеттер

1.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. STEM оқыту. Алматы, 2010.

2.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. STEM оқыту әдістері. Алматы, 2022.

Хакулиева Н.Н
Ханарық жалпы білім беретін мектебі, Шымкент қаласы
Бастауыш сынп мұғалімі

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Abstract

World Englishes is a term for emerging localized or indigenized varieties of English, especially varieties that have developed in territories influenced by the United Kingdom or the United States. The study of World Englishes consists of identifying varieties of English used in diverse sociolinguistic contexts globally and analyzing

how sociolinguistic histories, multicultural backgrounds and contexts of function influence the use of English in different regions of the world.

Мектепте оқушы қызметін белсендіру негізінде, білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық және педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға тиістіміз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»-деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

Проблемалық оқыту – мұғалім басшылығымен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

Коммуникативтік байланыс технологиясы – шеттілдер мен байланыс негізінде оқыту.Сабақтың практикалық жағына бағытталады.Коммуникативтік оқыту қарым-қатынас жағдайларын құруға мүмкіндік береді:

1.Қызығушылығын коммуникативтік тұрғыдан арттыру, коммуникативтік мотивация;

2.Дұрыс бағытта сөйлеу;

3.Өзара қатынастың қалыптасуы;

4.Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай стратегиялар арқылы іске асады: ассоциация, кооперативтік қызмет, көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау.

Технология енгізу қорытындысы:

– оқу үрдісіне деген қызығушылықтың артуы;

– оқушының өзбетімен білім алуына мүмкіндік береді;

– сыныпта «қайырымды білім» атмосферасы қалыптасады.

Оқу процесін тиімді басқару мен ұйымдастыру негізіндегі педагогикалық технологиялар

1.Түсіндіре баяндау арқылы тірек схемаларын қолдана отырып, перспективалы оза оқыту (С.Н. Лысенкова). Бұл технологияда материалды меңгеру үш кезеңде жүреді:

– алдын ала;

– жаңа ұғымдарды дәлелдеу, оларды жинақтау, қолдану;

– оқу іс-әрекеті және ойлау әдістерін дамыту.

Оқу материалдарын осылайша деңгейлеу білімді ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік береді.

2.Деңгейлік саралау технологиясы – саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді.

3.Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлерімен модельдерін қарастырады:

– мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;

– оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады.

Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін, әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

4.Оқытудың ұжымдық әдісі (ОҰӘ)

ОҰӘ – оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы.

ОҰӘ принциптері:

– жоғары жетістікке талпыну;

– алынған мәліметті бір- біріне лезде кідіріссіз жеткізу;

– оқушылар арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық;

– әртүрлі деңгейлік;

– тақырып пен тапсырмалардың әртүрлілігі;

5.Топтық технология.

Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

6.Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.
Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру процестері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір модельдерді пайдалануға негізделеді.
Оқу материалдарын дидактикалық жетілдіру негізіндегі педагогикалық технология
1.«Мәдени диалог»
Оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында диалог түрінде құрылады: орыс тілінің сөздігі мен Европа мәдениетінің негізгі түрлерінің тарихи бір ізділігі;
Оқу негізгі «таңдану нүктесі» айналасына орналасқан ішкі диалогқа негізделіп құрылады.
2.Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ)
ДБІ технологиясының ашушы элементі – жаттығу – триада элементтері сабақтардың бірінде қаралады:
– қазіргі тапсырма;
– кімге арналғандығы;
– жинақтау;
Технология мазмұнының басты ерекшелігі пән оқу материалдарының дәстүрлі дидактикалық құрылымын қайта құру.
3.Ойлау қызметін этаптар бойынша қалыптастыру, мақстаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауынқажет етеді.
Жеке пәндік педагогикалық технологиялар
1.Ерте және интенсивті сауаттылыққа оқыту технологиясы.
Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты активтендіре отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.
2.Жалпы оқу шеберлігі – бастауыш мектепте жетілдіретін технология.
Технологияның мақсаттық бағыты:
– қайталап айтуға үйрету;
– білім іскерлік және дағдыны терең меңгеру;
3.Эффектілі сабақтар системасына негізделген технология.
– стандартты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
– ойлау қызметіне әдіс-тәсілдерді меңгеру;

Әдебиеттер

1.Ы.Алтынсарин. таңдамалы шығармалары.
2.Ерматов Ш. Білім берудегі тәжірибелер мен инновациялық технологиялар-Алматы, 2022.
3.Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Инновация. Алматы, 2024.

Бақытжанова З.А
«Ойыл қазақ орта мектебі» КММ Ақтөбе облысы,
Ойыл ауданы, Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Абдибаева Ы.Н
«Жақия Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ Ақтөбе облысы,
Ойыл ауданы, Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

САБАҚ БАРЫСЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация

Мақаламызда ерекше білім беруді қажет ететін әр балаға жеке индивид ретінде қарап, оларға берілетін білімнің мазмұны бірдей болғанымен, берілу жолдары әр түрлі болатындығы туралы айтылады.

Аннотация

Наша статья рассматривает каждого ребенка с особыми образовательными потребностями как личность и говорит о том, что хотя содержание предоставляемого им образования одинаково, способы его получения различны.

Abstract

Our article considers each child with special educational needs as an individual and suggests that although the content of the education provided to them is the same, the methods of obtaining it are different.

Инклюзивті білім беру – жалпы білім беру кеңістігінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту дегенді білдіреді. Манчестер университетінің профессоры Питер Миттлердің айтуынша, «инклюзивті білім – түпкі мақсатқа жетудің алғашқы қадамы – жынысы, жасына, этникалық жағдайына, қабілетіне, дамуындағы кемшіліктердің болуына немесе болмауына қарамастан барлық балалар мен ересектерге мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам құру, қоғамға толықтай қатысу және оған ықпал ету».

Мектеп ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыны оның жеке қажеттіліктеріне қарай табысты оқуы үшін барлық қажетті жағдайлармен және қызметтермен қамтамасыз етуге міндетті. Ерекше білім беру қажеттіліктері дүниежүзілік қоғамдастықтың көптеген елдерінде кең тараған ұғым. Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға денсаулығына байланысты білім алуға тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған және арнайы жалпы білім беретін оқу жоспарларымен, қосымша білім берудің білім беру бағдарламарын қажет ететін балалар жатады.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беру – бұл сапалы білімнің барлығына бірдей қолжетімділігі деген сөз. Сондықтан барлық оқушы бірдей білім алуға құқылы. Тек сол білімді ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше зор болып табылады. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі, әр баланың танымы, қызығушылығы, қабылдауы әр басқа болғандықтан мұғалімнің баламен жүргізетін жұмысы да жан-жақтылықты, шығармашылықты талап ететіндігі туралы айта келіп, әр баланың өзіндік даму ерекшелігіне тоқталады. Соған орай барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмайтындықтан, әр баланың ерекшелігін ескере отыра, олардың қажеттілігін қанағаттандыратындай әдіс-тәсілдерді қолдану керектігі, осы қажеттілікті өтеуде бірге көмекке келетін бірден-бір жол саралап оқыту болып табылады.

Бүгінгі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алып жатыр. Олар мұғалімдердің білім беру тәжірибелерін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту латын тіліндегі «difference» сөзінен алынған, ол – біртұтас затты түрлі бөліктерге, сатыларға, нұсқаларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді.

Балаға әр пән бойынша берілетін білім мазмұнында осы нәрселер басты орында тұруы керек. Ол үшін мұғалім өз міндетін шығармашылықпен атқарып, әр сабақта оқытудың түрлі тәсілдерін орнымен қолдана білуі керек. Осындай мақсатқа бағытталған тәсілдердің бірі – саралау тапсырмалары арқылы оқыту.

Саралап оқытудың мақсаты әртүрлі оқушының бейімділіктерін айқындауға, қабілетін дамытуға қолдайлы жағдайлар жасау. Саралап оқыту дегеніміз – бір материалды барлық оқушыларға әртүлі оқыту дегенді білдіреді және мұғалімнен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастырды талап етеді. Саралау тапсырмаларын қолданудың тиімділігі – өз бетімен дами алатын, әртүрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді жеке тұлға тәрбиелеуге бағытталған білім беру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен саралап оқытуды ұйымдастыру шартты түрде үш топ айқындалады. Бұл топтардың құрамы өзгеріп тұруы мүмкін.

Жазбаша сауал:

- Түрлі дәрежедегі карточкаларды, үш деңгейдегі тесттерді пайдалануға болады.
- Жазбаша сұрақ қою кезінде оқушылардың барлығына күрделілік деңгейі бірдей тапсырма ұсынуға болады, бірақ әр топ үшін оны қалай орындау керек екенін көрсететін ақпарат мөлшерін саралау қажет:

✓ 3-топ үшін – тек қана мақсат;
✓ 2-топ үшін – назар аударуды қажет ететін кейбір тармақтар;
✓ 1-топ үшін – тапсырманы орындау бойынша толық нұсқаулық.

Жаңа материалды түсіндіру

Жаңа материалды түсіндіру кезінде «А» тобының оқушыларына проблемалық сұрақтар қоюға болады, ал «С» және «В» топтарының оқушыларына бұрын зерделенген материал сұрақтарына жауап беру бойынша тапсырмалар беруге болады,сондай-ақ жекелеген оқушыларға «А» тобының оқушыларынан соң олардың жауабын қайталауды сұрауға болады. Егер 1-топқа арналған тапсырма негізінен репродуктивті іс-әрекетті және аздап ішінара іздеу сипатындағы тапсырмалар басым болады;3-топта жоғары ойлауды қажет ететін проблемалықтапсырмалар қамтылады.

Жаңа материалды бекіту

Сабақтың осы кезеңінде ЕББҚ бар оқушылармен әр тақырып бойынша басты сұрақтарға тоқтала кетіп, тақырыптың негізгі тұстарын қайталау маңызды.

«В» тобының оқушыларына оқылған материал бойынша жауап жоспарын құру тапсырмасын беруге болады,бұл уақытта «С» тобының оқушылары тесттегі алдын ала қойылған сұрақтарға жауап іздейді, «А» тобының оқушылары тесттегі синтез, жинақтап бағалау арқылы қорытынды жасайды.

Құрамы ауыспалы топтарда «А» тобының оқушылары «С» тобының оқушыларына практикалық тапсырманы орындауға көмектесетін бірін –бірі оқытуды ұйымдастыруға болады.

Үй тапсырмасы

«А» тобының оқушыларына қосымша әдебиеттерді оқып, зерттеу сипатындағы баяндама жасау тапсырмасын беруге болады. «В» және «С» топтарының оқушыларына баяндама жасауды ұсынуға болады, бірақ дайындық үшін қажетті әдебиетті беруге немесе дереккөзді ұсынуға оқушының қабілетін ескере отырып, мазмұндау үшін материалдың көлемін шамалап беруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

. Лиходедова Л.Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. («Білім» мамандықтары тобына арналған оқу құралы). Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021.

3. Ізғали Ж.І. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал/Использовании дифференцированых способов в планировании и обучении. Методическое пособие / – Атырау / 2019.

Тлеумагамбетова А.А
Ақтөбе қаласы, МКҚК «№19 «Бұлақ» балабақшасы»
тәрбиеші

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ – БАРЛЫҚ БАЛАЛАРДЫҢ МҰҚТАЖДЫҚТАРЫН ЕСКЕРЕТІН, ЖАЛПЫ БІЛІМ ҮРДІСІНІҢ ДАМУЫ

Аннотация

В настоящее время проблема, которая привлекает внимание всей мировой общественности, - инклюзивное образование, предусматривающее полное включение детей в образовательный процесс с участием среды, семьи в соответствии с их индивидуальными запросами и особенностями.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті (франц. inclusif – өзіне енгізетін, лат. include – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етиетін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен

оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге,үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігіжеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым- қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім берудін мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары:

* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшіліктерін есепке ала отырып әзірлентін оқытудың жеке бағдарламасы

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармн жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқуышының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдйын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО
Жарықпаев Қ. Жалпы психология 2000ж.
Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педпгогикалық түзету арқылы қолдау туралы ҚР 2002ж. №343заңы
Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана-2010ж

Сенгалиева Н.Н
Ақтөбе қаласы, МКҚК «№36 «Балақай» бөбекжай –балабақшасы тәрбиеші

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ – ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграцияүдерістерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуа бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі айтылған.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз — барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім берудің мазмұны:

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

-жалпы мектептерге арналған типік оқу бағдарламалары:

— мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы

Егер ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде «Тағамдар», «Дүкенде» тақырыптары өтілсе, сабақтан тыс уақыттарда тақырыптық эксурсия өткізудің маңызы ерекше. Бірақ балалар белгілі бір объектіні сырттай бақылап қана қоймай, ересектердің әрекеттеріне еліктей отырып, өздері де жас шамаларына қарай әрекет ете алатындай етіп ұйымдастыру өте маңызды. Мысалы, дүкен жұмысын бақылаудағы экскурсиялар балалар сауда залдарында жүріп түрлі бөлімдерді белгілер арқылы анықтауға болатынын, сатушыдан керектерін сұрауға, дүкендегі қалыптасқан қоғамдық тәртіп ережелерін сақтауға үйренетіндей және өздері әрекет жасайтындай етіп жоспарлану керек. Мұндай экскурсия үлкен, егжей-тегжейлі ұйымдастыру жұмыстарын қажет етеді. Егер педагог әрбір ұйымдастырылатын әрекет, іс-шаралардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, алынған материалдарын игертіп қана қоймай, балаларға (экскурсия барысына есеп беру, әңгіме жазу немесе бір оқушының әрекеттерін сипаттау) т.б. тапсырмалар жүйесін дайындаса, бұл мүмкіндіктері шектелген балаларды өз ісіне, жұмысына, берілген тапсырмаларды орындауға дағдыларын қалыптастырумен қатар, балаларға үлкен жауапкершілікті сезіне бастауға дайындап, жүктей бастайды. Мысалы, төменгі топтарда ұйымдастырылатын ойындардың өзінде жеке баланың әрекеті барлық ұжымның әрекетімен тікелей байланысты екенін түсіндіру. Яғни, «Кітапханада» ойыны барысында бір бала кітапханашыдан керек кітабын сұрамаса, кітапханашы ол балаға керек кітабын тауып баре алмайтынын, ойын желісі осы жерден үзіліп қалуы мүмкін. Немесе қимылды ойындар барысындағы ойын ережесін қатаң сақтау керектігін түсіндіру. Ал ойын ережесі сақталмаған жағдайда ойын барысы осы жерден үзілетіні туралы түсіндірілумен қатар, ережені сақтамаудың себебі мен салдарын түсіндірудің де маңызы ерекше. Тәжірибе мүмкіндіктері шектелген балалар жүйелі жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмыстар нәтижесінде компьютерде, қылқаламмен көптеген әдемі туындылар жасай алатынын, т.б. белгілі бір еңбек даярлығын, кейін түрлі өндірісте ұжыммен бірлесе отырып, мүмкіндігіне сай айналыса алатын еңбек түрін анықтай алатынын көрсетіп отыр. Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қызғалыс координацияларының т.б. жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан, психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы қиындықтарды құрады. Ал, бұл қиындықтарды жою мен оның алдын алу үшін мұндай балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі жұмыс атқаруы қажет. Онда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің

барлық бағыттарына жетекшілік ететін қызмет координаторы, мұғалім-дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері жұмыс атқарады. Яғни, психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Соның ішінен педагог-дефектологтың психикалық дамуы тежелген балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі мынадай бағыттарда іске асырылады: I. Диагностикалық бағыт: — баланы алғашқы дефектологиялық тексеру; — баланың психикалық дамуының динамикасын жүйелі түрде кезең бойына бақылау; — баланың даму деңгейіне әсер еткен әдіс-тәсілдер мен таңдалған бағдарламаның тиімділігін анықтау; — мүмкіндігі шектеулі баланың жеке ерекшіліктерін, танымдық қызметін, ерік-жігер саласын, отбасындағы тәрбиелік жағдайдың даму ерекшеліктерін зерттеу; — жалпы білім беру ұйымдарының бағдарламасын меңгерудің деңгейін анықтау; — компенсаторлық мүмкіндіктерді іздеп табу; — баламен жұмыстың бағыттарын айқындау мен бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу. Сонымен, диагностика келесі міндеттерді шешуге бағытталады. Баланы алғашқы тексеру. Оның мақсаты: баланың жақын даму аймағы мен актуалды даму аймағын, оқу барысындағы қиыншылықтардың себептері мен механизмдерін анықтау. Диагностикалық зерттеу жұмысы қыркүйек айы бойы жүргізілді. Бұл диагностиканың қорытындысы дефектологиялық тексеру хаттамасында, балаға дефектологиялық анықтама бергенде тіркеледі. Баланы динамикалық тексеру – оқыту процесінде оқушының даму деңгейіне таңдалған оқытудың түрі, әдістері мен тәсілдердің сәйкестігін анықтау, баланың даму динамикасын бақылап отыру мақсатында жүргізіледі. Динамикалық тексеру жылына екі рет жүргізіледі. Сонымен бірге, баланы динамикалық зерттеу баланың пән бойынша жеткен жетістіктерімен баланың даму нәтижесін салыстыруды көздейді. Баланың оқу дағдыларының қалыптасқандығын (ақпаратты қабылдауы, оқу қызметін ұйымдастыра алу, өзін-өзі бақылау) тексереді. Кезеңдік диагностика – бұл диагностиканың түрі баламен жүргізілген түзете-дамыту жұмысының баланың оқу-танымдық қызметіне тигізген әсерінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Түзете-дамытудың бағдарламасының игеру деңгейінің нәтижесін бағалағанда баланың білім-білік дағдылары игеруге қажет танымдық қабілетінің қаншалықты қалыптасқандығына ғана емес, баланың игерген білімін берілген мәселеде өз бетімен қаншалықты қолдана алатынына көңіл бөлінеді. Ағымдық диагностика – бұл диагностика әртүрлі мамандар тарапынан сұрау бойынша жүргізіледі. Бұл диагностиканың белгілі бір өткізу уақыты болмайды. Ол жыл бойына сұрау бойынша жүргізіледі. Баланы психологиялықпедагогикалық қолдаудағы диагностикалық бағыттың тағы бір негізгі міндеттерінің бірі – бастапқы кезеңде баланың алда кездесетін қиыншылықтары мен оқу процесінде бүгінгі күні бар қиыншылықтардың себебін, механизмін анықтау болып табылады. Диагностикалық жұмыстың негізгі қағидалары: жан-жақтылық, кешенділік, жүйелілік, тұтастық. Аталған қағидаларды ескере отырып, әр психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету қызметінің маманы өз бағыты бойынша балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді. құрылымымен оның айқындылық дәрежесіне байланысты түзету жұмысының мазмұны анықталады. Сонымен қатар төмендегідей міндеттерді жүзеге асырады: -ұстаздар мен ата-аналарға арналған әдістемелік құралдарды жасау; -оқушыға портфолио құрастыру. Портфолио – бала жеткен жетістіктердің, баланың білім-білік дағдыларының, баланың жеке өсуін қадағалайтын, бала дамуының көрсеткіші. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті білім беру жүйесінде баланың тәрбиесіне, оқу процесіне, жақтын дамуына, әлеуметтенуіне, бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған кәсіби белсенді жүйе. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметіндегі мұғалім-дефектолог баланы психологиялық-педагогикалық қолдауда тек білім мазмұнына ғана өзгерістер енгізіп қоймай, баланың танымдық қабілеттерін дамыту мен жалпы баланың өмірін ұйымдастыруды көздейді. Психодиагностикалық тестілеу баланың танымдық мүмкіндіктерін қалыптастыруда басты маңызды шарт – мұғалім-дефектологтың психологиялық құзырлығы болып табылады. Мұның бәрі баланың танымдық қабілетінің дамуына мүмкіндік жасау мен баланың өзіне деген сенімінің артуына, жетістіктерге бір қадам жақындауға жағдай жасайды.

Балқұл Ә.А
Ақтөбе қаласы, МКҚК №36 «Балақай» бөбекжай-балабақшасы
Тәрбиеші

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ

Қазіргі таңда бүкіл әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Әлеуметтік – экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде мүмкіндіктері шектелген балалардың жеке даралық ерекшеліктеріне, қазіргі қоғамдағы орнына, олардың мінез-құлық және мінез ерекшеліктеріне мән бермеу бүгінгі қоғам дамуында мүмкін емес.

Баланың бойындағы кез-келген кемшілік, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын шектеуде, оған адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірбиесін игеруге кедергі келтіретіні бәрімізге белгілі.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға өзгелермен бірдей оқуға, жұмыс істеуге, демалуға т.б. яғни қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, дегенмен бұны шынайы түрде іске асыру оңай емес.

Психофизиологиялық ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық-педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады. Дегенмен осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен танымдық дамытуларда балаларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммунакабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар барлық пәндер арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Практика барысында балардың әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс істеу, еңбек етуге деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

* blended learning (blended learning, combining various types of classroom and independent learning under the guidance of a teacher based on electronic educational materials) [1, p. 44]."

Let's look at self-study in more details.

The benefits of self-teaching English include the following:

- 'Autodidacting' English is straightforward, and if you have the willpower and the discipline to be consistent, it's even better because you can (1) fit it into your busy schedule, (2) learn at your own pace, (3) set your own deadlines for reaching your milestones, and (4) take breaks as needed without missing anything important or making others wait for your return.
- (5) Learn exactly what you personally need, not what other students may require. You don't have to sit through lessons on topics you already understand.

For those who realize the great potential of autodidactism, I've compiled a list of FUN ways to learn English so that it doesn't feel like a chore. Here are a few options for self-teaching:

1. Watch your favorite *movies*. Utilize the internet to your advantage and make an effort to find free websites that offer your favorite movies with subtitles. When you combine the visual representation of English words with the way they are pronounced, you are learning effectively and efficiently.
2. Listen to your favorite *music* with lyrics and sing along. This is an effective way to improve pronunciation and sound more like a native speaker. Consider going to a karaoke bar, as it's similar to singing along to a song with on-screen lyrics. Gradually try to reduce your reliance on subtitles. Remember, 'practice makes perfect'. If you're not ready to watch English content without subtitles, start with toddler cartoons and animations. They offer a great source of basic vocabulary, including colors, numbers, animals and their sounds; children's songs; and short stories.
3. Write to-do or shopping *lists* in English. It's a productive practice that can enhance your vocabulary.
4. Keep *a diary* in English.
5. *Make friends* with native English speakers online and engage in regular conversations with them.
6. This one may seem counterintuitive: browse through English-speaking *social media posts* instead of those in your native language. It's not procrastination if it contributes to your language learning.
7. Download *apps* such as Duolingo, Rosetta Stone, or Babbel to learn English. A recently developed app, Bold Voice, has become significant for English pronunciation—it listens to how you pronounce a sentence and offers corrections for speaking without an accent.
8. Listen to *podcasts* and *audiobooks*. This allows you to multitask, combining entertainment or learning with language practice. You can also listen with headphones in bed before sleep, which can be more relaxing than counting sheep.
9. Listen to the *radio* and *news broadcasts*. Focus on grasping the overall context rather than understanding every single word.
10. Read English *books* and *magazines*. Choosing different genres broadens your horizons and makes the experience enjoyable.
11. If you travel frequently, you've probably noticed that everything—from *brochures* on airplanes to *directions* in hotels—is in English. Seize this opportunity to learn a few things, or try speaking English with a tourist—it will be a memorable experience.
12. *Ask questions* and don't be afraid of appearing foolish. A Japanese proverb says, "The man who asks a question is a fool for a minute. The man who does not ask remains a fool forever." Which one are you?
13. *Listen to people* who have successfully learned English. Many self-taught individuals share their advice on YouTube about how they achieved fluency.
14. Set your *phone's language* to English, along with all your social media accounts, your computer, your tablet, and applications like Microsoft Word, Google Spreadsheets etc. Even though it may seem time-consuming, seize every opportunity to use English—it's a long-term investment in your language skills.
15. Memorize *verses or short paragraphs*. Start with simple tasks and compete only with yourself. This way, you'll soon surpass others who began learning English at the same time as you.
16. Read *manuals* for new electronic devices to expand your knowledge. Ensure you read various genres of books, watch movies, listen to music, and immerse yourself in different styles of content. Doing so will enrich your English vocabulary with words from several aspects of life.
17. *Take tests* like IELTS, TOEFL, etc. They are not only a great way to assess your knowledge and skills but also help you identify your strengths and areas for improvement.
18. Using *flashcards* is a quick method for enhancing vocabulary. Using different colors may help, but you can also download mobile apps, which saves time.

Make sure to combine reading, writing, listening speaking skills to improve your English comprehensively.

Список литературы:

Шарипова Ё.К. САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТУДЕНТОВ ПО ИЗУЧЕНИЮ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА. // Наука и образование сегодня. М., 2020. № 6(53)-2. С. 44-45.

Карпова Н.П.
Учитель физической культуры
КГУ «Пригородная средняя школа» г.Актобе

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ STEAM-ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация.

В данной статье рассматривается связь между физической активностью и развитием креативного мышления обучающихся начальных классов. Именно в этот период ребенок готов и способен всесторонне развиваться. Приведены примеры практических заданий. Авторы описывают одну из эффективных технологий, которая вызывает интерес к учебе, повышает учебно-познавательную мотивацию на уроке.

Annotation.

This article examines the relationship between physical activity and the development of creative thinking in primary school students. It is during this period that the child is ready and able to develop comprehensively. Examples of practical tasks are given. The authors describe one of the effective technologies that arouses interest in learning, increases educational and cognitive motivation in the classroom.

Ключевые слова: STEM(STEAM)-технология, формирование ЗОЖ, двигательная активность, метапредметная связь.

С появлением гаджетов и удаленной работы, создаются предпосылки для малоактивного образа жизни. Человек, отличающийся двигательной активностью, систематически занимающийся физическими упражнениями, может выполнить значительно большую работу в современной социально-экономической системе в разнообразных формах: предпринимательстве, различных технических изобретениях, создании произведений искусства, а также в отношениях с людьми и государственном управлении.

Современное общество вовлечено в процессы глобализации рынка и усиления конкуренции. Нужно быстро реагировать на изменения, применять нестандартные решения, генерировать новые оригинальные идеи. Общество нуждается в необычных решениях знакомых задач, в новых подходах к решению известных и исследованных, казалось бы, проблем, а также в новых способах поведения в типичных ситуациях. Большинство профессий в современном мире нуждаются в креативности, коммуникативности, двигательной активности, в активизации творческого начала.

Как показывает статистика, патологические изменения органов кровообращения, дыхательных путей и нервной системы в городах в полтора-два раза выше, чем на селе.

На сегодняшний день связь между креативностью и физической активностью обнаруживается в том, что физическая активность стимулирует сознание, улучшает работу мышления, творческих способностей и продуктивности человека. В ходе многочисленных исследований было выявлено, что человек, занимающийся регулярной физической активностью, имеет более высокую концентрацию гормона норадреналина, который соответствует бодрствованию и повышенной активности.

Проблема развития креативности с начальных классов является очень актуальной. Именно в этот период ребенок готов и способен всесторонне развиваться.

Возраст 6-10 лет характеризуется перестройкой системы взаимоотношений с окружающим миром, сменой ведущего вида деятельности с игрового на учебную, интенсивным интеллектуальным развитием. Опора на активный, креативный потенциал младшего школьника, активизация творчества, повышают эффективность его деятельности, успешность обучения.

Как сделать так, чтобы дети хорошо учились и с удовольствием шли на занятия? Этот вопрос волнует педагогов с древнейших времен. На протяжении всей истории они постоянно подыскивают новые методы, методики, системы преподавания, приближают всех к заветной цели – хорошей успеваемости и качеству знаний. Практика показывает, что пока человек сам не захочет научиться чему-либо его ничему нельзя научить. В целях решения определенных образовательных задач необходимо использовать потребность у младших школьников в игре. Это самая свободная, естественная форма двигательной активности. В ней осознается, изучается процесс физического воспитания, развивается креативное мышление, проявляется личное творчество, самопознание, самовыражение ребенка. Двигательная активность младших школьников представляет собой средство развития креативного мышления и формирования личности младшего школьника в целом.

Вызвать интерес к учебе, повысить учебно-познавательную мотивацию на уроке помогает такая технология организации учебной деятельности, как STEAM-образование. Оно способствует формированию у младших школьников креативного мышления, коммуникативных навыков, умения работать в коллективе, и в целом помогает становлению активной личности.

Практическая направленность STEAM создает благоприятные предпосылки и для реализации следующих требований ГОСО МП РК: организация активной учебно-познавательной деятельности; участие в социально значимом труде и приобретение практического опыта; формирование способности применять полученные знания на практике, в том числе в социально-проектных ситуациях; формирование коммуникативной компетентности в общении и сотрудничестве со сверстниками; ориентировка в мире профессий и формирование устойчивых познавательных интересов как основы выбора будущей профессии. **STEAM** – это пять разных предметных областей, объединенных в одном уроке. **S(science)** – это наука или тот материал, которые обучающихся должны усвоить. **T(technology)** – технология, как алгоритм последовательности действий. **E(engineering)** – инжене́рия. Здесь ученики могут побывать в роли ученого и изобретателя. С помощью материалов по проектированию и моделированию обучающихся создают макеты различных предметов и объектов. **A(art)** – искусство. Здесь раскрывается творческий подход учащихся к выполнению заданий. **M (maths)** – это математика. В ходе учебной деятельности затрагиваются различные величины, количественные отношения, рациональность, работает логика.

STEAM развивает креативное мышление, обучающиеся учатся выстраивать последовательность своих действий на уроке. Большую часть времени они находятся в движении, работая в парах, группах, индивидуально.

Сочетание математики и физкультуры дает много преимуществ: способствует повышению уровня познавательной активности, развитию мышления и других психических процессов, облегчает процесс познания, повышает общий эмоциональный фон занятия, так же способствует формированию у детей целостного восприятия окружающего мира, предоставляет возможность для повышения двигательной активности.

Инструкция 1. Задание 1-2.

загрузить коробки с планеты Земля на космический корабль. Космический корабль надо собрать ıе.

е 1 – «СОБЕРИ РАКЕТУ»

зыку дети мастерят ракету из разноцветных модулей.



Задание 2 – «ПОГРУЗКА КОРАБЛЯ»

Первые участники встают около первой «фигуры» и по верёвке перетаскивают её на другую сторону, затем возвращаются в конец оманды. К заданию приступают следующие игроки.



К.Д. Ушинский писал: «Учите ребенка каким-нибудь неизвестным ему пяти словам – он будет долго и напрасно мучиться, но свяжите двадцать таких слов с картинками, и он их усвоит на лету». Ребенок мыслит образами.

На уроках физкультуры, в начальной школе можно придумать образ для буквы в словарном слове. Обучающимся необходимо «оживить» букву и создать её «образ» в конкретном слове. Например, буквы О в слове БАСКЕТБОЛ, ФУТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ, ГАНДБОЛ превратились в мяч. Так не имеющее никакого отношения к ребенку словарное слово наполняется его идеями, закрепляется в памяти его личными яркими ассоциациями.



Технология способствует: развитию интереса к техническим дисциплинам; совершенствованию навыков критического мышления. Обучение происходит через игру. Учащиеся решают нестандартные задачи путем тестирования и проведения различных опытов. STEAM – новая образовательная технология, сочетающая в себе несколько предметных областей, является инструментом развития исследовательских компетенций и навыков работы в группе. Особенностью технологии является применение принципа двигательной активности на уроках. Она способствует повышению творческих способностей, развитию креативного мышления, улучшению памяти и внимательности, что в свою очередь влияет на повышение качества образования.

Литература

1. Белова С.С. Творчество: психологические и компьютерные модели // Психология: Журнал Высшей школы экономики. – 2018. – 236 с.
2. Лучшева М.Д., Рыкова Н.Ф. связь между физической активностью и развитием творческого мышления // Вестник науки. 2023. №12 (69).

Тортаева.А.Ж
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің
«Төле би атындағы орта мектебі» КММ (Шу қаласы)
Информатика пәні мұғалімі
Педогог-зерттеуші

БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Аннотация

Инновациялар адам қызметінің әр түрлі салаларына енгізіледі, бұл адамдарды жаңа жетістіктерге жетелейді, білімдерін, біліктері мен дағдыларын жетілдіреді және байланысты экономикалық секторларда жаңа әрекеттерді дамытады. Білім беру жүйесі қоғамға өнімділіктің өсуіне, жұмысшылардың жаңа түрлеріне және адамдардың қажеттіліктеріне бағытталған цифрлық дәуірге қауіпсіз өтуге мүмкіндік беруі керек. Білім беруді цифрландыру жаңа деңгейге өтуге негіз жасады.

Abstract:

Innovations are introduced into various fields of human activity, which leads people to new achievements, improves knowledge, skills and develops new actions in related sectors of the economy. The education system should allow society to safely move into the digital age, focused on productivity growth, new types of workers and people's needs. Digitalization of education has created the basis for the transition to a new level.

Кілт сөздер: цифрлық сауттылық,экономика, ақпарат, технология, IT

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады. Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлік» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Кейбір адамдар әлі күнге дейін цифрлау үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастарда. Цифрландыру процесті және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.

Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуі тиіс.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді.

Мысалы, онлайн оқыту нарығының кестесін қарастырайық (1-сурет). Графиктен көріп отырғанымыздай, онлайн оқыту Солтүстік Америкада (АҚШ, Канада), Батыс Еуропада (Еуропа елдерінің көпшілігі), сондай-ақ Азияда (Қытай, Жапония) ең күшті дамыды. Шығыс Еуропада онлайн оқыту нарығын дамыту бұрын айтылған елдерге қарағанда әлдеқайда аз екенін атап өту маңызды.

Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады. Мәселен, мысалы, Англияның Гранж мектебі мектептің ішіндегі «қала» сияқты жасалған. Гранж мектебінде телевизия мен радиостанциялар құрылып, балаларға әлем шынайылығындағы жағдайларды жақсартуға көмектеседі.

Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту өзектілігі әлеуметтік функциясының маңыздылығы – білімді өндіру және түрлендірумен негізделеді, олар қазіргі қоғамдағы еңбек бөлінісінде шешуші рөлді атқарады. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы барынша табыстылыққа тек егер білім беру саясатына негізделген барлық бағдарламалық қондырғылар әлем тәжрибесімен жиналған оң әлеуеттен барлық мүмкін болатынды өзіне жинай алса ғана қол жеткізуге болады. Және де, әсіресе Орталық Азиядағы көптеген елдер үшін, білім беру жүйесін жаңғырту мәселесі әлі де өзекті болып қалуда.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Осылайша, көптеген жоғары оқу орындары білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді тәжірибесін талдап, осы әдістің артықшылықтарын түсінді. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету, мекеменің әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне қажет.

Қазақстанда Білім және ғылым министрлігі цифрландыру саласында бірнеше міндеттерді қойды:

- орта білім беру жүйесінде ақпараттандыруды дамыту;
- білім беру мен ғылымды басқару процесін автоматтандыру;
- IT мамандарын оқыту.

Бірінші бағытта (орта білім берудегі ақпараттандыруды дамыту) министрлік мектептегі информатикаға «Информатика» пәнін ерте енгізуді бастады. Ең дұрысы, бірінші сыныптан объектіні енгізу жоспарлануда. Қазір бұл мүмкіндік сарапшылармен талқылануда.

Әлемдік тәжірибеде, мысалы, ЭЫДҰ елдерінде бағдарламалау негіздері бірінші сыныптан бастап оқытады. Қазақстанда «Информатика» пәні 5-сыныптан, ал биылғы жылы - 3-сыныптан оқытылады. Сондай-ақ балалар робототехникаға қатысады. Бүгінгі таңда 3000-нан астам мектеп және оқушылар сарайында робототехникада элективті курс енгізілді. 100% -ға дейін қамту жоспарлануда - робототехника шкафтары жаңартылады, ал мұғалімдер біліктілік арттыру курстарынан өтетін болады.

Бүкіләлемдік банктің қарызы шамамен 70% бейне жабдығына кетеді. Міндеті - аудандарда және қалалардағы сыныптарды 80%жабдықтау. Бүгінгі күннің өзінде еліміздегі 600 мектептің «Білімал» және «Мектеп» электронды журналдары бар (3,5 миллион пайдаланушы).

Тағы бір мәселе – балалардың денсаулық жағдайына жаңа технологиялардың әсері. Балалардың техникамен жұмыс істеуі үшін рұқсат етілген, қатаң тексерілген санитарлық-гигиеналық нормалар болуға тиіс. Білім мен ғылымды цифрландыруды дамыту бойынша орта білім жүйесінде ақпараттандыруды дамыту, білім беруді және ғылымды басқару процесін автоматтандыру және IT мамандарды даярлау бағытында тиісті жұмыстар 3 бағытта жүргізілуде.

Бүгінге дейін бес мыңнан астам ұстаз біліктілігін арттырса, биыл үш мыңға жуық мұғалімді оқыту жоспарда бар. Қазіргі таңда мектептердің 99 пайызы (6 960 мектеп) интернетке қосылған, оның ішінде 62 пайызы жылдам интернетті қолданады. Оның жылдамдығы 4 Мбит секундқа жетеді. Екі жарым мың мектепте (35%) Wi-Fi тартылды. Барлық мектептерге bilimland деген үш тілдегі инновациялық контент берілді». Бұл Министр келтірген деректерге сүйенсек, 2016-2017 жылдары 14 мыңнан астам мультимедиялық жиынтық

сатып алынған. Биыл осы бағытта республикалық бюджеттен тағы да алты миллиард теңге қарастырылған. Сонымен қатар 4 мыңнан астам мектепте электронды күнделік енгізілді.
Екінші бағытта білім беруді цифрландыруға білім беру мен ғылымды басқару үдерісін автоматтандыру жатады. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру білім берудің барлық деңгейлерін, мектептен балабақшаларға дейін, PhD дипломдарына дейін қамтуы тиіс.
Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балабақшаларда автоматты түрде тарату жүйесі енгізілуде. Қазіргі кезде Астана, Алматы, Шымкентте және Батыс Қазақстан облысында кезекке қою және балабақшаларға бағыт беру автоматтандырылған. Осы жұмысты осы жылдың аяғына дейін аяқтау жоспарлануда.
Орта білім беру жүйесінде мұғалімдерді бос емес жұмыстардан (бірнеше есептерді толтыру) жою және ақпараттың қайталануын жою үшін қолданылатын үш жүйені қалдыру жоспарлануда:
- Ұлттық білім беру деректер базасы (ҰБДБ);
- Электронды журнал (Күнделік);
- Бұлтты бухгалтерия
Техникалық және кәсіптік білім беру саласында электрондық кітапхананы басқару мен дамытудың ақпараттық жүйесі сынақтан өткізілуде.
2018 жылдың соңына қарай, студенттің электрондық паспортын, сабақтар мен үй тапсырмасының кестесін, сынақ кітапшаларын, жатақханаларда орынды қамтамасыз етуді және конкурстық оқуға түсуді цифрландыру жоспарланып отыр. Жоғары білім қазірдің өзінде цифрлық форматтағы сынақ кітапшаларына, сабақ кестесі мен үй тапсырмасына ауыстырылды.
Білім және ғылым басқару процесінің берілген автоматизациясы олардың арасында бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі, мысалы: ауылдық және қалалық мектептер арасында білім сапасының алшақтығы, оқушылардың ауыр рюкзактары, мұғалімдердің есеп қағазының үлкен сомасы, компьютерлер мен Интернеттің жоқтығы, білім беруде бала процесін бақылаудың жоқтығы және оның өнімділігі.
Екінші бағыт – білім жүйесін басқару процестерін автоматтандыру. Осыған сәйкес, балабақшаларға кезекке тұру және жолдама беру кезегін автоматтандырудың жаңа стандарты бекітілді. Мектептерге қабылдау, өзара ауысу электронды режимде іске асырыла бастаған көрінеді. Үшінші бағыт – Бүгінде ақпараттық технология саласындағы білім сапасын арттыру мақсатында университеттер рейтингі әзірленген. Мұндай қадам жоғары оқу орындарында бәсекелестіктің артып, оқу сапасының жақсаруына жәрдемдеседі.
Тұжырымдаманың тағы бір бағыты – «Big Data» жүйесін құрып, онлайн талдау жасау. Ол үшін әуелі мұғалімдер мен оқушыларды компьютерлер, ноутбуктер, смартфондармен жабдықтау қажет. Келесі мәселе – білім ордаларындағы интернет желісіне қол жетімділік.
Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру.
Орта білім берудегі оқу үдерісін автоматтандыру үшін электронды журналдар жүйесі пайдаланылуда. Электронды журналдарды енгізген мектептерде қағаз түріндегісін қолдануға тыйым салынады. Әзірлеушілердің пікірінше, бұл қосарланушылықты тоқтатады және есептілікті айтарлықтай қысқартады.
Жоғары білім беруде «Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі» жұмыс жасайды, ол ақпараттық жүйелерді ықпалдастырудың көмегімен толығады, осылайша әрбір оқушының мәртебесі бойынша өзекті мәліметтерді әрдайым көруге мүмкіндік береді. Ғылым саласында барлық ғылыми гранттарға өтінім беру, есептер қабылдау, мақалаларды есепке алу, электронды мекен-жайлар базасы цифрландырылды.
Екінші бағыт – цифрлық білім беру контенті бойынша мектептер үшін үш тілде 80 мың бейнефильм мен интерактивті сабақтар енгізілді, олар мұғалімге сабақты әлдеқайда жоғары деңгейде жүргізуге көмектеседі. Биыл 7 082 мектеп аталған цифрлық ресурстарға қолжетімді болды.
Аталған цифрлық ресурстар онлайн және оффлайн режимдерде қолжетімді, яғни мұғалім – пәнді жүргізуші дайын бейнематериалды алып, оны сабақ барысында оқу материалын түсіндіру немесе бекіту үшін пайдаланады. Мұғалімге енді сабақтарға қосымша материал іздеудің қажеті жоқ.
Жұмыстың үшінші бағыты IT-мамандарды даярлау болып табылады. Қазақстанда осы мамандық бойынша жоғары білім беру гранттары жыл сайын артып келеді. Биылғы жылы Президенттің тапсырмасы бойынша қосымша 20 мың грант бөлінді, оның 11 мыңы техникалық мамандықтар үшін, «киберқауіпсіздік» саласына ерекше назар аударылды. Қазақстандық студенттер осы мамандықты шет елдерде игеру үшін стипендия алады.
Үшінші бағыт – білім беруді басқаруды цифрландыру – басқарудың бірыңғай жүйесін құруды қарастырады, оған барлық білім берудің мәліметтер базалары негізінде Big Data құру енгізіледі.

Осы үш бағыттың барлығы бірте-бірте және жүйелі түрде биылдан бастап дамиды, бірақ бүгінгі таңда іске асыру үдерісін баяулататын бірнеше проблемалар бар. Олардың ішінде компьютерлермен / ноутбуктермен, смартфондармен жеткіліксіз қамтылу. Тағы бір кедергі – Интернет желісіне қолжетімдіктің болмауы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, мектептердің тек 62% интернетке қосылған, ал 37% -ы қосылмаған. Үкімет «Цифрлік Қазақстан» бағдарламасына сәйкес барлық мектептерді біріктіру бойынша ауқымды жоспарды жасады.

Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап қазақ мектептері цифрлық білім беру ресурстарына (ЦББР) қосылған, олардың базасына 40 мың бейне және интерактивті сабатар кірді. Барлық мектептерде Интернетке қолжетімділік жоқ екенін ескере отырып, цифрлық білім беру ресурстары мектептердің арнайы серверлеріне орналастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-аналитикалық орталығы жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының оқытушылары ең белсенді цифрлік білім беру ресурстарын пайдаланады. Талдау 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2018 жылдың 10 қаңтарына дейінгі кезеңге сәйкес жасалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. – Астана, 2017.-282 б.
2 Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
3 Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.

Абилова А.Ш.
Ақтөбе қаласы, №50 «Алтын бесік» б\б Тәрбиеші

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ

Аннотация

Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу,болашағына жол сілтеу-бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани адамгершілікке трбиеле білім бер мен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – бала өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-тұлғаны қалыптастырудың жануарға және экологияға жақсылық тілеп, жасауы. Сондықтан рухани адамгершілік жеке негізі болып табылады, оның көрсеткіштері басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, өзін-өзі жетілдіру.

Қазірі уақыттағы балаларды тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге байланысты бірнеше іс-шаралар жүзеге асуда. Халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде баланы рухани адамгершілік тәрбиесін дұрыс жолға қою міндеттерін жүзеге асыру басты мақсат болатыны белгілі. Осы жылдары одақ көлемінде Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Ш.Амоношвили т.б. ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде балаларды жан-жақты дамытып, оның белсенділігін арттыруды көздеген дамыта оқыту технологиялары дүниеге келді. Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастағы рухани-адамгершілік байланысын орнатып, ынтымақтастыққа қол жеткізуде Ш.Амоношвили мұғалімдерге мынадай кеңес береді: «Педагогикалық үрдісте баламен тіл таба білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңілдегісін айтуға рұқсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы ұстаз жанының қозғалысымен ынтымақтастық тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады.

Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұласып кетеді. Мұндай жағдайда тәрбиеші мен бала арасында рухани тұтастық пайда болады», - деп рухани адамгершілік қарым-қатынас қай кезде орныгатынын осылай пайымдайды.

Демек, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Тәрбиешіге мынандай қасиеттер қажет: жылылық, түсінгіштік,сезімталдық,кең ойлай алу,шабыттандыра алу, шығармашылық ізденіс.Тәрбиешінің балалар алдында жаза баспау,оларға теріс әсер етпеу жолдарын ойлап,өздерін жетілдіруге бейім тұруының өзі олардың рухани-адамгершілік білім беру жолындағы дамуын көрсетеді. Баланың сана-сезімін,адамгершілік мұраттарын қалыптастыратын-тәрбиенің ең бірінші рухани міндеті. Рухани- адамгершілік білім барысында әрдайым осы мұраттарды басты нысана етіп ұстау қажет. Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп,өз идеяларына ұқсауға ұмтылады.Ендеше рухани-адами салауаттылық жолын қалыптастыру уақыты жеткен тәрізді.

Білім беру жүйесінің негізін балалардың рухани-адамгершілік тұрғысынан кемелденуге назар адару керек. Жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер үлгісі берер тәлім-тәрбиесі мол болмақ. Ал оның бәрі адамның бойында жас кезінен бастап қаланса тұрақты қалыптаспақ. Сонда ғана дұрыс бағыт алып, бағдарды ерте айқындаған баланың бойында бұл құндылықтардың қатары көбейіп саны арта түседі. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деген Әль-Фараби. Балалардың рухани – адамгершілігін дамыта отырып білім беру – адам бойындағы жағымды қасиеттер мен жағымсыз ойлар баламен ішкі сезімдік байланыс орнатқанда ғана бір-біріне ауысады.

Рухани азықты тауып, дәмін татып мейірін қандырған адам ғана бұл дүниенің қызыл-жасылы мен баянсыз бақыттарына жүрек байламай, алаңсыз толық қанағат кеіпіне келіп, өмірден өзінің нақты орнын табады. Сонда ғана ол өзінің адам деген атына заты сай көзі ашық, көкірегі ояу кемел дәрежесіне жетеді. Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы – оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады.Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына басым көңіл бөлген халқымыз өміртануды діттеп, оның пәлсапалық заңдылықтарын терең ұғынған халқымыз жан азығын ең әуелі нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруді бастайды, одан соң жас балдырған жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіреді. Адам өмірінің «алтын бесігі» - балабақша есігін ашқан балдырған жарығы мол жаңаша өмірде адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп өмір заңдылықтарын үйренеді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, іземттілік, қонақжайлық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Білім өзінің шынай міндетіне жауап беру үшін балаларда жас кезінен бастап, ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті: сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, төзімділікті, мейірбандықты, шыншылдықты және басқа асыл қасиеттерді дамыту керек.

Дүйсеғалиев Н.А, Коптлеуова С.М
«Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» КММ

ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢІСТІГІНЕ ШЫҒУ ЖОЛЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТТАРДЫҢ БІРІ

Аннотация

Одним из актуальных требований современного общества является подготовка высокообразованных, творчески способных специалистов. В статье рассмотрена тема необходимости использования инновационных технологий в сфере образования, подготовка высококвалифицированных специалистов, отвечающих требованиям современного общества.

Түйінді сөздер

Технология,теория, шығармашылық

Дүниежүзілік өркениетке бет алған еліміздің болашағы білім мен мәдениеттің тізгінін нық ұстап, жарқын мақсат пен міндеттерге көз тіккен ұстаздар қауымының қолында тұр. Ұлы жазушы әрі ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың: «Ел боламын десең,бесігіңді түзе» - деген өте терең мәнді нақылы барлығымызға таныс.

Ол еліңнің ертеңі-жас ұрпағыңды- жақсылап өсір деген сөз ғой. Оған қоса, «бесік» сөзі тәрбиең ұлттық мәйекті болсын дегенге де меңзеп тұр. Осы міндеттің көп салмағы мұғалімдерге түсетіні аян.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, соңғы жылдары қабылданған және іске асырылып жатқан отандық білім беру жүйесін реформалау,оны дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, тұжырымдамалық негіздері білім берудегі жаңа парадигмаға айқындық береді. Ал, жаңа білім беру парадигмалары жалпы білім беретін мектептерде орта білімнің жаңа мақсатын, міндеттерін, басылымдықтарын, құндылықтарын анықтайды.

Дәстүрлі білім беру мазмұнсыз сендіру, басқа біреудің тәжірибесін мәжбүрлі түрде қабылдау, белгілі қалыптағы ой-сана иесін қалыптастыру, баланы тәрбие нысаны деп қарау сияқты ережелерді басшылыққа алған.Ал жаңа педагогикалық парадигма білім берудің мақсаты мен міндеттеріне, мазмұны мен формаларына, әдіс-тәсілдеріне мүлдем жаңа тұрғыдан келеді. Демек, оқушы оқыту мен тәрбиелеудің нысанына, дербес білім алатын, өзін-өзі қалыптастыратын, дамытатын тұлғаға айналады.

Бүгінгі заманғы Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты- оқу-тәрбие жұмысын жақсарту.Әсіресе, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі де нақты білім беру , белгілі бір мамандыққа баулу маңызды мәселенің бірі болып отыр.Ол үшін мұғалім сабақ арасында оқушылардың шығармашылық біліктілігін дамытуға жағдай жасай білу қажет.Білімді жас ұрпақты тәрбиелеу тек қағидалармен шешілмейді.Оны іске асыратын жағдайлар қажет, мектеп қабырғасынан білімді, қабілетті жастарды оқытып шығару үшін оқу-тәрбие жұмысын жүргізетін ұстаздардың білімді, мәдениетті, тәрбиелі болуы қажет.

Соңғы уақытта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, соның ішінде мектепте Отандық тарихтан білім беруді, оқушыларды елжандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу, оқу пәнінің мазмұны мен құрылымын үнемі жетілдіру, оқытушылардың біліктілігін көтеру, жаңа оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерін шығару оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды талап етеді.

Шығармашылыққа баулу – уақыт талабы, әлемдік білім кеңістігіне шығу жолында бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру – білім саласындағы басты мақсаттардың бірі. Осы мақсатта біз жас маманға қаншалықты дәрежеде көмек беріп келеміз? Тәлімгерлер жас мамандардың сұранысын қанағаттандырып жүр ме? Жас маман неден қиналып, нені меңгере алмай жүр? Осы сауалдарға жауап іздеп көрейік. Сабаққа жақсы дайындалғанымен кейде қандай мұғалім болсын, тіпті тәжірибелі болса да, өтетін сабағында қандай жағдаяттар кез келерін алдын ала біле бермейді. Сондықтан кей жағдайда мұғалім жоспарынан ауытқып кетуі ықтимал. Сол үшін мұғалім психологиялық жағынан дайын тұруы керек. Сабақты жақсы көңіл күймен, шабытпен, шығармашылық ізденіспен мақсат қоя отырып жоспарлағанда ғана сабақ нәтижелі шығады. Ең бастысы, мақсаттан ауытқымау керек.

Мұғалім үшін ең басты назар аударатын мәселе – сабақтың әдісі.Оқыту үрдісінде сан мыңдаған әдістер бар. Сол әдісті техналогиядан ажырата білуіміз керек. Бұл күнде мұғалімдер жаңа технологияларды өз сабақтарында пайдаланып та жүр. Кейде сол технологияларды орынсыз қолданып, сабақта өзі көздеген мақсатына жете алмай жүрген мұғалімдер де кездеседі. Сонымен әдіс дегеніміз – мұғалімнің белгілі бір мақсатқа жетудегі іс-әрекеті, тәсілі. Ал, технология дегеніміз – көптеген әдістер жиынтығы. Сөзіміз түсініктірек болу үшін көз алдымызға үлкен бір құрылысты елестетіп көрейік. Сол құрылысты салу үшін көптеген кірпіш керек. Ал сол кірпіштерді дұрыс қаламаса, ол құлап қалуы мүмкін. Ол үшін білгір маман басқару керек. Міне, біздің технологиямыз да осы іспеттес. Мұғалім – басқарушы ретінде әдістерді тиімді пайдалана білмесе, ол технологияны түсібегені. Ондай жағдайда мұғалім мақсатына жете алмайды. Өйткені мұғалімге сабақтың жоспары белгілі. Енді жоғарыдағы дәстүрлі, дәстүрлі емес сабақтарды еске түсірейік. Соңғы кездері оқыту үрдісінде интерактивті әдістер көбірек қолданылып жүр. Оны әсіресе, қалыптан тыс сабақтарда пайдаланған тиімді. Алға қойған мақсатқа жету үшін мұғалім қай әдісті қашан және қалай қолдану керектігін алдын ала жоспарлап отыруы керек.

XXI ғасырда қоғам мемлекет дамуының ең басты тірегі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстандағы білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейде болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының білім беру жүйесінің міндеттері бабында жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектісін байыту деп көрсетілгендей, қазіргі қоғамымыз шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер адамдарға мұқтаж болып отыр. Шығармашылық белсенділікті біз адамның жеке түсінуіндегі талпынысынан

туындайтын белгілі зерттеушілік және қоғамдық пайдалы маңызы бар міндеттерді шешуге жетудің әрекетшіліктің жоғары сапалы деңгейі деп анықтай аламыз. Осыдан педагогтың кәсіби деңгейінің, әдістемелік шеберлігі және мәдени біліктілігі арқылы оқытудың дәрежесін көтеру – оқушыларды сапалы біліммен қаруландыруға болатындығының кепілі. «Қалай оқыту керек?» дегенге жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан, жаңа техналогияларды пайдалана білуінен, өзінің нақты мақсатын айқын көре алуынан және сол арқылы баланы әлемдік ақпараттық қоғамның толқынды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберінен іздеу қажет. Қоғамдағы қай қызметте болсын білімділік пен біліктілікке қойылатын талап күшейетін болса, онда білімге деген құштарлық артады.

Өз ісіне шын берілген біліктілігі мен кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдерді дайындау жолдары:

1. педагогикалық мамандық беретін оқу орындарында талаптарды күшейту, яғни білімі терең, сауатты мектеп түлектерін қабылдау;
2. оларға терең сапалы білім беріп, сабаққа қойылатын негізгі талаптарды үйрету;
3. мемлекеттік емес оқу орындарының білім сапасына қатаң бақылау қою;
4. жеделдетілген сырттан оқуды доғару, оқу мерзімін арттыру.

Кез келген бала санасына асыл қасиеттерді сіңіру үшін білім нәрімен сусындатуымыз қажет. Біліммен бірге шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқу-тәрбие үрдісінде басым бағыттарды ұстанғанымыз абзал.

Бірлескен жұмыс түрлеріне шығармашылық, білімді демократиядандыру және ізгілендіру, оқыту сапасын арттыру, басқару тиімділігін жетілдіру, оқушылардың дамуына бақылау жасау жатады.

Оқушы шығармашылығы үнемі сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы керек. Мұғалімнің ең үлкен міндеті – шығармашылық бағыт- бағдар беріп отыруы. Шығармашылықпен айналысуы үшін жеке дара оқушы емес, сыныптың мектептің бүкіл балалары ойласу үшін мүмкіндік туғызуы,өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату қажет.

Мұғалім оқушы үшін тек ұстаз ғана емес, сенімді досы болмағы ләзім. Егер мұғалім шығармашылықпен айналысатын болса, балалармен пікір алмасатыны заңды. Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: **біріншісі –**«сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген тыс қорғаныш сезімі, **екіншісі**— өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі, **үшіншісі**-жалқаулық.

Оқушының шығармашылықпен айналысуы үшін мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу керек. Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыруға тиіспіз. Оқушыны шығармашылыққа баулу үшін мұғалім өзі де қаруланууы керек. Кез келген жұмыстың механизмін түсінбейтін мұғалім оқушыны үйретіп баулымақ түгілі оқушы жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін тани да алмайды. Мұғалім оқушы шығармашылығын дамытып бағыт-бағдар беруде мыналарды ескеруі керек:

- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілдерін меңгеру;
- көркемдік шешім табу,оқиға құру, бейне жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;
- шығармашылық үрдісті деректер мен мәліметтерге педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан баға бере білу, теориялық, тәжірибелік тұжырымдар жасау.

Ұлы неміс педагогі А.Дистервергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» дегені мәлім. Сондықтан да ойлауға үйретететін сабақты дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Бұл – мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынас. Мұғалім бұл жағдайларда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы болатындықтан, оқушының шығармашылығын арттырады.

Сабақта жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығуы артатыны даусыз.

Ш.Уалиханов айтқандай: «...Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету-біздің әрқайсымыздың борышымыз.»

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Алметов Н. Басқару қызметкерлерінің кәсіби құзырлығын дамыту. //Қазақстан мектебі 2007, №7/8 10-11б
2.Ахатаев Ғ.Шығармашылық біліктілікті қалыптастырудың мазмұны. // Қазақстан мектебі 2007,№9 76-77б
3.Бейсенова Г. Шығармашылық белсенділікті дамыту – биік міндет. // Қазақстан мектебі 2007,№10 11-12б

Дуйсегалиева А.А
Бастауыш класс мұғалімі, «№10 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

В данной статье рассмотренны эффективные пути применения иннавационных технологий образования.

Түйінді сөздер

Технология, тәрбие, интеллект, модуль.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған ролі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауы қажеттігі қарастырылған.

Дәстүрлі оқыту технологиясының білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғандығы оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрініс табуда. Осыған орай оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің қазіргі технологияларын жетілдіріп, мектепте сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті – технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Бастауыш сатыда әрбір пән бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштер тәсілдері ретіндегі деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Оқушының дайындық деңгейін саралау оқушының жеке танымдық мүмкіндігін ескерудің басты тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Тапсырмаларды білімді қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады.

Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушының іс-әрекеттік – компетенттік тәсілге (өз бетінше іздену, өз бетінше білім алу, өзін-өзі білім алуға тәрбиелеу, дамыту) бейімделуіне мүмкіндік береді.

Мектепте оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмір талабынан туындап отыр.

Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі – мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді.

Мектептердің оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа ақпараттық технологияны шағын жинақталған мектептерде де пайдалануға болады. Онда сабақты тиімді өткізуге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, әрбір оқушының өз беттерінше ізденіп білім алуларына көмектесуге болады. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Мектептің бастауыш сатысында кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологиялары: дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы (П.М.Эрдниев) бір мезгілде тура және кері амалдар мен операцияларды меңгеруге көмектеседі және ірілендіру қағидасына сүйеніп құрастырылған жаттығулар жиынтығы білімді саналы да берік меңгеруге көмектеседі, математиканы оқытудың есеп шығаруға негізделген технологиясы (Р.Г.Хазанкин) есептерді шығаруда әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады, дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған, оқытудың модульдік технологиясы (В.М.Монахов) оқу үрдісін мақсатты жобалап, құруға болады. Оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек көрсету, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту

технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу, түсіндіре басқарып – оза оқыту (С.Н.Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын ала оқыту, деңгейлік саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру және жүйелік негізде оқыту технологиясы (Ғалиев Г.Г.), шоғырландырып – қарқынды оқыту технологиясы (Әбдіғалиев Қ.А., Нұрахметов Н.Н.), блоктық-модульдық технологиясы (Жанпейісова М.) қазіргі таңда қолдау табуда.

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Мектептің бастауыш сатысында оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетімен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс – іс-әрекетті оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Ол өз пікірін бір-біріне, топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жаңа процессуальдық біліктілігіне, ақпаратты алдын ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді. Әрбір сабақта оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (анализ, синтез, салыстыру, сұрыптау) және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады.

Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-саналы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін,өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, қабілетін дамытады.

Біздің басты мақсатымыз – білім сапасы. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім – тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі. Сондықтан да, ол мектепке жаңалық енгізуде шешуші рөл атқарады.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекеті дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу.

Ғалым педагог Л.В.Занков: «Оқыту – оқушының рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет», - дейді.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», - деп тұжырымдайды.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуы сабақта оқу-тәрбие мәселелерін барынша дұрыс шешуге себі тиетіндерін, оқушылардың белсенділігі мен өздігінен іс-әрекет жасауын талап ететіндерін іріктеп алуға байланысты.

Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ.

Оқыту әдіс-тәсілдерін сапалы таңдап алуды осылайша түсіну оқытуда табысқа жетуге негіз жасап, сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыра түспек.

Оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

1.мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет;

2.мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет;
3.мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек;
4.мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі;
5.мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі;
6.балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспектілері мен жеке тірек белгілері бойынша беру;
7.сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану;
8.әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Білім беру саласында атқарылып жатқан игі істермен қатар түбегейлі шешімін күтіп жатқан проблемалар да көп. Оның бірсыпырасы алда шешімін табар деп үміттенеміз. Дана бабамыз Ж.Баласағұн: «Елдің өзегі білік, кілті – тіл, қадір қасиеті – кісілік» деген екен.[4] Ойлап отырсақ, осы тұжырымдар тұтастай дерлік жастардың санасына, өн бойына сапалы біліммен, өрешіл рухты сіңіретін, әлемдік өркениет асуында, ел тәуелсіз туын берік ұстауға мұқалмайтындай жастарды тәрбиелейтін біздерге, педагогтарға арнап айтқандай сезіледі.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарға компетентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көтеруге болады.

Оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. - №5. 3-5 бет.
2.Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп. – 1989. - №9. 10 бет.
3.Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология / М.Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982. -182 бет.
4.Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986.

Бисембаева Г.Д
Ақтөбе қаласы, «Бақытты бала» мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі.

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ»

Халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, сөздік қорын қалыптастырады. Ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айырықша көңіл бөлгеніміз жөн. Біздің қазіргі балаларымызға ертегіні ата-аналары айтып бермейді.Ал бесікте жатқанда құлағына анасының әлди үні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмаса деп қорқамын»-деген екен.Әсіресе, ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол.

Бала тұлғасының интелектуалды-шығармашылық және креативті әлеуметін дамыту мәселесі ғаламдық білім беру кеңестігінің басты міндеттері болып табылады. Қиял-біздің өміріміздің бір қыры. Көз алдымызға елестетіп көрейікші, адамда қиялдау қабілеті болмаса, ғажайып өнер туындылары, түрлі ғылым жаңалықтары тумаған болар еді. Балалардың даму үшін ең алдымен оның қиялдай білу қабілетін дамыту керек. Ал ертегі баланы төзімділікке, шыдамдылыққа, тапқырлыққа, еңбекқорлыққа шақырып, мақтаншық пен сараңдықты табалайды. Әділеттілікті қолдап, сезімтал ұяң мейірімді жандарды алдау мен арбаудан қорғайды.

Ертегілер құрамы жағынан әр алуан, қиял-ғажайып, хайуанаттар, тұрмыс-салт ертегілері болып бөлінеді. Ертегі түрлерін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып балаға жеткізе білу керек. Ертегіні баяндай отырып, мұңаюға, шаттануға үйрету, балаларды қызықтырып ой-қиялын дамыту оны баяндауға жетелеу, сөздік жұмыстар арқылы сөздік қорын байыту, ертегі кейіпкерлерін талдау барысында жағымды мен жағымсыздықты ажыратып, кішіпейілділікке, адамгершілікке, қамқорлыққа тәрбиелейміз. Жануарлар туралы ертегілерді балаларға үйрету үшін мен алдыма мынандай міндет, мақсат қойдым: қоршаған әлемді таныстыру,заттармен құбылыстарды ажырату.

Ертегілер қоршаған әлемді дүниенің тұтас күшін танумен бірге сан алуан күйде ондағы заттар мен құбылыстардан хабардар етеді. Мұндай шығармалар ересектермен балалардың бірлескен әрекеттерінің мазмұнын байыта түседі яғни мен балаларға ертегі оқығанда таңғажайып әлемге, көшбасшы ретінде жетелеумен қатар, кітаптағы мазмұнды баяндай отырамын, сонда ертегі балаларды жалықтырмайды, керісінше қызықтырып, ойын, қиялын ,тілін дамытады. Бала ертегіні тыңдап,түсінгеннен кейін қайталап айту барысында үнтаспаға жазып, оны өздеріне тыңдатамын. Балалардын ойлау, жаңа сөз игеру бейімділігі жетіліп, грамматикалық дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді. Сол сияқты ертегіні суреттер бойынша айтқызудың балалардың ақыл ой, қиялының дамуына әсері мол. Суретті көрсету арқылы ертегіні дәлме-дәл жеткізе алады. Есте сақтау қабілеттерін дамыту үстінде көптеген ертегілерге байланысты ойындар ойнатамын. Мысалы: «Ертегіні баста», «Ертегіні аяқта» , «Ертегіні есіңе түсір» т.б. Ертегіні тек балаларға үйретіп қана қоймай, балалардың ата-анасына да мағлұмат беремін. Ата-аналарға сауалнама, ертегі суретттері, мазмұны таратылып, ертегі бойынша түрлі кейіпкерлерді дайындау тапсырылып, дөңгелек үстел, ойындар ұйымдастырылады. Тапқырлық пен төзімділікке тәрбиелейтін ертегілерді тыңдап, естіп өскен бала мейірімді, үлкенді сыйлайтын , өз елін, Отанын қорғайтын азамат болып өседі.

Қорыта айтатын болсақ, ертегілер – мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін, сана-сезімін қалыптастырушы құрал болып табылады. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі баланы халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады. Ауыз әдебиетінің қай үлгісін алсақ та, онда болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар рухани қазына жатыр. Сондықтан да біз сол бай мұраны пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына әдемілік пен әсемдік қасиеттерін дарыта білуіміз қажет. Мейірім мен махаббатты, сұлулық пен әсемдікті адам бойына ұялататын осы ертегілер екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Мен өзім жұмыс істейтін «Балдырған» тобында көп ізденіп журнал және әдістемелік құралдар арқылы ұйымдастырылған оқу қызметтерін жандандырып өтуге тырысамын. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тақырыптары белгілі бір жүйе бойынша топтастырамын. Мысалы «Сөйлеуді дамыту» және «Көркем әдебиет» қызметінде балалардың бір-біріне деген ыстық лебіздерін, ойларын, алақандарының жылуын, жылы тілектерін бір – біріне беру, айтудан бастауға болады. Қазіргі таңда балалардың дамуында біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше. Соңғы уақытта осы жаңа заманауи технологияларды өзімнің шығармашылық жұмысыма енгіздім. Сондықтан мен ұйымдастырылған оқу қызметінде аудио, видео, құралдар, компьютер, интернет, электрондық оқулықтар пайдаландым. Осындай қызықты ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар қызығушылық танытып білімдерін шындай түсті. Мысалы:«Дәрумендердің пайдасы» ойын сауық, «Ертегіні есіне түсір» интелектуалды ойыны және қызықты дамытушы ойындар ойналады.

Селеубаева И.Е
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы
№3 шағын орталықты орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ

Цифрландыру - бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және азаматтардың тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан, әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд.

Цифрлық сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлық сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздік негізі. ҚР Үкіметінің 2017жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы бойынша бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірінде адами капиталды

дамыту мақсаты көзделген.Білім беру саласын цифрландыру дегеніміз – білім алушыларға білім мен ақпаратты тиімді жеткізу және қолжетімді ету, білім беруді ақпараттық ресурстармен қамту,оқу материалдарын цифрлық ресурстар көмегімен жасау және жылдам тарату мүмкіндігі, оқытудың тиімді тәсілдері мен әртүрлі платформалар мен басқару жүйелері арқылы қашықтықтан, яғни онлайн білім беру мүмкіндігі.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» — деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Заманауи мұғалімнің алдында түрған міндеттердің бірі оқушыларға білім негіздерін беру ғана емес, басты мақсат оқушыларды дамытуда шығармашыл ,құзіреттлігі жоғары интеллектуалды етіп дайындап шығару. Оқу үдерісінде ЦОР-ды тиімді қолдану арқылы оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттері мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытып, танымдық қабілеттерін жетілдіру бастауыш сынып оқытушылырының маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстарын бастауыш сынып сабақтарында пайдалану көрнекілікке толы сабақ дайындауға, білім беру материалдарын әртүрлі тәсілдер арқылы ұсынуға, түрлі инновациялық техналогияны қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқушылардың оқу мүмкінділіктерін диагностикалау тәсілі, оқу мен ақпарат көзі, мониторинг жүргізу және оқыту сапасын бағалау құралы болып табылады.

Ақпараттық техналогияларды қолдануда цифрлық білім беру ресурстары оқу материялдарын тез меңгертіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылығын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады:

-оқушылардың білім алуға деген уәжі мен таным белсенділігі артады;

-логикалық және шығармашылық ойлау дағдарын дамытады;

-қазіргі қоғамдағы белсенді өмірлік позициясы қалыптасады.

Бастауыш сыныптарда оқытуда ақпараттық техналогияны қолдану білім берудің тимділігін арттырып қана қоймай, сабақтағы әдіс-тәсілдер мен оқыту формаларын жетілдіруге, бағдарламалық материялды терең менгеруге және коммуникативтік құзіреттіліктерін жетілдіріп, географиялық білімді жан-жақты зерделеуге ықпал етеді.

Бастауыш сыныптарда ЦБР колданудың негізгі бағыттыары:

— оқу материялдарын демонстрациялау;

— сыныптан тыс іс-шаралрды ұйымдастыру;

— оқыушылардың білімдерін жүйелеу мен қорытындылау;

—жобалау және өзіндік жумыстарды ұймдастыруда, оқушылардың білімдерін тексеру. Бастауыш сыныптарда сабағында цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдана отырып тұлға құзіреттілігін дамыту мен өмірлік дағдырларды менгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіріп, сапасын арттыруы нәтижелі білім беруге бағыттайды.

Цифрлық білім беру ресурстарын сабақтың кез келген кезеңінде:

— проблемалық ситуация құрастыру үшін;

— жаңа материалды тез меңгерту үшін;

— алынған білімді бекітуде;

— оқыту үдерісінде білімді тексеруде қолдануға қолдаеуға болады.

Осы тұрғыда бастауыш сыныптарда оқытуда біршама цифрлық бағдарламаларды қолдануға болады. Біздің міндетіміз әрбір оқушыны өз сабағымызға қызықтыра алу.

Бастауыш сынып оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады :

— оқу, жазу сауаттылығынан;

— жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;

математикалық сауаттылығынан;

компьютерлік сауаттылықтан;

денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;

құқықтық сауаттылығынан.

Осы мақсатта біз қазіргі таңда білім берудегі цифрлық технология бағдарламасын терең қарастырудамыз. Бұл бағдарлама біз coreapp, piktochart, emdesell, socrative, teachbase, Online Test Pad, mapchart, pixel map, plickers, jeopardylabs, Ispring learn, classtime, stepik, wordwall, nearpod, liveworksheets, tinytap, baambozzle, antitренинг, mentimeter, quizlet, formative, edpuzzle сынды оқыту платформаларын қарастырған болатынбыз. Бұл жерде жазылған әрбір платформаның өзіндік маңызы мен ерекшеліктері бар. Соның ішінде әрбір бағдарламаға өзіндік талдау жасау арқылы, бұл платформалардың тиімділігі мен артықшылық және кемшіліктерін анықтай аламыз.

Қазіргі уақытта білім алушылардың оқуын ұйымдастыру мен басқарудын тиімді платформаларының бірі — Coreapp.ai бағдарламасы. Coreapp.ai платформасы оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін цифрлық ресурс және бағдарлама ретінде қарастырылған. Білім алушылардың орындайтын жеке өзіндік жұмыстарының мазмұндылығы мен маңыздылығы болып келетіндіктен сабақ беру үдерісінде Coreapp.ai сияқты платформаны қосымша көмекші құрал ретінде қолдану оң нәтиже беретіні анық. Coreapp.ai бағдарламасы аясында білім алушылар әртүрлі тапсырмаларды тікелей платформада әзірлей алады, қиындық деңгейлері бойынша құрылымдауға және білімдері мен дағдырларын тексере алады. Бағдарлама білім беру платформасында бейнефайл, презентация, ворд форматындағы құжат, аудиожазба, сурет сияқты материалдарды орналастыруға, сондай-ақ әртүрлі типтегі тапсырмаларды, атап айтқанда ашық жауабы бар жаттығуларды құрастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылар бос орындарды толтыра алады, тест тапсырмаларының жауаптарын таңдай алады.

Келесі бізде бұл– piktochart. Piktochart арқылы әртүрлі инфрографикалар, презентациялар жасауға болады. Бұл бағдарлама сабақтарда қолдану өте тиімді.

Үшінші бағдарлама – Emdesell. Бұл бағдарлама мұғалімдер мен оқу орталықтарына арналған онлайн – мектеп деп атасақ болады. Одан бөлек әртүрлі тренинг, вебинар өткізу мүмкіндігі де бар. Интерфейс ыңғайлы, қолданыста қарапайым. Әрине өте тиімді платформаның бірі, мүмкіншілігі өте көп. Ең басты мүмкіншілігі жұмыс жасау барысында таптырмас көмекші болады.

Socrative – бағдарламасы арқылы оқушыны қашықтықтан тестермен, түрлі бақылаулармен жұмыс істей алады.Интернетті тиімді пайдала отырып, қысқа уақыт ішінде өз білімін толықтыра алады. Socrative қосымшасы қолданыста өте қарапайым. Тестілеу немесе статистикалық сауалнама ғаламторға қосылған кез келген құрылғы арқылы жүзеге асады.

Plickers - бұл бағдарлама арқылы мұғалімнің уақытын үнемдеуге болады. Демек уақытты тиімді пайдалана отырып оқушыларға тест жұмыстарын жүргізу. Одан бөлек БЖБ, ТЖБ жұмыстарын жасасақ та болады. Бұл бағдарлама арқылы тест жұмыстарын қызықты етіп әртүрлі видео және де фотоматериалдарды қолдана өткізе аламыз. Мен үшін басты мүмкіншіліктерінің бірі – аз уақыт ішінде білім алушылардың білімін тексеру жұмыстарын жүргізу. Платформа өзі тексеріп статистика шығарып беріп отырады. Әрі қолдану жеңіл, ақыны қажет етпейді. Басқа мұғалімдермен де бөлісу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Ispring learn – қашықтықтан оқытуды, онлайн тестілеуді ұйымдастыруға арналған қосымша. Бұл қосымшамен жұмыс істеу үшін арнайы дайындық қажет емес. Жүйе сайтта тіркелгеннен кейін бірден пайдалануға дайын.

Келесі біз қарастыратын платформа – classtime. Бұл интерактивті оқыту қосымшыларын жасауға арналған платформа. Мұғалім үшін тиімді платформа болып табылады. Бір уақыт барысында топ оқушыларының білімін тексеру мүмкіндігіне ие.

Online Test Pad – педагогтерге арналған таптырмас көмекші деп білемін. Online Test Pad қосымшасын қолдана отырып біз оқушылармен кері байланыс жасау үшін тест тапсырмаларын жасауға және БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын ұйымдастыруға мүмкіндік ала аламыз. Сөзжұмбақ жасау арқылы қайталау сабақтарын немесе ашық сабақтарды қызықты түрде өткізе аламыз. Ал комплексті тапсырмалар жасау арқылы өз сабақтарымызға керекті оқу -дидактикалық материалдарды жинақтап, арасында оқушылармен көмекші құрал ретінде қолдануға мүмкіндік ала аламыз.

Nearpod – сабақ өту барысында пайдалануға керекті қосымшаның бірі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әртүрлі ойындарды пайдалану арқылы сабақты қызықты өткізуге болады. Артықшылығының бірі тегін платформа, әрі кез келген адамдар қолдана алады.

Baambozzle – сабақты топқа бөлгенде пайдалануға өте ыңғайлы. Командамен бірге дидактикалық ойындар жарыс секілді өткізуге болады. Бұл қосымша ұпай сандарын өзі есептеп, нәтижесін шығарып береді. Бұл платформаны қолдана отырып оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға өте тиімді.

Jeopardylabs – бұл сервисті қолдану өте оңай әрі қызықты. Сабақ өту барысында кез -келген бөлімінде пайдалануға болады.Бұл қосымшаның басты маған ұнағаны оқушылар арасында викториналар ұйымдастыра алу. Командалық есепте ойындар өткізу. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыра аламыз.

Stepik – бұл бағдарламада қашықтықтан білім беруге ыңғайлы болып отыр. Бұл қосымшада көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Курс, сабақты өзіңіз ұйымдастыра аласыз. Ең бастысы 100 пайыз тегін платформа. Соның негізінде кез келген адам қолдана алады.

Readbookcreator – өз қалауың бойынша кітап жасауға көмектесетін сервис. Бейнелер, суреттер мен мәтіннен тұратын мультимедиялық кітаптар жасауды қолдайды. Мен үшін бұл платформаның басты артықшылығы өз білімдеріңді жинақтай отырып өзіңнің методикалық әдіснамалық кітабыңды жасап шығаруға болатыны.

EdPuzzle - бұл платформаны сабақ өту барысында кеңінен қолдансақ болады. Бір тиімділігі балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында видеоролик көрсете отырып әртүрлі сұрақтар қоя аламыз. Видеоматериалды youtube желісінен немесе өзіңіз түсіріп салсаңыз болады.

Quizlet – бұл оқу карталар түрінде ұсынылатын кез-келген ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін ақысыз қызмет. Мүмкіндіктері: Тегін Quizlet тіркелгісімен тамаша нәтижелерге қол жеткізуге болады, дегенмен, екі жазылу пакеті бар – оқушылар үшін Quizlet Plus және мұғалімдер үшін Quizlet – бұл неғұрлым қызықты мазмұнды жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Kundelik.kz.- бұл хабар алмасуға арналған жабық әрі замануи орта.Бұл жүйе қазіргі уақытта еліміздегі барлық мектепте енгізілген электрондық портал.

Бұл жүйе оқу процесін жеңілдетеді. Ата-ана - мұғалім – оқушы арасындағы үш жақты байланыс "Күнделік" жобасы арқылы нығая түседі. Кез-келген ата-ана ғаламтор арқылы сол жүйеге кіріп, баласының үлгерімін қадағалайды. Мұғалім сабақ кестесіне сәйкес, электронды журналға баға қояды.

Daryn.online- бұл электронды оқыту саласындағы әлемдік көшбасшылардың жетістіктеріне негізделген білім алаңы. Әр сынып оқушыларына барлық пәннен әр тақырып бойынша видео сабақты түсіндіріп, тест орындап, тапсырмаларды толтыруға арналған жүйе. Күнделікті әр сабақтан кейін порталға кіріп сол тақырыпты бекітуге арналған видео сабақтарға қатысуға болады. Әр түрлі конкурстар, олимпиадаларға қатысып, сертификат пен дипломдар алуға болады.

Bilimland.kz - бұл электронды оқыту саласындағы әлемдік көшбасшылардың жетістіктеріне негізделген білім алаңы. Бұл мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға арналған әлемдегі ең озық білім мазмұнының ең үлкен жиынтығы.

Google Classroom https://classroom.google.com/.**Google Sites** https://sites.google.com/-

Оқушылармен байланысқа шығып , сабақты түсіндіруге байланысты түрлі жиындар өткізуге болады.

«**IMektep.kz** – бұл қазақстандық әдіскерлер мен мұғалімдер әзірлеген бастауыш мектептің толық бағдарламасы. Әр сабақ интерактивті ойын тапсырмалары мен тесттермен бірге жүретін қысқа анимациялық фильмнен тұрады.

Twig-bilim.kz - бұл Қазақстан үшін кәсіби деңгейде оқшауланған халықаралық білім беру қызметі. Кешен химия, физика, биология, ғылым, математика және география пәндерінен мектеп бағдарламасына негізделген 1500-ден астам қызықтыратын қысқа метражды фильмдерден тұрады (шамамен 3 минут).

Kitap.kz (Қазақстанның ашық кітапханасы) - бұл 20000-нан астам шығармалар жинағы бар қазақ әдебиетінің ең үлкен тегін онлайн-кітапханасы.

Audiokitap.kz - бұл iOS пен Android үшін 1500-ден астам қазақ көркем әдебиеті мен 400 аудио ертегілерге тегін қол жетімді мобильді қосымша.

www.opiq.kz- платформасы. Интернет-ресурста мектеп оқулықтары бар. «Алматыкітап баспасы» баспасының оқулықтарының жиынтығы.

Academia.kz - бұл мұғалімдер мен ата-аналарға арналған білім беру алаңы. Оқытушылардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарына арналған ғылыми тәжірибелер, оқу-әдістемелік материалдар мен педагогикалық әдебиеттердің үлкен жинағы.

www.itest.kz Оқушылар үшін өздігінен қосымша Ұлттық Бірыңғай тестілеуге дайындалуға арналған сайт

YouTube – Әр пән мұғалімі өзінің жеке каналын ашып өз видеосабақтарын салып отыруға өте тиімді жоба.

Қорытындылай келе оқытушы әр сабағында білім беру ресустарын пайдалана отырып сапалы білім мен жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатыны айқын. Оқушылардың танымдық қабілеті мен өмірлік дағдыларын, шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін цифрлық білім ресурстарын өз іс-тәжірибесінде пайдалану уақыт талабы екенін бастауыш сыныптар пәнінің әр мұғалімі зерделей білуге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Брызгалова Н.А. “Бастауыш сынып пәндерінде АКТ қолдану”
2 Булин-Соколова Е.И. оқу орындарының ақпараттық ортасын дамыту бағдарламасы
3 Ақпараттық технологиялар және білім беруді жаңғырту
4 Мұхамбетжанов С.Т. Меделбекова М.Т. педагогтардың ақпараттық-комуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі:Алматы ЖШС «Дайыр Баспа»
5 «Бастауыш сынып әдістемесі» журналы 2022 ж

Джаксыбаева Н. У.
«Төле би атындағы орта мектебі» КММ
Қазақстан Шу қаласы

ИНТЕРАКТИВТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚҰРУ ҮШІН VR ЖӘНЕ AR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі білім беру үрдістері технологиялардың оқу процесіне қарқынды енуін көрсетеді. Виртуалды (VR) және толықтырылған (AR) шындықтар интерактивті және қызықты оқытуды құруға жаңа мүмкіндіктер беріп, білім беру бағдарламаларының ажырамас бөлігіне айналуда. Бұл технологиялар материалды қабылдауды жақсартуға, оқушылардың мотивациясын арттыруға және олардың білім алу тәжірибесін кеңейтуге ықпал етеді. Бүгінгі таңда технологиялардың білім беру процесіндегі рөлі бұрынғыдан да маңыздырақ, өйткені олар мұғалімдерге неғұрлым динамикалық және тиімді оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Бұл мақаланың мақсаты – VR және AR технологияларын қолдану арқылы интерактивті білім беру бағдарламаларын жасау үшін оларды білім беру саласында қолдануды зерттеу. Атап айтқанда, аталған технологияларды оқу процесінде қолданудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары қарастырылады, сондай-ақ әлеуетті қиындықтар мен шектеулер талданады. Зерттеудің негізгі міндеттері VR және AR-дың теориялық негіздерін зерттеу, олардың білім беруде қолданылуының тарихи дамуы мен табысты мысалдарын талдау, сондай-ақ бұл технологияларды оқу бағдарламаларына енгізу бойынша информатика мұғалімдеріне практикалық ұсыныстар беру болып табылады.

Зерттеу әдістеріне тақырып бойынша бар әдебиеттерді талдау, VR және AR-ды білім беру саласында қолдануға байланысты ғылыми мақалалар, есептер мен кейстерді шолу кіреді. Мақала мақсаттарына жету үшін түрлі дереккөздер, соның ішінде академиялық жарияланымдар, зерттеулер және білім беру тәжірибесінен алынған практикалық мысалдар қолданылды. Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттерді шолу VR және AR-ды оқу процестерінде қолданудың ағымдағы жағдайы мен перспективалық бағыттары туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді.

Виртуалды шындық (VR) – бұл арнайы құрылғылар, мысалы, виртуалды шындық дулығалары немесе көзілдіріктері арқылы пайдаланушыны жасанды ортаға батыратын технология. Толықтырылған шындық (AR), керісінше, сандық элементтерді нақты әлемге қабаттастырып, смартфондар, планшеттер немесе арнайы көзілдіріктер арқылы қоршаған ортаны қабылдауды жақсартады. VR мен AR-дың негізгі айырмашылығы – нақты әлеммен өзара әрекеттесу деңгейінде: VR пайдаланушыны виртуалды ортаға толығымен батырады, ал AR нақты әлеммен байланысын сақтай отырып, оны сандық элементтермен толықтырады.

Білім беруде VR және AR-ды пайдаланудың артықшылықтарына интерактивті және қызықты оқу ортасын құру, материалды қабылдау және есте сақтауды жақсарту, сондай-ақ оқушылардың мотивациясын арттыру мүмкіндігі жатады. Алайда, жабдықтың жоғары құны, мұғалімдерді арнайы даярлаудың қажеттілігі және ықтимал техникалық мәселелер сияқты шектеулер де бар. VR және AR-ды пайдаланудың оң аспектілері мен ықтимал қиындықтарын талдау осы технологиялардың білім беру бағдарламаларына қалай тиімді біріктірілуі мүмкін екенін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

VR және AR технологияларын пайдалану арқылы интерактивті оқу контентін құру заманауи білім беру тәжірибесінің маңызды аспектісі болды. VR және AR қолданатын білім беру бағдарламаларына виртуалды зертханалар, тарихи экскурсиялар, анатомиялық тренажерлер және жаратылыстану ғылымдары бойынша интерактивті сабақтар жатады. Мұндай бағдарламалар оқушыларға оқу материалына тереңірек еніп, онымен жаңа деңгейде әрекеттесуге мүмкіндік береді. Контентті әзірлеу әдістеріне күрделі ұғымдар мен процестерді визуализациялау үшін пайдаланылатын үш өлшемді модельдерді, анимацияларды және интерактивті сценарийлерді құру кіреді.

VR және AR-ды оқу процесіне интеграциялау мұқият ойластырылған тәсілдерді талап етеді. Технологиялар оқу жоспарларына дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыратын арнайы модульдер мен сабақтар арқылы енгізілуі мүмкін. Сабақтарда VR және AR-ды қолданудың практикалық мысалдарына мұражайлар бойынша виртуалды экскурсиялар, химиялық реакциялардың симуляциялары және виртуалды модельдер көмегімен анатомияны зерттеу жатады. Мұндай тәсілдер оқытуды көрнекі әрі интерактивті етіп, материалды жақсырақ меңгеруге ықпал етеді.

VR және AR-дың оқушылардың мотивациясы мен үлгеріміне әсері көптеген зерттеулердің тақырыбы болып табылады. Деректер бұл технологияларды пайдалану оқу процесіне деген қызығушылықты арттыруға және үлгерімді жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Кейстер мен статистикалық деректерге шолу VR және AR қолданатын оқушылардың жоғары нәтижелер көрсетіп, зерттелген тақырыптарды тереңірек түсінетінін растайды. Бұл технологиялар оқытуды тартымды әрі тиімдірек етуге көмектеседі.

VR және AR-ды білім беру бағдарламаларында практикалық қолдану белгілі бір техникалық талаптар мен жабдықтарды қажет етеді. Бұл технологияларды енгізу үшін VR-шлемдер, AR-очкилар, қуатты компьютерлер және планшеттер сияқты арнайы жабдықтар қажет. Сондай-ақ VR және AR контентін қолдайтын бағдарламалық қамтамасыз ету мен платформаларды таңдау маңызды. Қол жетімді құралдарды шолу нарықта білім беру қажеттіліктеріне бейімделген көптеген шешімдердің бар екенін көрсетеді.

Мұғалімдерді оқыту және дайындау VR және AR технологияларын сәтті енгізуде маңызды рөл атқарады. Бұл үшін педагогтарға жаңа құралдар мен оқыту әдістерін меңгеруге көмектесетін курстар мен тренингтер өткізіледі. Біліктілікті арттыру бойынша ұсыныстарға арнайы семинарларға, вебинарларға және онлайн курстарға қатысу кіреді. Мұндай бағдарламалар мұғалімдерге VR және AR-ды білім беруде қолданудың соңғы тенденциялары мен тиімді тәжірибелерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

VR және AR оқу жобаларын жоспарлау және іске асыру жоспарлау кезеңдерін нақты түсінуді талап етеді. Маңызды аспект жобалар аясында пайдаланылатын оқу сценарийлері мен контентін әзірлеу болып табылады. Сәтті жобалардың мысалдары контентті оқу процесінде қолданар алдында мұқият дайындау және тестілеу маңызды екенін көрсетеді. Іске асыру әдістеріне оқушылардың кері байланысын пайдалану және алынған деректер негізінде контентті үнемі жетілдіру кіреді.

Білім берудегі VR және AR-дың даму үрдістері мен перспективалары бұл технологиялар оқу процесінде барған сайын маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Күтілетін жаңалықтарға қолжетімді және жетілдірілген құрылғылар, контент құрудың кеңейтілген мүмкіндіктері және оқытуды жекелендіру үшін жасанды интеллектті біріктіру кіреді. Болашақтағы әзірлемелер, мысалы, жетілдірілген VR-шлемдер мен AR-очкилар, сондай-ақ жаңа бағдарламалық платформалар, білім беру бағдарламаларын одан да интерактивті және тиімді етуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялардың білім беру процесіне әсері айтарлықтай сезіледі, өйткені олар мұғалімдер мен оқушыларға күрделі тұжырымдамаларды визуализациялау және түсіну үшін жаңа құралдар ұсынады.

VR және AR-ды пайдаланудың әлеуетті мүмкіндіктерін талдау бұл технологиялар білім беру көкжиектерін айтарлықтай кеңейте алатынын көрсетеді. Олар виртуалды зертханалар, тарихи оқиғалардың симуляциялары, интерактивті экскурсиялар және тағы басқаларды жасауға мүмкіндік береді, бұл оқытуды көрнекі әрі қызықты етеді. Алайда, мүмкіндіктермен қатар белгілі бір қиындықтар да бар. Негізгі қиындықтар жабдықтың жоғары құнын, мұғалімдерді арнайы даярлаудың қажеттілігін және техникалық күрделіліктерді қамтиды. Оларды жеңу жолдарына қолжетімді құрылғыларды әзірлеу, мұғалімдерге арналған кәсіби даму бағдарламаларын жасау және бағдарламалық қамтамасыз етуді үнемі жаңартып, жетілдіру кіреді.

Қорытынды зерттеу нәтижелерін қорытындылап, заманауи білім беруде VR және AR технологияларының маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл технологиялар интерактивті және қызықты білім беру бағдарламаларын құру үшін бірегей мүмкіндіктер береді, материалды қабылдау мен есте сақтауды жақсартуға ықпал етеді, сондай-ақ оқушылардың мотивациясын арттырады. VR және AR-ды білім беру бағдарламаларына одан әрі табысты енгізу үшін осы саладағы зерттеулерді жалғастыру, инфрақұрылымды дамыту және мұғалімдерді қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету ұсынылады. VR және AR технологияларына инвестициялау және оларды оқу процесіне біріктіру қазіргі әлемнің талаптарына сай неғұрлым динамикалық және тиімді оқытуды құруға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Анисимов, В. А. Виртуальная реальность в образовании: Учебное пособие / В. А. Анисимов. – М.: Изд-во МГУ, 2018. – 256 с.
2. Иванов, И. И. Технологии дополненной реальности в обучении / И. И. Иванов, А. П. Сидоров. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2017. – 312 с.
3. Петров, К. В. Интерактивные методы обучения: теория и практика / К. В. Петров. – Новосибирск: НГУ, 2019. – 198 с.
4. Сидорова, Н. А. Влияние VR и AR на образовательный процесс / Н. А. Сидорова. // Образовательные технологии и общество. – 2020. – Т. 23, № 2. – С. 34-45.

Чередниченко Т.И
Воспитатель.
ГККП ясли-сад №17 «Шұғыла»
Г.Актобе. Казахстан.

ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ОСНОВ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы формирования духовно-нравственных основ у детей старшего дошкольного возраста.
Ключевые слова: духовность, нравственность, воспитание.

«Духовная жизнь ребенка полноценна лишь тогда,
когда он живет в мире игры, сказки, музыки, фантазии,
творчества. Без этого он засушенный цветок».
В.А.Сухомлинский.

Дошкольное детство, для которого характерно эмоционально-чувственное восприятие действительности, является благоприятным для нравственного и духовного воспитания. В дошкольном возрасте закладываются основы личности. Очень важны впечатления детства. Нужно торопиться наполнить сердце и ум ребенка светом и добром с самого раннего возраста. В детстве – сила доверия, простота, мягкость, способность к умилению, к состраданию, сила воображения, отсутствие жесткости создают благоприятную почву для развития и воспитания всесторонне развитого духовно и нравственно ребенка.

Как обеспечить полноценное развитие ребенка? Данный вопрос всегда волновал как воспитателей, так и родителей. Одним из аспектов этой проблемы является духовно-нравственное воспитание дошкольника. Я считаю, что вопросы нравственного воспитания детей все более остро возникают в наши дни. Воспитание детей – это большой труд и огромная ответственность. Ведь мы, воспитатели, для наших дошкольников, являемся вторыми мамами. Чему мы научим детей, что в них вложим, то и получим. «Что посеешь, то и пожнешь», есть такая поговорка. И я с полной уверенностью говорю то же самое и о моей профессии. Каким я вижу старшего дошкольника? В моем сознании вырисовывается образ ребенка

-здорового
-всесторонне развитого
-самостоятельного
-культурного
-духовно и нравственно воспитанного человека.

Духовно-нравственное воспитание – это целенаправленный процесс формирования у детей духовно-нравственных чувств и поведения. Содержанием нравственного воспитания является формирование таких качеств у дошкольника, как: уважение к старшим, дружеские отношения со сверстниками, умение отзываться на горе и радость других людей, добиваться действенного проявления гуманных чувств и отношений, их общественной направленности, воспитание начал ответственности.

Сегодня необходимо создать такие условия, чтобы у ребенка складывалось осознание и понимание того, что **хорошо**, а что **плохо**, чтобы он мог самостоятельно сформировать и иметь представления о нравственных качествах, таких как: жадность и доброта, дружба и вражда, и многих других. Такое отношение к основополагающим понятиям нашей жизни продолжает формироваться и в дальнейшем, по мере взросления ребенка. Формирование духовно-нравственных основ невозможно без обсуждения с ребенком нравственной стороны поступков других людей, персонажей художественных произведений, выражения собственного одобрения своих нравственных поступков. Первейшая задача воспитателя заключается в том, чтобы помочь дошкольнику разобраться в этом непростом мире.

Основная цель моей организованной деятельности – научить детей правилам вежливости, доброте, самостоятельности в поступках и мыслях. Знакомлю дошкольников с проявлением различных чувств - радости, злости, грусти, сострадания, чувству патриотизма. Воспитываю потребность дружелюбного общения с окружающими, заботливое отношение к родным и близким, умению прощать и понимать. Наиболее подходит для воспитания этих сложных чувств - старший дошкольный возраст. Старший

дошкольный возраст очень важен для психического развития, так как на первое место выходит целенаправленная познавательная деятельность, в процессе которой происходят существенные изменения в психической сфере. Постепенно ведущее место в структуре познавательных процессов начинает занимать мышление. В форме игр по развитию речи, ознакомлению с окружающим миром, с использованием художественной литературы детям легче познать эти чувства и развить в себе основы нравственности и духовности. Совместная деятельность, занятия и праздники провожу в форме увлекательной игры, беседы и просмотра детьми презентаций.

Воспитатель вольно и невольно касается нежной ранимой души ребенка. Величайший гуманист и педагог Януш Корчак в своей книге «Как любить ребенка» писал, что настоящий воспитатель тот, кто не сковывает, а освобождает, не подавляет, а возносит, не комкает, а формирует, не диктует, а учит, не требует, переживает вместе с ребенком много вдохновенных минут». Именно на таких принципах я стараюсь строить свои взаимоотношения с дошкольниками. Любовь и уважение - главные потребности человека, поэтому с малых лет нужно учить ребенка любви и уважению, что и является основой духовно-нравственного развития дошкольника.

Список литературы.

1.Теплова А.Б. Духовно-нравственное воспитание детей дошкольного возраста как основа патриотического воспитания. Методическое пособие. Электронное издание. – Москва: ВОО «Воспитатели России», 2021.

2.Януш Корчак. «Как любить ребенка». И. Е. Адельгейм, составление, перевод, 2014,2024. Издание на русском языке, оформление . ООО «Издательская Группа „Азбука-Аттикус“», 2024 .Издательство Азбука.

Каримова Г.А
қ.Ақтөбе №3 «Ертегі» б/б
Ән-күй жетекшісі

МУЗЫКАДАН ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ОЙЫНДАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Музыкада ұйымдастырылған оқу қызметінде ойынсыз,ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл-ой мен қиялын дамыту мүмкін емес. Балабақшадағы музыкадағы ұйымдастырылған іс әрекеттін ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге,музыкалық шығармаларды қабылдауға,әуенді ести білуге болады. Ойынды әдетте педагог ұйымдастырылған іс әрекеттін алдында немесе қорытындылар сәтте пайдаланады. Сондай ойындардың бірі –«Жұбынды тап»ойыны. Ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене алады.

Ойынның міндеті: балалардың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру. Балаларға ұйымдастырылған іс әрекетте тиянақты және сапалы білім беру үшін ұйымдастырылған іс әрекетте әр түрлі ойын элементтерін қолдану өте тиімді,ойын арқылы өткізілген ұйымдастырылған іс әрекеттер балалардың белсенділігін,қызығушылығын арттырады. Демек,баланың ән айтуға деген ынта-ықласы күшейсе, әнді табиғи ашық дауыспен, жеңіл, ширақ, шарықтата айтуға дағдыланады. Мысалы: «Жәй және жылдам» ойыны бойынша ең алдымен балалардың музыканы тыңдау,қабылдау,қабілетін жетілдіру,қимылды айыру үшін көңіл бөлдім. «Әнші бала» ойыны бойынша топтағы бір баланың жеке ән салуына назар аудардым. Ұйымдастырылған іс әрекеттер мазмұнына,өзіне тән ерекшеліктеріне қарай әуенді ырғақтар,сергітулер,жаттығулар болып бөлінеді. Қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту, жетілдіру мақсатында сергітулерді өзімнің ұйымдастырылған іс әрекетте тақырыпқа сай алып, үнемі қолданып отырамын. «Күн мен жаңбыр» ойынның мақсаты: Балаларды музыканың әр түрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді,ойнақы,сабырлы,мұңды) Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйрету. Ойынның шарты: Көнілді күн мен бұлт суреттері бейненленген карточкалар таратылады.Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.(бұл ойын ересек топтарға арналған)Ал,кіші топтарға. Көңілді әуен орындалса,балалар билеп жүреді,егерде жаңбырлы немесе кун күркіреген дыбыстар естілсе балалар орнына барып отырады. Музыкалық-дидактикалық ойындар оқу процесін ширатады, баланың оқуға деген ынтасын арттырады, сабақ қызықты өтеді. Ойын белгілі бір қабілеттердің қосындысы, оны былай көрсетуге болады: зейін + қабылдау + ес + ойлау + пайымдау. Ойынды халқымыз балаларын тәрбиелеуде ертеден пайдаланған.

А.Байтұрсынов «…баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйретуі керек» деген қағидасын басшылыққа алған жөн. Ойын – үйрету әдісінің ерекше түрі. Ол үйренуді мәжбүр етпейді, баланың өз еркімен, ынтасымен орындалады. Біріншіден, ойын баланың жас шамасына байланысты ерекшеліктерін жақсы білуге көмектеседі. Бұл арқылы баланың психологиясына жете үңіліп, мінезқұлқын білуге болады. Екіншіден, ойын баланың жауапкершілігін арттырады, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Кез келген бала ешуақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Топқа бөліп жүргізілетін музыкалықдидактикалық ойындарда бала өз тобының жеңіп шығуына өзінің тікелей қатысы барын ұғынады. Басқалардың алдындағы жауапкершілігін сезінеді де, берілген тапсырманы ынтамен, зейін сала ықыласпен орындауға тырысады. Сонымен бірге олардың бойында бауырмалдық, жанашырлық, ізеттілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық сияқты жақсы қасиеттер қалыптаса бастайды. Үшіншіден, ойын арқылы бала оқу материалын жеңіл түсініп, терең меңгереді және оны ұзақ уақыт бойы есте сақтайтын болады, сабаққа қызығушылығы арта түседі.

Дидактикалық ойындардың маңызы:

1. Дидактикалық ойын балалардың қоршаған дүние туралы түсінігін нақтылайды.
2. Әрбір қолданған дидактикалық ойын балаларды ойнай білуге баулып,сөздік қорын молайтады,ақыл-ой қызметін қалыптастырады.
3. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеуде үнемі қызмет атқарады. Мен музыка сабағында балалардың қызығушылығын,белсенділігін арттыру мақсатында мынандай бірнеше музыкалық ойын түрлерін пайдаланамын. «Ырғақты сүйемелдеу» ойыны; Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлініп, бір тобы әнді орындайды, екінші тобы ақырын шапалақпен белгілі ырғақты соғады. Мұндай «сүйемелдеу» әннің ырғағын тез үйренуге көмектеседі және әуенге жаңа өң береді. «Музыкалық аспаптармен ойнау»; Ойынның шарты: Балаларға алдын-ала музыкалық аспаптар таратылады.Сылдырмақ,ағаш қасықтар, тұяқ, мүйіз,барабан,т.б. Үнтаспадан музыка тыңдалады,балалар ырғақты соға бастайды және қимылмен келтіру арқылы музыканы тыңдайды. Бұл ойын тыңдаған музыканың көңіл-күйін ажыратуға және әуенді тез жадында сақтауға көмектеседі. «Музыкалық сергітулер». Балалар музыкалық әуендерді естеріне сақтау үшін,үнемі қайталау керек. Ол үшін музыкалық сергітулер ұйымдастырамын. Үйренген әндерден үзінді тыңдатып, оны бірден ажыратуға дағдыландырамын.

Қорыта келе, дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі-музыкалық тәрбие беруде ойындар технологиясы болып отыр.

Шаханова Н.А., Ершекенова З.К.
КГУ Актюбинский областной специальный комплекс «школа-интернат-колледж» для детей с нарушениями слуха и зрения»
г.Актобе

СОЗДАНИЕ РЕЧЕВОЙ СРЕДЫ ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЕЧЕВОГО СЛУХА У НЕСЛЫШАЩИХ ШКОЛЬНИКОВ

Потеря слуха в раннем возрасте не может служить препятствием к всестороннему развитию человека. Наука и практика доказывают, что глухой ребенок обладает всеми потенциальными возможностями стать социально полноценной личностью. В отличие от речи слышащего, речь глухого ребенка формируется в условиях специального обучения.

В настоящее время, когда в обучении глухих детей языку достигнуты определенные успехи при помощи специальной системы занятий по развитию остаточного слуха учащихся, проблема организации речевой среды является крайне актуальной.

Работа по развитию и использованию остаточного слуха и внятному произношению осуществляется во всех формах классных и внеклассных занятий с учащимися. Словесное общение на первоначальном этапе начинается с использования речевого материала в устно-дактильной форме. Это позволяет с первых дней обучения включить школьников в словесное общение, накопить лексический и фразеологический запас. В начале дети усваивают такой речевой материал, который необходим им для общения с окружающими их близкими людьми: учителем, воспитателем, товарищами по классу,

родителями. Постепенно речевой материал усложняется за счет овладения новой лексикой и новыми типами фраз. Расширяется и круг лиц, с которыми школьники вступают в общение.

Помимо специальных занятий, развитие речи учащихся осуществляется под руководством воспитателей при подготовке домашних заданий, в процессе внеклассного чтения, во время бесед, игр, на занятиях бытовым трудом. Несомненно, что лучшей речевой средой для глухого школьника является общество слышащих и говорящих людей, где не знают его жестов и где он, при наличии специально организованного обучения вынужден вступать в общение. Важнейшим требованием речевого режима является общение учащихся с окружающими на основе словесных средств. Следует проводить специальные мероприятия, направленные на развитие речи школьников: вечера речи, сказок, загадок, пословиц и поговорок, читательские конференции, конкурсы на лучший речевой номер, разыгрывание различных инсценировок и т.д. Важную роль в создании речевой среды играют встречи и беседы глухих школьников со слышащими детьми и взрослыми, а также участие в играх и общественно полезном труде.

Занятия над речью вне класса строятся по тем же дидактическим принципам, что и урок, но имеет свои особенности. Так же как и урок, занятие по развитию речи вне класса ограничено временем и проводится со всем составом учащихся данного класса. Оно проводится в более свободной непринужденной обстановке. На таком занятии могут присутствовать учащиеся из других классов, родители. Учитель организует разговор детей парами, тройками, группами, а также одного ученика со всеми присутствующими. Учитель вводит детей в мир общения опираясь не только на память и речь, но и на эмоции учеников.

Речевой материал, даваемый ученикам, воспринимается слухозрительно, зрительно или на слух. Учитель постоянно работает над развитием остаточного слуха учащихся и внятным произношением. В связи с тем, что работа над речью проводится за пределами классной комнаты, школьники могут пользоваться индивидуальными слуховыми аппаратами. Общение учащихся на этих занятиях осуществляется на основе устной речи. Дактилология используется при затруднениях в устном общении в качестве вспомогательного средства, когда слова или реплика оказываются трудными для восприятия по чтению с губ или слухозрительно.

Речевой материал для разговорной речи, который дается в программах по родному языку и другим предметам является обязательным для закрепления в часы занятий по развитию речи вне класса. Непосредственное общение предполагает неподготовленность высказываний, поэтому речевой материал не заучивается. Слова и фразы непроизвольно входят в речевой запас учащихся.

Место проведения занятий определяется в зависимости от его темы, цели и возможностей школы. Необходимо шире использовать теплое время года и проводить занятия на свежем воздухе. В условиях школы занятия проводятся в актовом или спортивном зале, в библиотеке, в помещении интерната.

В содержание обучения входит овладение разговорно-обиходной речью умение варьировать речевой материал в процессе речевой коммуникации. Речевые умения и навыки закрепляются и обогащаются с участием детей в следующих видах деятельности: в работе с книгой, газетой или журналом, в играх, экскурсиях, беседах.

Полноценное владение глухим ребенком устной речью предполагает умение понимать речь собеседника и говорить разборчиво, понятно для окружающих. В этих условиях формируется способность более полно воспринимать речевую информацию и активно пользоваться устной речью в общении. Важным условием развития речевого слуха является создание слухоречевой среды, предусматривающей постоянное восприятие речи окружающих с помощью ЗУА разных типов.

Список литературы.

1.А.Г. Зыкеев, Обучение учащихся подготовительного I-IY классов школы глухих М. «Просвещение» 1984
2.Ф.Ф. Рау, Формирование устной речь глухих М. «Педагогика» 1981
3.М.И. Никитина, Уроки чтения в школе для слабослышащих детей М. «Просвещение» М. 1978 О.А. Красильникова
4.Развитие речи младших слабослышащих школьников на уроках литературного чтения. КАРО Санкт-Петербург 2005
5.В.А.Белущенко, А.Е. Наумова, М.Ю. Седова. Педагогическая реабилитация детей с нарушением слуха. КАРО Санкт-Петербург 2006
Л.П. Назарова, Методика развития слухового восприятия у детей с нарушениями слуха. М. ВЛАДОС, 2001

Шаукманова М.С
Ақтөбе қаласы, «№58 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
бастауыш класс мұғалімі

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ: БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАУ

Бүгін әлемдік деңгейдегі білім беру қазіргі білім берудегі басты бағыт. Яғни, оқытудағы білім алушыны жеке тұлға болып қалыптастыру, оқытудың заманауи әдістерін қолдану арқылы бәсекеге қабілетті тұлғаны жетілдіру, тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып табылады. Елбасы өз сөзінде, «Бүгін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен инновациялық әдістерді дұрыс қолдануына тікелей байланысты». Ел болашағы үшін еліміздің әрбір азаматы мемлекеттің дамуына өз үлесін қосу керек деп ойлаймын. Міне, осындай мақсатта білім беру жүйесіне де айрықша мән беріліп отырғанына куәміз. Яғни, 21 ғасыр деңгейіне сай білім беру. Ол дегеніміз ұстаздар қауымынан инновациялық білім беру,өз тәжірибесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді және технологияларды көптеп қолдану болып табылады. Бұл заңды процесс,себебі елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да өзгерістер білім жүйесін сол өзгерістер тұрғысында дамытуды талап етеді.

Қазіргі таңда өзімнің сабақ өткізу бағытында сабақтың сапасын, мазмұнын, әдістерін жаңа деңгейге мүмкіндігімше көтеруге тырысамын. Сабақ- оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Оқушылардың алатын білім сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Абай атамыз айтқандай «Болмасаң да ұқсап бақ» деген ұранмен мүмкіндігінше сабақты түрлендіріп өткізуге тырысамын.

Бүгінгі білім мен тәрбие технологиясында «жеке тұлға» тәрбиелейтін мұғалімнің де өзіндік жеке тұлға ретінде шығармашылығының орны ерекше. Инновациялық технологияларды пайдалану бүгінде сапалы білім беру негізгі шарттың бірі. Ал осы басты міндетті атқаруда әрбір ұстаздың бойында мынадай проблема бірден қалыптасады: оқушылардың танымдық қабілеттерін,оқу процесінде жүретін (есту, көру және т.б.) негізгі әркеттерін дамыту бүгінде заман сұранысына сай қолданып жүрген әдіс – тәсілдердің аздығы. Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет. Оны шешу үшін білім берудің мазмұнын жаңартып, озық әдіс-тәсілдерді өндеп шығару қажет.

Сол себептен, сабақтарымда интерактивті әдісті тәжірибемде қолданудамын. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» - бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті әдістерде басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, шәкірттердің «қалай» және «қандай әдістәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Яғни, интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен не болмаса әлде немен сұхбаттасу режиминде болады. Демек, интерактивті оқыту-бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Осы жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интерактивті оқытудың басты мақсаты - оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал мұғалімнің міндеті – оқушының неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады. Өз сабақтарым интерактивті әдісті сабақ барысында диалог тәсілі көмегімен және топқа бөлу жұмысына негізделген. Нәтижесі жинақталған білімін сыртта пайдалана алады. Интерактивті әдістің ерекшелігі – оқушыға жаттанды білім беру емес,керісінше әр оқушының танымдылық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни қойылған сұраққа бірнеше нұсқалы жауап беру, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін, сөздің қорын белсенді түрде дамыту болып табылады. Қолданып жатқан әдістің нәтижесінде оқу процесінің барысында оқушылар мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен \оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде\
2. Оқушылармен \жұптасып жұмыс істеу барысында\
3. Шағын топтармен \3-4 оқушымен\
4. Оқушылардың үлкен тобымен \көбіне пікірталас, дебат\
5. Техника түрлерімен \компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде\

Жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып-үйренуіне сенімді ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізері анық. Жаңа әдістәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан мұғалім үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

Мұғалімнің рухани зияткерлік шығармашылық деңгейі жоғары болса, ол мұғалім оқушының шығармашылық қабілетінің дамуына жол таба біледі деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан жолы-2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауы 2014ж
2. Ә. Жүнісбек .Жаңа технология негізі сапалы білім Қазақстан мектебі №4 2008ж

Мунайтбасова Н.М
Ақтөбе қаласы, «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі

БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақалада жас ұрпақ бойында таным белсенділігін арттыруда инновациялық технологиялардың тиімді жолдары қарастырылған.

Abstract

The article discusses the effective ways of innovative technologies in increasing cognitive activity among the younger generation.

Кілт сөздер: инновациялық технологиялар, білім, білік, дағды.

Жалпы білім беретін мектептердің заманауи даму кезеңі жас ұрпақтың инновациялық педагогикалық технологиялар арқылы зияткерлік деңгейін көтеру және олардың танымдық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау мәселелерін шешумен байланысты. Егеменді еліміздің білім беру саласындағы стратегиялық мақсатын басшылыққа ала отырып, жан дүниесі таза, рухани байлығы мол, ой-өрісі жоғары деңгейде, шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық дарын тұлғаны тәрбиелеуде Қазақстан Республикасының «Баршаға білім беру моделінен, таңдауы бойынша білім беру моделіне көшу» бағдарын басшылыққа алатын болсақ, қазіргі заманның тәжірибелі, жаңа көзқарасы бар педагог-тәрбиешісіне нақты міндеттер қойылып отыр. Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман: мұғалімге XXI ғасыр бәсекесіне сай, жан-жақты білімді, дарынды, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылатын жеке тұлғаны дайындауды міндеттейді. Мемлекеттің күшейіп гүлденуі жеке тұлғаға, яғни болашақ дарындыларға тәуелді екені сөзсіз. Ұстазға алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы жеке тұлғаның жүрегіне жол тауып, олардың танымдық құзіреттіліктерін дамыту күрделі құрылым екені даусыз. Сондықтан ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім тұлғаны тек жаңа тұрпатты тың көзқарасы бар педагог қана қалыптастыра алады. Сондықтан жеке дарынды тұлға бойында таным белсенділігін арттырудың тиімді жолдарын қалыптастыру қажет, яғни жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы білімді меңгерту білім сапасын арттырудың маңызды бөлігі болып саналады.

Инновация (латын тілінен аударғанда) - жаңарту, жаңалық, өзгеріс деген түсінікті білдіреді. Инновация – оқу-тәрбие процесінің ағымы мен нәтижесін жақсартуда педагогикалық жүйедегі өзгеріс. Қазіргі күні инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге жаңа идеяларды, процесстерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі. Сондықтан, оқыту мен

тәрбие беруде жаңа технология - инновациялық педагогикалық идеяларды енгізу, білім сапасын қамтамасыз ету және жаңарту нысаны бол табылады.

Қазақстан тарихын оқытуда жаңа ғасыр талабына сай, жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастыру негізінде тарихи білім беру мақсатын, мазмұнын, технологиясын нәтижеге бағдарланған білім беруге бағыттау бүгінгі күні өзекті мәселе екені сөзсіз. Қазақстан тарихын оқыту үрдісінде жаңа технологияларды ұтымды пайдалану, оқушыны танымды әрекеттің субъектісі ретінде бәсекеге қабілетті, сапалы білімнің иесі ретінде қалыптастырады. Тарих пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігі өте мол. Өйткені, ол бүкіл адам баласының ғасырлар бойы жинаған тарихын баяндайды. Сонымен қатар мектептегі тарих курсына сол тарихи тәжірибелердің алдымен ең маңыздылары, құндылары, ізгілері алынады. Тарих пәні небір тамаша тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, жеке тарихи қайраткерлердің халық үшін жасаған қызметін баяндайды, осылардың бәрі бала жүрегіне өте үлкен әсер етеді де адамгершілігі жоғары, өз елін сүйетін саналы азамат болып қалыптасуына үлес қосады. Осы орайда, бүгінгі күні ұстаздар қауымының білім беру жауапкершілігі күннен-күнге өсе отырып, оқытудың озық технологияларын меңгеруі қажет болып отыр. Жаңа заманғы инновациялық технологиялар жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, шығармашылық қабілеттерінің кеңеюіне, қажетті іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруға және ізденімпаздықпен жұмыс істеуіне қажетті мүмкіндіктерді қамтиды. Инновациялық оқытудың оқыту технологияларының мақсаты бір болғанымен, құрылымы, оқыту жүйесі, ұстанымдары, әдіс-тәсілдері түрліше келеді. Жаңа технология жүйесімен сабақ беру үшін үлкен педагогикалық шеберлік керек.

Білім берудегі жаңа технологияларға мыналар жатады: Дамыта оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, зерттеу-жобалау, ақпараттық-коммуникациялық, сатылай-кешенді талдау, сын тұрғысынан ойлау т.б. жаңашыл оқыту әдістері. Қазіргі кезеңде мектеп мұғалімінің алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттің бірі - оқушыға тиянақты білім беру. Ол үшін мектеп мұғалімдері жоғарыда аталған оқыту технологияларының тиімді әдіс-тәсілдерін өзіне таңдап алады. Әр мұғалімнің өзінің сабақ өткізу барысында жеке әдіс-тәсілдері болуы қажет. Барлық инновациялық технологияларды меңгеріп, оны сабаққа көшірме ретінде қолдану мүмкін емес. Менің түсінігім бойынша, мұғалімнің өзіне ұнаған, дұрыс нәтиже беретін технологияны білім деңгейіне қарай өзгертіп, жаңартып пайдаланатын болса, міне, сол- жаңашылдық болып табылады.

XXI ғасырдағы тарих пәні - жалпы адамзат дамуының алға басуындағы әр мемлекеттің болашағы үшін өз патриоттарын даярлау жолындағы басты бағыт беруші пән. Жаңа ғасырдағы әрбір шәкірт өзінің тарихы тереңге бойлаған қазақ даласында туғанын мақтаныш ететіндей, осы елдің өткені мен өзекті тарихын зерттеуге бар ынта-ықыласымен даяр тұратындай болуы шарт. Қойнына сан қырлы сыр бүккен қазақ даласының әр тасы, әрбір жотасы мен даласына жас жеткіншектің сүйіспеншілігін ояту үшін тарих сабағынан шежірелі жерлерге саяхаттар жасауға, ғылыми археологиялық қазба жұмыстарына қатысуына мүмкіндіктер беру қажет. Ол үшін жеке дарынды тұлғаға тарихи-ғылыми жоба жұмыстарын жүргізуге нұсқаулар беріп, тарихи орындарға саяхаттар ұйымдастыру қажет.

Жеке тұлғалық қасиеттерге бағытталған оқыту арқылы ұстаз оқушының қазіргі заманға, қоғамға бейімделу мүмкіндіктерін арттыруын қалыптастырады, оқушылардың жобалау, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістемесі арқылы тұлғаның шығармашылық, ізденушілік қабілеттеріне тәрбиелейді. Қазақстан Республикасының бүкіл әлем қауымдастығы алдындағы алар орны айқындалып жатырған кезде, оның өткен тарихын жан-жақты терең зерттеулер мен тарихи оқиғаларына жаңа тұрғыда баға беруге үлкен мән беру бүгінгі таңдағы тарих пәнінің мұғалімдерінің басты міндеті деп ойлаймын. Еліміздің тәуелсіздігі арқасында өткен тарихымызды еркін қорытып, одан жан-жақты теориялық тұжырымдар жасауға жол ашылып отыр. Халқымыздың жүріп өткен тарихын ешқандай да бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы - өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалған рухани мұрасын жас ұрпақтың санасына жеткізу болып табылады. Теориялық білімін практика жүзінде ұштастыра білген әр оқушы ертеңгі күнгі білімі толысқан, жан-жақты дамыған, оза оқуға бағытталған, білімді өз бетінше білім алуға ұмтылысы бар, дарынды жеке тұлға болып шығатыны даусыз.

Білім, білік, дағды мен іс-әрекет жиынтығы – оқушының жеке ерекшеліктері ескерілген құзыреттіліктері мен қоғамға бейімдеу мүмкіндіктері. Жаңа инновациялық технологиялармен оқытатын жалпы білім беру мазмұнындағы әрбір оқушының жеке ерекшеліктері ескерілген білім беру нәтижелері оң көзқарастар мен білім сапасын арттырудың маңыздылығына ие болуда. Оқу әдістемелік әдебиеттерге жасалынған шолуларға сүйенетін болсақ, педагогикалық технологиялардың қайсысы болмасын оқушылардың өз бетінше, дербес ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарына баулиды. Жаңа

педагогикалық технологиялардың мақсаты- оқытудың тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Мұғалімнің алға қойған маңызды міндеттерінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу және оны өсіру. Инновациялық педагогикалық технология - тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал, педагогикалық жүйе – дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті мөлшерде байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы. Олай болса, бүгінгі күні мұғалімдерге осы педагогикалық технологияны дамыту, оны күнделікті тәжірибеде пайдалану шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Баширова Ж.Р. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру.- Алматы , 2003
2.Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты,- Астана 2006
3.Құдайбергенова С.К. Құзырлылықтың амалының негізгі ұғымдары,-Алматы, 2007ж
4.С.Бахишева. 12 жылдық білім беру және білім философиясы. Жаңа мектеп.№2 –2006 жыл.
5.Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өздік дамуында. Алматы.2006ж.
6. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. Алматы: «Ана тілі»,1995.
7. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы: «Білім», 2003
8. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. А,.98
9.Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Аударған Д.А.Қайшыбекова.-Алматы,2006
10. Қазақстан тарихы хрестоматия – А., 1994 ж.
11. М.Қойгелдиев, Т.Омаров «Тарих тағылымы не дейді?» - А., 1993

Мамбетжанова Д.Ж
«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін мектеп-гиназия» КММ
Ақтөбе қаласы

MODERN TEACHING METHODS

Modern methods of teaching have become useful sources for teachers nowadays. After years a lot of teachers have started to change their attention to various and creative teaching methods to use at the lesson. This article talks about modern methods of teaching Everyone is genius. But if you judje a fish on its ability to climb a tree, it will live its whole life believing is stupid" –Albert Einstein We know that there are a lot of differences between traditional and modern teaching. Teachers worldwide have started changing from traditional methods to more modern teaching methods and techniques. I want to share helpful types of modern teaching methods. Teaching foreign languages has always been distinguished by a variety of methodological approaches. The decisions made about the future of the education system affect the interests of all segments of society and have a significant impact on the destiny of the country. Today the professional language teacher has a good grounding in the various techniques and new approaches, and they know and understand the history and evolution of teaching methodologies. The modern teacher will in fact use a variety of methodologies and approaches, choosing techniques from each method that they consider effective and applying them according to the learning context and objectives. Therefore, each new proposal must undergo a thorough examination and be publicly discussed by the scientific and pedagogical community. Nowadays there is a great variety of methods of teaching foreign languages. This article presents an overview of some modern methods and techniques used in TFL.

T.Hutchinson and A. Waters suggested the method of English language teaching (ESP) with the use of texts by specialty proved quite effective and expedient, but largely it focused attention on the linguistic Aspect. The idea of natural language acquisition, proposed by S. Krashen, reinforces this technique, based on the thesis that the best way to learn a language is to use it in "meaningful" purposes.

Another technique that synthesizes these postulates was the CLIL (Content and Language Integrated Learning) methodology, proposed in 1996 by a group of European linguists (UNICOM, University of Jyvaskyla). The methodology of subject-language integrated education is widespread and successfully practiced in many European universities and is aimed at both teaching the language and maintaining the subject. CLIL is an educational approach in which certain scientific disciplines or separate sections are taught through a foreign language with a double

practical output, namely: by studying the content of a particular discipline in conjunction with the simultaneous improvement of a foreign language.

Modernization of education is a large-scale program of the state, within which a plan of competitive measures should be developed and implemented. Modernization is the updating and improvement of the existing education system. With any modernization of education, there are several problems. The first is to preserve the positive that exists in the existing system; the second - if something useful for society was lost in education for previous years, then it is necessary to restore it; the third, the main one, is to bring the education system in line with the demands of the society. And in the life of Kazakhstan society in recent years there have been big changes: a new social order is taking root, the economy is based on market relations, as a result of which new professions are emerging, and new demands are made for the old.

In recent decades, linguists and methodologists have shown great interest in the subject-linguistic approach in teaching foreign languages. In the light of the current trends in the expansion of intercultural dialogue and the globalization of the educational space, the study of the language is of particular relevance, oriented to its practical application: a student-foreigner needs not just the mastery of the language in everyday, everyday communication, but, above all, his use in the professional sphere of communication. An effective search for necessary scientific literature on the specialty, preparation of abstracts and reports on scientific topics, communication with colleagues, etc. All this is a strong motivating factor in learning a foreign language.

CLIL describes an evolving approach to teaching and learning where subjects are taught and studied through the medium of a non-native language. The experience of learning subjects through the medium of a non –native language is more challenging and intensive as there is more exposure to the language and learners acquire knowledge and skills in different areas of the curriculum. In CLIL, learning a curriculum subject in a second, third or sometimes fourth language involves drawing on effective pedagogical practice from a range of different educational contexts. Curriculum subjects apart from languages are taught through the target language. These include Art, Geography, history, Information and communication technology (ICT), Mathematics, Science, Social Science.

There are many advantages to the CLIL approach: it develops confident learners and enhances academic cognitive processes and communication skills. CLIL encourages intercultural understanding and community values. In addition, research shows that learners become more sensitive to vocabulary and ideas presented in their first language as well as in the target language, learners reach proficiency levels in all four skills of listening, speaking, reading and writing.

The main linguistic guideline in the CLIL methodology is a special text, based on the study and elaboration of which the above goals are achieved. The text as a source of information introduces the reader to a certain topic, and serves as the basis for a lexico-grammatical module that assures the assimilation of scientific terminology and certain grammatical and structural-stylistic constructions. The text is also a starting point for conducting discussions and expanding the language material on a given topic while at the same time contributing to the formation and activation of communicative skills in dialogical and monolog speech. Thus, the methodology of language-based integrated teaching of a foreign language encompasses the main types of speech activity, contributes to the increase of students' activity in the learning process, develops their language competence, induces polylingual interests and raises educational motivation.

Despite the fact that the CLIL methodology has been actively used in Western educational institutions for several years, it was relatively recently talked about in the post-Soviet space. As T. Lapteva correctly notes, "the use of the method of integrated teaching of foreign languages in a technical university is a means of motivating students to study and a tool for multilingual education. Effective work with special texts in a foreign language helps to formulate necessary linguistic and communicative competencies in students in a non-native language and promotes the development of their general scientific knowledge and skills "[3.3p]. It should be noted that this technique is effective not only in a technical university, but also in any other non-linguistic institution.

Principles of subject-language integrated learning. Based on the analysis of foreign and Russian studies, as well as our own pedagogical experience, we developed the following pedagogical principles of the CLIL method: 1. the principle of using a rich, from the cognitive point of view, authentic educational material. The basic requirements for educational materials are authenticity, information richness and a certain degree of cognitive load. Interactive authentic materials have not only a high motivating potential, but can also be used as a basis for creating an artificial language environment and assignments with a high degree of cognitive difficulty. The teacher actively uses a foreign language, acting as a "language model" for students. 2. The principle of active support and assistance of the teacher in the learning process. For successful achievement of the set goals, the student needs to receive

support from the teacher. With the development of his foreign language competence, the amount and intensity of assistance from the teacher gradually decreases. Using this principle will reduce cognitive and linguistic loads when studying unfamiliar content in a foreign language. The tasks that the teacher proposes should be supplemented with certain explanations that will allow students to successfully cope with the tasks set. Much attention is paid to productive types of speech activity, which is especially important for mastering a foreign language. 3. Principle of intensive and productive possession of a foreign language. Problem training offers a large number of methodical techniques and is aimed at the active use of authentic communication within the framework of a training session, since instruction in foreign languages is most successful in the presence of communicative goals and a meaningful communication situation.

One of the main characteristics of problem training is the use of the so-called "gaps" principle, according to which authentic communication will take place only if there are certain communicative gaps. Teachers can use this method to create authentic communicative situations, because, by performing similar tasks, students actively interact with each other. 4. Principle of multiculturalism. The CLIL methodology makes it possible to consider all sorts of topics from different cultural positions, taking into account the differences in the perception of many things among representatives of certain cultures. 5. The principle of development of higher-order thinking skills. The development of higher-order thinking skills is the key to success in the modern information society. In the Bloom taxonomy [4,8p], the list of cognitive processes and pedagogical goals are organized hierarchically from the simple to the complex, from Low Order Thinking Skills to the cognitive processes of the higher order (High Order Thinking Skills). According to the taxonomy of Bloom, the student cannot realize the concept, first not remembering it, and cannot apply knowledge if he does not understand what is at stake. According to this theory, the teacher should ask students questions that stimulate the development of low-level thought processes (LOT) (special questions beginning with what, when, where and which). It is also necessary to include issues that develop more complex analysis and assessment skills (HOT). This group can include issues beginning with the words why and how, which mean when formulating answers using more complex language structures. The interaction of content, thinking and language, the ability to adequately expound complex thought processes is not automatically formed, but requires systematic development and training, both in native and in the studied foreign language. 6. The principle of sustainable learning. Stable training is understood as follows: the teacher should make sure that during the learning process, the long-term memory of students has been activated and the knowledge that they received during the lesson will pass from the passive to the asset.

In the CLIL concept, sustainable training is of paramount importance, since the teacher contributes both to the study of professional content and directly to the foreign language. In the same way, the teacher needs to develop ways of testing and assessing the ability of students to adequately communicate on professional topics in the first (L1) and second language (L2).

Indeed, real education should not be forced or manipulated, freedom of education supposed to be free from physical and psychological pressure, and it is an important tool of reaching the success in all fields of society. Giving an opportunity to every single youth to find him in the field that was chosen at the doors of University is the most important target of higher education.

The theories and methods are constantly evolving in the ELT. The teachers of the ELT are aware of the best practices in teaching and learning English and how they can be made beneficial to the students. It is possible for every child to learn English in the most enjoyable manner if it is supplied with the right kind of materials and pedagogy produced by one’s own native wisdom. A beautiful combination of art and science, with a fine tune of as many tools as possible to the repertoire can help an ELT to excel in his/her field.

Literature:

1. Ed. B. Sultanov. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan - 2050 ": a new political course of the held state": materials of events dedicated to the discussion of the Address of the Head of State.-Almaty: KISI, 2013.-228p

2. Abdykarimov B.A. Some issues of modernization of vocational education in Kazakhstan // Vestn. KSU. Ser. Pedagogy. - 2005. - No. 3 (39). - P. 5-10

Ерекешова А.М
№45 «Алтын бала» бөбекжай-балбақшасының
тәрбиешісі, педагог-зерттеуші Ақтөбе қаласы

СӨЙЛЕУ – БАЛА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ

Аннотация:
1-3 жас аралығындағы бала тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені белгілі. Бала өмірге келгеннен дыбыстың арасында дамиды. Сол дыбыста...

«Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж.Аймауытұлы айтқандай, дыбыспен өмірге келген бала өмірінің барлық кезеңін әртүрлі дыбыстардың арасында өткізеді. Сол дыбыстар арқылы баланың ойы, тілі, өрісі, танымы дами бастайды. Ғалым А.В.Петровский бала өмірінің жеті кезеңін көрсеткен: 1) Туғаннан 1-2 айға дейін – жаңа туған бала; 2) 1-2 айдан 1 жасқа дейін – нәресте; 3) 1-ден 3-ке дейін – ерте сәбилік шақ; 4) 3-тен 7 жасқа дейін – мектепке дейінгі балалық шақ; 5) 7-ден 11-125 жасқа дейін – бастауыш мектеп шағы; 6) 12-ден 14-15 жас аралығы – жеткіншектік кезең; 7) 14,5-17 жас аралығы – балаң жасөспірімдік. Ғалым баланың 1-3 жас аралығын *ерте сәбилік кезең* деп атаса, Ж.Қоянбаев бұл кезеңді *сәбилік шақ* деген. М.Қ.Бапаева «Даму психологиясы» атты еңбегінде «балалық шақтың өзі төртке бөлінетіндігін айтқан: нәрестелік кезең (туғаннан 1 жасқа дейін), ерте балалық шақ кезеңі (1 жастан 3 жасқа дейін), мектепке дейінгі балалық шақ (3 жастан 6 жасқа дейін), бастауыш мектеп жасы (6 жастан 11-12 жасқа дейін)» [1,124]. Ғалымдар жіктемесіне сүйене отырып, осы ғылыми зерттеу жұмысында аталған кезеңдегі баланың сөйлеу тілінің дамуын, оның сөздік қорын, сөйлеу үдерісінде кездесетін қателіктер, дыбыстық ерекшеліктер жайында тұжырымдар мен тілдік деректер көрсетіледі.

Бала 1-3 жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналасындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды. «Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап қана ұқсайтын болады. Мұндай сөзді *дербес (автономиялық) сөз* деп атайды. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» [2,104] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметова. Расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты. Артикуляциялық мүшелері сөйлеу үдерісіне дайын болуына дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сол себепті бала бірден естіген сөзін қайталай алмайды. Мысалы: баланың сәбилік кезеңнің алғашқы кезінде *«тамақ»* сөзін *«намақ»* деп *«т»* дауыссыз дыбыстың орнына *«н»* дыбысын қойып немесе *«алма»* сөзін *«ама»* деп қысқартып айтуы қателік болып саналмайды. Дегенмен, баланың психологиялық және физиологиялық даму қарқынына да назар аудару керек. Себебі көбіне ата-әжесімен коммуникацияға түсетін балалардың тілі тез дамиды, ал балабақшадағы өзі сияқты тілі енді шығып келе жатқан балалардың арасында жүрген сәбилердің тілі баяу шыға бастайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды. «Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды» [3,48] дейді ғалым С.Н.Цейтлин.

Бала үлкеннің сөзін қайталап айта бастаған кезінде көбіне фонетикалық қателіктерді жасайды. Сәби *«сабын»* сөзін *«шабын»* деп немесе *«шар»* сөзін *«сар»* деуі мүмкін. Баланың тіліндегі ауысып отыратын дыбыстар өте көп кездесіп жатады: *«р»* мен *«л» (радио – ладио),* «*р»* мен *«и» (Айбатыр – Айбатыи),* «*ж»* мен «*д» (жоқ – доқ), «т»* мен «*н» (тамақ – намақ), «б»* мен *«п»(банан – панан), «в» мен «б» (автобус – абтобус)* және т.б. Бұл қателіктердің негізінде артикуляция мәселесі жатыр.

Бала 1-3 жас аралығында әрбір естіген сөзін түйсініп, сыртқа шығарады. Яғни, бала белгілі бір негіздемеге сүйене отырып, сөзін ой жүйесінен шығарады. А.Леонтьевтің пікірінше, бала сөйлегенде алдын ала оны ой жиегінен өткізеді, сол ой дыбыс не сөз болып үдеріске айналады [4,165]. Мысалы: 2 жасар Бекболат есімді бала допты *«теп-теп»* деп атайды. Баланың допты *«теп-теп»* деп атауына *«тебу»* сөзі түрткі болып тұр. Бір жағынан бала қандай бір грамматикалық заңдылыққа немесе лексикалық уәжге сүйеніп айтып тұрған жоқ, себебі оның жасы небәрі екіде. Бірақ бала допты тебетінін түсініп тұр. К.И.Чукотский «Ересектерде барлығы сатылымға дайын көйлектері бар дүкен сияқты. Ал балаларда енді өңделіп, тігіліп жатқан шеберхана секілді» деген. Әрбір бала көптеген жаңа сөздерді, қолданыста бар сөздердің жаңа формасын құрастырып жатады. Әрине, ондай мысалдар күнделікті тұрмыста өте көп кездеседі. Бұндай құрылымды сөздердің негізінде уәж жатыр. Ж.Аймауытовтың *«Психология»* атты еңбегінде осы мәселе жайында айтылған. «Жүре-жүре бала ішкі тілегін сыртқа шығару үшін дыбысқа еліктейді. *Сиырды «мө-ө», қойды –*

«ма», мысықты – «мияу», итті – «ау-ау» дейтін болады» дейді ғалым [5,171]. Бұл тұста уәж мәселесіне тоқталмау мүмкін емес. *Уәждеме* - тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың бір белгісінің көрінісі екені белгілі. Демек, бала естігенін дәл сол күйінде шығарады. Мысықтың мияулайтыны, сиырдың мөңірейтіні, қойдың маңырайтыны - бәріне белгілі әрекет. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады.

1-3 жас аралығында бала тілінде кездесетін көптеген жаңа атаулар бар: *доп – теп-теп (1,5 жас), шалбар – бұттық (3 жас), футбол – гол (2 жас), телефон – але (1,5 жас), теледидар – мутик (2 жас), мысық – нау (мияу) (1,5 жас), көкірек – тісте (3 жас), су – шай(1,5 жас), тамақ – ням-ням (1,5 жас), нан – ням-ням (1,5 жас).* Келтірілген тілдік деректерге қарап, баланың қалыптастырған жаңа атауларының негіздемесі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Әрбір ересек адам допты тебетінін, судың шай сияқты сұйықтық екендігін, мультфильмді теледидардан көретінін, мысықтың мияулайтынын, гол деген футбол ойының термині екендігін, телефонға келген қоңырауға алло деп жауап беретіндігін, шалбарды бұтқа (диалект сөз) киетіндігін біледі. Демек, бала уәжі бар, мағынасы мен қызметі сақталған, бірақ нормадан ауытқыған сөздерді қалыптастырады.

Сондай-ақ бала бір атаумен бірнеше нәрсені айтуы мүмкін. Мысалы, *шайды да, шырынды да, суды да «су»* деп атайды. Оның уәжі *ішу* екендігі белгілі.

Бала 1 жас пен 2 жас аралығында *«бірсөзді сөйлемді»* жиі қолданады. С.Н.Цейтлиннің пікірінше, «баланың алғашқы сөздері – оның алғашқы ойы болады. Бұл – *«голофраза»* деп аталады [3,209]. Бұл сөз белгілі бір ойды беретін, жағдайды түсіндіретін құрылым». Ғалымның пікірін тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Мысалы, бала *автобусты* көрсетіп *«абтобус»* дейді. Бұл сөздің негізінде *«әне, автобус»* немесе *«автобус келе жатыр (өтіп бара жатыр, тұр)»* сөйлемдері жатыр. Баланың сөздік қорынын аздығынан сөйлемді толық айта алмайды, бір сөзбен жеткізеді. Осылайша бала бір сөзбен бір сөйлемнің мағынасын түсіндіреді.

2 жас шамасындағы бала біртіндеп екісөзді сөйлем құрастыра бастайды. Ғалым С.Н.Цейтлин «*Язык и ребенок: Лингвистика детской речи»* атты ғылыми еңбегінде баланың сөйлеу үдерісінде қолданған сөйлемдерді *бірсөзді, екісөзді, үшсөзді сөйлемдер* деп қарастырған [3,210]. «Бұл сөйлемдер - көбінесе субьект пен оның әрекеті *(«мамам келе жатыр»),* әрекет және обьект әрекеті *(«мама, берші»)* немесе әрекет және әрекет *орны («кітап анда»)*» [2,105] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметовалар. Тіл білімінде бұндай сөйлемдерді *екісөзді сөйлем* деп атайды. Бұндай құрылымды сөйлемдерге қарап, бала тіліндегі алғашқы морфологиялық бірліктерді көруге болады. Кейіннен бала жасына сәйкес инсан мен предикат, нысан мен предикат арасындағы байланыс (септік, жіктік, тәуелдік жалғауларын) айқындала түседі.

Қорыта келе, 1-3 жас аралығындағы бала тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені тілдік фактілер арқылы дәлелденді. Жоғарыда айтылған тұжырымдардан бала тілі лингвистикасын зерттеудің өзектілігі көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Қ.Бапаева. Даму психологиясы. – Алматы, 2014.
2. Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова. Балалар психологиясы. – Алматы, 2012.
3. С.Н.Цейтлин. Язык и ребенок: Лингвистика детской речи. – Москва, 2000.
4. А.А. Леонтьев. Слово в речевой деятельности. –Москва, 2006.
5. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. - Алматы, 1998.

Курганбаева М.Б
МКҚК №7 «Арман» бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші:

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАПТАРЫНЫҢ БІРІ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ортасында цифрлық технологияларды қолданудың өзектілігі негізделіп, сандық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктері сипатталады.

Тірек сөздер: Сандық технологиялар, білім беру ортасы, мультимедиа, баланың интеллектуалды дамуы, цифрландыру.

Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан

кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны белгілі.

Қазіргі білім жүйесі әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістер мен өзара байланыстарға ие қарқынды дамыған көп деңгейлі, күрделі құрылымды болып келеді. Білім беру саласы бір орында тұрмай, үнемі өзгерістерге ұшырап отырады. Бүгінгі таңда осындай өзекті өзгерістердің бірі - білім берудің цифрлық трансформациясы. Цифрландыру бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд. Аталған айтулы үрдіске ілеспеген, бел шешіп кіріспеген жағдайда, мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болатыны сөзсіз. Цифрландыру бүгінгі таңда тек жоғары оқу орындары мен мектептерде ғана емес, мектепке дейінгі білім беруде де айтарлықтай орын алып отыр. Мектепке дейінгі білім беруде сандық технологияларды қолдану қазіргі заманның инновациялық өзекті мәселелердің бірі. Балабақшалар да қазіргі цифрлық қоғам тенденцияларынан тыс қалмауы керек.

Сандық технология – мектепке дейінгі мекемелерде математика негіздерін оқыту деген сөз емес, оның ғылыми негізделген міндеті балалардың таным мүмкіндіктерін кеңейту мен оларды қоршаған ортамен таныстыру болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемелерін цифрландыру екі негізгі мақсатты көздейді. Біріншісі – ақпараттық технологиялар арқылы білім беру сапасын жақсарту. Екіншісі – интеллектуалды, жан-жақты дамыған, креативті тұлға тәрбиелеу және мектеп жасына дейінгі баланы бүгінгі таңдағы сандық өмірге дайындау.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі – рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша – балаға жан-жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы. Тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақша тығыз байланыста болса ғана мағыналы болып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-анамен де, бірлесе жұмыстанылуымыз қажет. Педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде цифрлық технологияларды, инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі — білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.

Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды. Ал тәрбиеші өз қызметінің барлық саласында жаңа технологияларды жұмыста қолдана алады және қолдануы керек, педагогикалық жаңалықтардан әрқашан хабардар болуы керек. Цифрлық технологияларды пайдалану білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру педагогке және оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Педагогтің коммуникативті құзыреттілігі әртүрлі форматтағы: ауызша, жазбаша, пікірталас, көрнекілік, компьютерлік, электронды коммуникацияларды құра білуді білдіреді. Педагог компьютер мен заманауи мультимедиялық құрал-жабдықтарды пайдаланып қана қоймай, өзінің оқу ресурстарын жасап, педагогикалық іс-әрекетінде кеңінен пайдалана білуі керек.

Қазіргі таңда өз қызметімде іс-әрекеттерді түрлендіріп, балаларды қызықтыра отырып өткіземін. Жаңа технологияларды қолдану барысында балалардың қызығушылықтары арта түседі. Мен өз қызметімде компьютермен жұмыс істеудің тиімді түрі - Microsoft компаниясының «Power Point», «Paint», «Digital touch», «Active inspi» бағдарламаларын, яғни мультимедиялық презентацияларды қолданамын. Бұл маған педагогикалық процесті оңтайландыруға, танымдық дамудың әртүрлі деңгейлері бар балалардың оқуын дараландыруға және педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Атап айтсам, балалармен ұйымдастырылатын әртүрлі іс-әрекеттің түрлеріне: жаңа материалды түсіндіру, қайталау кезінде, көрнекі гимнастика, жаттығулар кешендерін үйретуде, виртуалды саяхат жасауда, квест ойындарында, интеграцияланған іс-әрекеттерін өткізуде, дамытушы сипаттағы тапсырмалар орындауда, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізгенде әртүрлі анимация әсерін қолданып, балалардың назарын аудартып, қызығушылықтарын арттырып, жаңа материалды жақсы игеруге ықпал етеді. Мысалы: математика негіздері ҰІӘ-де балалардың арифметикалық есептерді құрастыру және шешу қабілетін сәтті қалыптастыру үшін «Қояндарға үйлерін табуға көмектес», «Егін жинайық», «Геометриялық фигуралар

қаласына саяхат», «Көршісін тап», «Математика елінде» т.б. ойындарында балалар әртүрлі кейіпкерлерге көмектесе отырып, бірқатар математикалық тапсырмалар орындайды. Ойын барысында балалардың қызығушылықтары артып, зейіндері жинақталып, жағымды эмоциялар туғызғаны байқалды. PowerPoint бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мен логикалық ойлауды, арифметикалық есептерді құрастыру және шешу қабілетін зейінді дамытуға арналған дидактикалық ойындар сериясын әзірледім: «Жоғалған санды тап», «Алмаларды шыққан мән бойынша жинау», «Логикалық тапсырмалар». Дидактикалық ойындар сериясы IT технологиялардың көмегімен балабақшадағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар эмоционалды, жарқын, қызықты өтеді. Мұндай жұмыстарда балалардың қоршаған орта туралы түсініктері кеңейеді, балалар заттардың әртүрлі физикалық және химиялық қасиеттерімен танысады. Балаларға табиғатта байқауға болмайтын құбылыстарды түсіндіргеннен, өз көздерімен қарау әлдеқайда қызықты, мысалы табиғаттағы су айналымы, өсімдіктердің даму циклдары, т.б. Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында интерактивті ойындар қолданамын. Мысалы, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру үшін «Кім қайда тұрады?», «Кімге жұмыс істеу керек?», «Не артық?», «Керісінше» ойындарын ұсынамын. Балалар тінтуірдің көмегімен суреттегі қосымша затты көрсетіп, таңдауларын түсіндіреді, ары қарай компьютер экранына белгілердің бірін көрсететін бір тақырыптық сурет шығады, мысалы, қара мысық, ал балалар өз сөздерін қарама-қарсы белгілермен атауы керек, мысалы - ақ сүт. Осылайша, балалардың сөздік қоры да белсендіріледі. Осындай ойындардың арқасында, әдетте, ҰІӘ жоғары белсенділікпен ерекшеленбейтін балалар өз пікірлерін белсенді түрде айта бастайды.

Ата-аналарға кеңес беру, жиналыстар жүргізгенде балаларының өмірі мен шығармашылығын анықтайтын әртүрлі фотографиялық, видео презентацияларды белсенді пайдаланамын. Бұл әдіс ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, себебі олар баланың балабақшадағы уақытын қалай өткізіп жатқанын, режимдік сәттерін тікелей көреді, пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісіп көмектеседі.

Қорыта келгенде**,** білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті ел жастарын дайындау. Ал болашақ ел жастары – ол қазіргі балабақшаның бүлдіршіндері.

Цифрлық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Цифрлық технологияларды қолдана білу педагогикада жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттарда өзін жайлы сезінуіне, балабақшаға ашық білім беру жүйесі ретінде қызмет ету мен даму режиміне көшуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС. Астана, 2016 ж.
2. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
Уваров А.Ю. Образование в мире цифровых технологий: на пути к цифровой трансформации – М. Изд. дом ГУ-ВШЭ, 2018. – 168 с.

Есенбаева.С.М
Педагогика-психология пәнінің оқытушысы

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДА ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аннотация

В данной статье рассматривается педагогические идеи А.Кунанбаева

Abstract

This article A.Kunanbayev`s pedagogical ideas are considered as a topical issue.

Кілт сөздер: талапсыздық, даму, қайрат, табандылық

Тәрбие ісі өз бастауларын адамзат өркениетінің бірінші қадамдарымен байланыстырады. Барша дәуірлерде ұлы ағартушылар педагогтар балалардың табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асырып, жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып келеді. Жылдар бойы қажетті тәлімдер жиналып педагогикалық жүйе негізделді, тексерілді, қажет болмаған тұстары қолданымнан шығарылды.

Ұлы Абай да жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. «Ата-анаға көз қуаныш», «Заман ақыр жастары», «Сегіз аяқ» деген өлеңдерінде жастарды әдепті,тау болуға сөз қадірін білуге, сабырлы, еңбекшіл, есте сақтау, көргеннен өнеге алу, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болуға шақырады. Мал құралу үшін қол өнерді үйрену керек дейді.

Оның қара сөздері қазақтың ұлттық педагогикасына асыл арна болып қосылған педагогикалық тәлім тәрбиелік тұжырымдар ұлы Абайдың 15, 17, 23, 29, 32-қара сөздері тәрбиеге арналған.

